

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИМ
Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЖАЛПЫ ЗАҢ ПӘНДЕРІ КАФЕДРАСЫ

Д.Қ РАЙБАЕВ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ
ҚҰҚЫҒЫ» (Жалпы бөлімі) пәні бойынша**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

ҚАРАҒАНДЫ – 2020

ӘОЖ 347.123

ББК 6734173

Р93

Рецензенттер:

Абыласимов М. Н., Е.А. Бөкетов ат. Қару конституциялық және халықаралық қатынастар кафедрасының доценті

құқық, философия докторы (PhD)

Кумисбеков Б.Б. Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды Академиясының

Жалпы заң пәндері кафедрасының доценті.Б. Бейсенова, философия докторы (PhD).

Р93 Райбаев Д. К..

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» (Жалпы бөлімі): оқу құралы – Қарағанды: ҚР ІІМ Қарағанды академиясы Б. Бейсенова, 2020.-121 б.

Жұмыста "Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығының" негізгі институттары дәріптеледі.

Оқу құралы ҚР ІІМ жоғары оқу орындарының заң факультеттерінің студенттеріне арналған.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен басылып шығарылады.

© ҚР ІІМ Қарағанды академиясы. Б. Бейсенова, 2020

© Райбаев Д. К., 2020

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ МЕН ЖҮЙЕСІ. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

1.1. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҰҒЫМЫ, ПӘНІ, ӘДІСТЕРІ

Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы – құқықтың бір саласы болып табылады. Сондықтан кез келген құқық саласы секілді оның да қолданылатын өзіндік аясы бар.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-ҚР АК) 1-бабында «тауарлы-ақша және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де сондай-ақ мүллікке қатысты жеке мүліктік емес қатынастар да азаматтық заңмен реттеледі» делінген. Әдетте, мүлік ұғымына зат, жұмыс, қызмет және т.б. қатынастардан туындайтын қоғамдық қатынастар жатады. Алайда, мүліктік қатынастардың бәрі бірдей азаматтық құқық реттейтін нысанда бола алмайды, оған тауар-ақша деуге болатын, қатысушылардың теңдігіне негізделгендері ғана жатады.

Азаматтық құқықтың басты құрамдас бөлігі-жеке мүліктік емес қатынастар болып табылады. Аталған қатынастар мүліктік емес (рухани) игіліктерден, ар-намыс, қадір-қасиет, іскерлік бедел, азаматтың есімі, заңды тұлғаның аты, авторлық шығарма, өнертабыс, өнеркәсіптік үлгі секілділерден туындайды¹.

Азаматтық құқықтың пәні болып азаматтық құқық нормаларымен реттелетін белгілі бір қоғамдық қатынастар табылады. Бұл мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар.

Мүліктік қатынастар мынадай белгілермен ерекшеленеді:

1. объектілері бойынша – бұл қатынас құны бар, яғни тауар болып табылатын және ақшамен есептелетін материалдық игіліктерден туындайды;
2. субъектілері бойынша – олар жеке игіліктерді иеленіп өз беттерінше басқара алады;
3. мазмұны бойынша – олар эквивалентті–қайтарымды болып келеді, яғни екі тарап та материалдық пайда табады.

Азаматтық құқық реттейтін мүліктік қатынастардың аумағы кең болып келеді–бұл азаматтардың арасындағы қатынастарды (заттарды сатып алу, мүлікті пайдалануға беру, сақтау және т.б.) және ұйымдардың, яғни заңды тұлғалардың, адамдардың арасындағы қатынастарды (тұрғын үйді жалдау шарты, сатып алу-сату шарты және т.б.) қамтитын азаматтық айналым.

Жеке мүліктік емес қатынастар екі түрге бөлінеді:

1. мүлікке қатысты;
2. мүлікке қатысты емес.

Жеке мүліктік емес қатынастардың біз айтып өткен екі әрқелкі түрінің біріншісі ғана, яғни мүлікке қатысты мүліктік емес қатынастар ғана міндетті түрде азаматтық заңмен реттеледі. Ал екінші түріне келетін болсақ мүлікке

¹ О.Ихсапов. Азаматтық құқық туралы нені білген жөн. // Қазақстан Заңдары №4 1998 ж. 27-б.

қатысты емес жеке мүліктік емес қатынастар олар азаматтық заңмен реттелмейді, себебі заң актілерінде басқа еш нәрсе көрсетілмеген, ал ол жеке мүліктік емес қатынастар мәнінен туындамайды.

Азаматтық құқықтар мен міндеттер заңда көзделген негіздерден, сонымен қатар, заңмен көзделмесе де заңға қайшы келмейтін азаматтармен ұйымдардың, әрекеттерінен туындайды. ҚР АҚ-азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу негіздері деп аталады. ҚР АҚ-нің 7-бабына сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер мынандай жағдайларда пайда болады:

1. Заңдарда көзделген шарттар мен өзге де мәмілелерден, сондай-ақ заңдарда көзделмегендігімен, оларға қайшы келмейтін мәмілелерден;
2. Заңдарға сәйкес азаматтық құқықтық жағдайларды туғызатын әкімшілік құжаттардан;
3. Азаматтық құқықтар мен міндеттер белгіленген сот шешімімен;
4. Заң құжаттарында тыйым салынбаған негіздер бойынша мүлікті жасау немесе иемдену нәтижесінде;
5. Өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер, ғылым, әдебиет пен өнер шығармалары және интеллектуалдық қызметтің өзге де нәтижелерін жасау нәтижесінде;
6. Басқа жаққа зиян келтіру салдарынан, сол сияқты басқа жақ есебінен мүлікті негізсіз сатып алу немесе жинау (негізсіз баю) салдарынан;
7. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өзге де әрекеттері салдарынан;
8. Заңдарда азаматтық құқықтық жағдайлар басталуын байланыстыратын оқиғалар салдарынан.

1.2. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Азаматтар және заңды тұлғалар өздерінің күнделікті өмірінде рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі қоғамдық қатынастарға қатысады. Олардың әрекеттері мүлікті иеленуде, оның басқа біреуге беруде, қызмет көрсетуде, жұмыс атқаруда өз көріністерін табуы мүмкін. Азаматтық құқық нормаларымен реттеудің нәтижесінде мұндай қатынастар құқықтық қатынастар нысанына ие болады. Айтылғанның негізінде азаматтық-құқықтық қатынасқа келесі бастапқы (біржақты) анықтама беруге болады.

Азаматтық-құқықтық қатынас дегеніміз-азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынас. Дегенмен азаматтық-құқықтық қатынастың мәнісін түсіну үшін бұл анықтама жеткіліксіз.

Азаматтық құқық тауар-ақша және қатысушылар теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастарды, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастарды реттейді. Бірақ аталмыш қатынастар құқықтың басқа салаларымен де реттеледі. Ендеше азаматтық құқықтық қатынасты өзге де құқықтық қатынастардан ажырата білу үшін оның басты ерекшеліктерін атап өткен жөн. Оларды азаматтық заңнамадан да, дәлірек айтсақ, Қазақстан Республикасының АҚ-нің нормаларынан табуға болады. Қазақстан

Республикасының АҚ-нің 1-бабында қаралып отырған қатынастың «тараптар (қатысушылар) теңдігі» деген қасиеті аңғарылады. Қазақстан Республикасының АҚ-нің 2-бабы да қатысушылар теңдігін ерекше атап өтеді.

«... *Тараптар теңдігі* – азаматтық құқық пәнін құрайтын мүліктік қатынастардың маңызды қасиеті. Әрине, тараптар теңдігі азаматтардың саяси құқықтарын жүзеге асырумен байланысты қатынастарда, отбасылық, процессуалдық қатынастарда, қоғамдық ұйымдар ішіндегі мүшелікке негізделген қатынастарда және т.б. көрініс табады. Тауар өндірісі эквиваленттікті, құндылықтар теңдігін (әрине, мемлекетпен белгіленген әрі онымен реттелетін бағалар түрінде) және осы мағынада тауар өндірісіне негізделген мүліктік қатынастар қатысушыларының теңдігін білдіреді»².

Азаматтық-құқықтық қатынастың әкімшілік-құқықтық қатынастан басты айырмашылығы да осында. Егер, әкімшілік-құқықтық қатынас бір тараптың екінші тарап билігіне бағынуына сүйенсе, азаматтық-құқықтық қатынас тараптардың құқықтық теңдігіне сүйенеді.

Азаматтық-құқықтық қатынас әрқашанда ерікті сипатта болады. Оны ҚР АҚ 2-бабының 2-тармағындағы «азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге асырады» деген сөйлемнен көруге болады. Азаматтық заңнамамен қатысушыларының еркінен тыс пайда болатын қатынастар да реттеледі. Мысал ретінде зиянды өтеу немесе негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелерді келтіруге болады. Бірақ, бұл жағдайларда пайда болу кезі туралы сөз қозғалады, ал пайда болған міндеттер мен құқықтар саналы түрде, келтірілген зиянды өтеуге немесе құқықтық негізсіз иеленген мүлікті қайтаруға бағытталған ерікті әрекеттер арқылы жүзеге асырылады³. Бұл азаматтық-құқықтық қатынаста тараптар тең құқылы жағдайда болады да, тек заңға бағынады⁴.

Ресейлік автор В.С. Емнің пайымдауы бойынша, кез келген құқықтық қатынасты толық сипаттау үшін, оның:

- а) пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздерін белгілеу керек;
- ә) субъектілік құрамын анықтау керек;
- б) мазмұны мен бұл мазмұнының құрылымын айқындау керек;
- в) объектісі не болатындығын көрсету керек⁵.

Азаматтық-құқықтық қатынастың пайда болу, өзгертілу, тоқтатылу негіздері *заңдық фактілер* деп аталады.

Азаматтық-құқықтық қатынастың субъектілеріне келетін болсақ, оларға арнайы дәріс арналған, сондықтан олар жайлы өз кезегі келгенде айтылады.

² Брагусь С.Н. Предмет и система советского гражданского права. М., 1963. – 56 б.

³ Гражданское право. Учебник для вузов. Ч.1 / под общ. ред. Т.И.Илларионовой, Б.М.Гонгало, В.А.Плетнева. – М., 2001. 36-37 б.б.

⁴ Гражданское право. Т.1. Учебник. Изд. 4-ое, перераб и дополн. / Под ред. А.П.Сергеева, Ю.К.Толстого. – М., 1999. 82 б.

⁵ Гражданское право: в 2 т. Т.1. Учеб./ Отв. ред. Е.А.Суханов. – 2-е изд. перераб.и допол. – М., 1998. 90 б.

Азаматтық-құқықтық қатынастың мазмұны қатысушылардың субъективтік құқықтары мен субъективтік міндеттерінен тұрады. Дегенмен, заң әдебиетінде басқа да ойлар баршылық. Мысалы, проф. М.М.Агарков өзінің «Обязательства по гражданскому праву» атты жұмысында «шатысуды болдырмау мақсатында» және «терминологияны рационализациялау» үшін құқық объектісі ретінде міндетті түрде тұлға әрекетінің неге бағытталғандығын, ал құқықтық қатынастың мазмұны ретінде мұндай әрекеттің өзін тануды ұсынады⁶. Осыған ұқсас ойды Н.Д.Егоров айтқан: «Кез келген қоғамдық қатынас секілді, азаматтық-құқықтық қатынас адамдар арасындағы өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болады. Құқықтық қатынаста оның қатысушыларының өзара әрекеттесуі, оларға тиесілі субъективтік құқықтары мен оларға жүктелген міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады.

... Азаматтық құқық нысанына енген қоғамдық қатынастар оларды құқықтық реттеу нәтижесінде жоғалмайды, оларды тек оның көмегімен аталмыш қатынастардың мазмұнын тәртіпке келтіруге ат салысатын құқықтық нысанға ие болады. Сондықтан, азаматтық-құқықтық қатынастардың мазмұнын қатысушылардың субъективтік құқықтары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылатын олардың өзара әрекеттесуі құрайды»⁷.

Айтылған ойлармен заң әдебиеттерінде келіспеушіліктер де кездеседі⁸.

Цивилист-ғалымдардың басым көпшілігі азаматтық-құқықтық қатынастың мазмұнын оның қатысушыларының субъективтік құқықтары мен міндеттері құрайды деген позицияны басшылыққа алады.

Субъективтік құқық – бұл құқыққа ие тұлғаның мүмкін жүріс-тұрысының заңмен қамтамасыз етілген шегі. Мұндай құқықты жүзеге асырудың басты мақсаты – адамның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыру. Құқықты жүзеге асыру екі жолмен жүргізілуі мүмкін: *құқыққа ие тұлғаның өз бетімен заңға қайшы келмейтін әрекет ету арқылы* немесе *міндетті адамнан белгілі бір әрекеттердің орындалуын талап ету арқылы*. Айтылғанның негізінде субъективтік құқықты құқыққа ие тұлғаның өз мүдделерін қанағаттандыру мақсатында оның өз бетімен белгілі бір әрекеттерді жасау және міндетті адамнан белгілі бір жүріс-тұрысын талап етуі мүмкіндігінен тұратын құқыққа ие тұлғаның мүмкін жүріс-тұрысын заңмен қамтамасыз етілген шегі ретінде анықтауға болады.

Адамның субъективтік құқығына екінші бір адамның міндеті сәйкес келеді. *Субъективтік міндет* – міндетті тұлғаның міндетті жүріс-тұрысының заңмен қамтамасыз етілген шегі. Азаматтық құқықтық қатынастардағы міндеттерді *белсенді сипаттағы* және *пассивті* міндеттер деп бөлуге болады. Егер құқыққа ие тұлға өз мүдделерін қанағаттандыру үшін өз құқығының шегіндегі әрекеттерді жасайтын болса, міндетті тұлға құқықтың жүзеге асырылуына бөгет жасамауға міндетті. Мұнда пассивті сипаттағы міндет

⁶ Агарков М.М. Обязательства по советскому гражданскому праву. Ученые труды ВИЮН НКЮ СССР. Вып. III. 1940. 22, 23 б.

⁷ Гражданское право. Т.1. Учеб. изд. 4-е, перераб. и дополн. / Под ред. А.П.Сергеева, Ю.К.Толстого. – М., 1999. 83 б.

⁸ О.С.Иоффе. Правоотношение по советскому гражданскому праву. Л., 1949. 59-64 б.

туралы айтылған. Егер құқыққа ие тұлға өзі әрекет етпей, міндетті тұлғадан тиісті әрекет жасауды талап ету арқылы қажеттіліктерін қанағаттандырса, онда міндетті тұлғаның міндеті белсенді сипатта болады.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, азаматтық-құқықтық қатынасқа келесі анықтама береміз. Азаматтық-құқықтық қатынасты қатысушылардың теңдігіне негізделген, азаматтық заңнамамен реттелген, ерікті сипаттағы қоғамдық қатынас ретінде анықтауға болады.

1.3. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ НЕГІЗДЕРІ.

Азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері мен алғышарттары ретінде әртүрлі сипаттағы, бірақ өзара байланысты құбылыстар кешені түсініледі. Ендеше азаматтық-құқықтық қатынастарды қозғалысқа келтіру үшін қажетті негіздер мен алғышарттарды заңды аспектіде төмендегідей бөлуге болады:

1. нормативтік алғышарттар;
2. құқық субъектілік алғышарттар;
3. азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгертілу және тоқтатылуының іс жүзіндегі негізі.

Нормативтік алғышарттарға қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары жатады. Құқық субъектілік алғышарттар азаматтық-құқықтық қатынастардың қатысушылары – субъектілерінің құқық және әрекет қабілеттілігінен құралады⁹.

Азаматтық-құқықтық қатынастар қозғалысының іс жүзіндегі негізіне келсек ол заңды фактілерден тұрады, олар өмірдің нақты мән-жайлары ретінде түсініледі, мұндай мән-жайлардың бар болуымен не жоқ болуымен азаматтық құқық нормалары заңды салдарды, яғни құқық субъектілерінде азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу, өзгертілу не тоқтатылуын байланыстырады.

Қазақстандық авторлар Ю.Г.Басин мен К.В. Мұқашева азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін қажетті құқық нормасымен мұндай қатынастарға қатысушыларды құқық қабілеттілігінің бар болуын аталмыш қатынастардың абстракттілі, ал өмірдің белгілі бір мән-жайларын, яғни заңды фактілерді нақты алғышарттары деп атайды¹⁰.

Құқық нормалары заңды фактілердің қатысуынсыз ешқандай құқықтық салдарды өз бетімен туғыза алмайды. Олар (құқық нормалары) көпшілікке, белгісіз адамдар тобына бағыталған, сондықтан кім азаматтық-құқықтық қатынастың қатысушысы болатыны әлі бегісіз.

Заңды фактілер, жоғарыда айтқанымыздай, нақты сипатта, яғни нақты субъектілердің әрекеттерінен құралады. Құқықтық қатынас негізінде оқиға жатқан күннің өзінде, ол нақты субъектілерге әсер етеді.

⁹ Красавчиков О.А. Юридические факты в советском гражданском праве. М., 1958, 5 б.

¹⁰ Гражданское право. Т.1. учеб. для вузов (акад. курс). отв. ред. М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. – А., 2000. 84 б.

Құқық нормасы азаматтық-құқықтық қатынастың пайда болу, өзгертілу және тоқтатылуының заңды мүмкіндігін туғызады, ол мұндай қатынастың негізі, яғни заңды факт ретінде өмірдің қандай мән-жайлары бола алатындығын анықтайды.

Заңды фактілердің түрлері. Азаматтық-құқықтық қатынастың негізінде бір ғана заңды факт жатуы мүмкін. Мысалы, мүлік жалдау міндеттемесін белгілеу үшін жалға беруші мен жалға алушы арасында шарттың жасалуы жеткілікті. Кейбір кездерде азаматтық-құқықтық салдар бір емес, бірнеше заңды фактілер негізінде де пайда болуы мүмкін. Бірінші жағдайда біз жай заңды факт туралы, ал екінші жағдайда жай заңды фактілердің жиынтығы, яғни күрделі заңды құрам немесе күрделі заңды факт туралы айтамыз. Мысалы, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж адамға тұрғын үй-жай беріліп, жергілікті атқарушы орган мен үй алған адамның арасында тұрғын үй қатынасы пайда болу үшін кем дегенде екі заңды факт – органның тиісті шешімі және тұрғын үйді жалдау туралы шарт қажет.

Оларда адам еркі факторының бар болуына қарай заңды фактілер екі негізгі топқа: *заңды оқиғалар және заңды әрекеттер* деп бөлінеді.

Соңғылары адам ерік білдірушінің құқық нормасымен сәйкестігіне қарай *құқыққа сай және құқыққа қайшы* деп бөлінеді.

Құқыққа сай әрекеттер адам еркінің құқықтық салдар туғызуына бағытталу әсеріне қарай: *заңдылық актілер және заңдылық қылықтар* деп өзара ажыратылады. Заңдылық актілер құқықтық қатынастардың субъектілері бойынша мыналарға бөлінеді:

- а) әкімшілік актілер;
- ә) азаматтық-құқықтық актілер;
- б) сот шешімдері.

Әкімшілік актілер мен сот шешімдеріне тән ортақ қасиеті – азаматтық-құқықтық қатынастарды өз еркімен туғызған адамдар (лауазым иелері, судья) бұл қатынастарға қатыспайды¹¹.

О.А.Красавчиков азаматтық-құқықтық актіні әрекетке қабілетті адаммен жасалған және азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгертілуіне немесе тоқтатылуына бағытталған құқыққа сай келетін заңды әрекет ретінде түсінеді¹². Ендеше оның басқа атауы – мәміле. Мәміле проблемаларына терең үңілмей-ақ қояйық, себебі олар арнайы (жеке) дәрісте қаралады. Әзірше айтатынымыз мәміленің ең басты белгісі – оның негізінде жатқан адам еркінің және ерік білдіруінің нәтижесінде құқықтық салдарды туғызуға тікелей бағытталғандығы.

Мәмілелермен қатар, тікелей құқық және міндет тусын деген ниетпен істелмеген, бірақ құқық қатынастарының пайда болуына немесе оның қысқаруына негіз болып табылатын сан түрлі әрекеттер болады. Заң әдебиетінде мұндай әрекеттер *заңдылық қылықтар* деген атқа ие болған. Мысал ретінде шығарма жазуды, затты тауып алуды, некелесуді келтіруге болады. Жоғары-

¹¹ Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общ. ч.) Комментарий. Кн.1. /Отв. ред. М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. – А., 1997. 42б.

¹² Красавчиков О.А.юридические факты в советском гражданском праве. М., 1958. 116 б.

да айтылғандай, құқықтық салдар туғызатын әрекеттер құқыққа қайшы болуы мүмкін. Олар өз көрінісін басқа жаққа зиян келтіру не болмаса басқа жақ есебінен мүлікті негізсіз сатып алу немесе жинаудан (негізсіз баюдан) табады (Қазақстан Республикасының АҚ-нің 7-б. 6 тармақшасы).

Қазақстан Республикасы АҚ өзінің 7-бабында заңды фактілерге оқиғаларды да жатқызған. Әрекеттермен салыстырғанда оқиғалар адам еркінен тыс пайда болады. Бұл орайда адамның өлімі сияқты қарапайым мысалды алайық. Адам өлімі: а) адам ағзасындағы заңдылық өзгерістерінің (кәдімгі өлім); ә) басқа адамдардың өлтіруінің не өз өзіне қол жұмсауының нәтижесінде туындауы мүмкін. Бірінші жағдайда адам өлімі адам әрекетінен тыс пайда болады, екінші жағдайда себепші болған басқа адамның әрекеттері не өзіне қол жұмсаған адамның әрекеттері. Айтылғанның негізінде оқиғаларды абсолюттік және салыстырмалы деп бөлуге болады.

Пайда болуы және әрі қарай дамуы адам әрекетіне қатыссыз болатын оқиғалар – абсолюттік, ал пайда болуы адам еркімен байланысты, бірақ әрі қарай адам әрекетіне қатыссыз дамиды оқиғалар салыстырмалы оқиғалар ретінде түсініледі¹³.

Құқықтық қатынастың дамуына қарай әсер ететіндігіне байланысты заңды фактілер *құқық туғызушы, құқық өзгертуші және құқық тоқтатушы фактілер* деп ажыратылады.

Құқықтық салдардың пайда болуына мерзімдер, азаматтық хал актілері, міндетті тіркеу де өз септігін тигізеді. Бұл заңды фактілер азаматтық құқықтың басқа тақырыптарын оқу барысында қаралады.

1.4. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Азаматтық-құқықтық қатынастарды әртүрлі критерийлерді негізге ала отырып, түрлерге топтастыруға болады. Азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қатынастардың объектісіне қарай азаматтық-құқықтық қатынастардың келесі түрлерін ажыратуға болады:

1. мүліктік;
2. мүліктікпен байланысты жеке мүліктік емес;
3. мүліктікпен байланыссыз жеке мүліктік емес.

Азаматтық құқықпен реттелетін қатынастардың басым бөлігі мүліктік сипатта болады. Мүліктік азаматтық-құқықтық қатынастардың объектілерін материалдық игіліктер мен құқықтар (мүлік) құрайды. Ортақ «мүлік» терминімен қамтылатын мұндай игіліктер мен құқықтардың негізгі тізімі (жиынтығы) Қазақстан Республикасының АҚ-нің 115-б. 2-т. берілген. Мүліктік азаматтық-құқықтық қатынастарға меншік қатынастары, мүліктің бір адамнан екінші адамға өтуін қамтамасыз ететін қатынастар (сатып алу-сату, заем, айырбас және т.с.с.) және т.б. жатады. Жалпы қағида бойынша, мүліктік қатынастардың объектілері ақшалай бағалауға келеді.

¹³ Грибанов В.П. Осуществление и защита гражданских прав. М., 2000. 45 б.

Мүліктік қатынастар мен өтелмелі қатынастар арасында теңдік белгісін қоюға болмайды. Бұл орайда өтелмелі емес, яғни ақысыз (тегін) сипатта болатын сыйға тарту шартына қатысты айтылған ойларды келтіріп өтелік. Бір қарағанда қарсы қанағаттандырудың болмауы, яғни міндеттеменің ақысыздығы, азаматтық-құқықтық мәніне қайшы келеді. Оның пәніне кіретін мүліктік қатынастар әдетте мүліктік – ақылы, тауар-ақша қатынастары ретінде түсініледі. Макроэкономикалық құндылық заңы толық көлемінде өзін тек өтелмелі міндеттемелік қатынастарда аңғартады, өйткені тауарлардың ерекше айырбасы дәл осы жерде жүреді.

Дегенмен өтелмелі емес қатынастар да құндылық заңының соншалықты айқын болмаса да әйтеуір әсерінде болуы мүмкін. Мысалы, меншік құқық қатынастары ақша айырбасымен тікелей байланысты емес. Бірақ, қандай да бір заттардың адамдарға тиістілігі туралы мәселені шешу бұл адамдардың азаматтық айналымға қатысуы үшін қажетті негіз болып табылады, ал оларға тиесілі заттық құқықтардың көлемі мен сипаты көп жағдайда келешек міндеттемелік қатынастардың мазмұнын алдын ала айқындайды. Ең бастысы, зат бір адамнан тегін өткен күннің өзінде өзіндік тауар сипатының айырылмайды. Ендеше азаматтық-құқықтық мүліктік қатынастар өтелмелі емес (ақысыз) сипатта болса да, олар азаматтық құқық нормаларымен реттеледі. Бірақ мұндай қатынастар қатысушылардың теңдігіне, еркіне негізделуге тиіс екендігін ұмытпаған жөн»¹⁴.

Мүліктік емес жеке қатынастарға келсек, олардың объектісі мүліктік емес жеке құқықтар мен игіліктер болып табылады. Мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес жеке қатынастардың объектісін интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері құрайды. Мысалы, тұлғаның авторлық құқығы сыйақыны алу құқығын туғызады. Мұндай мүліктік құқықтар (сыйақы алу құқығы) екінші кезекте тұрады, олар пайда болмауы да мүмкін, немесе пайда болады, бірақ жүзеге асырылмайды (автордың сыйақы алудан бас тартуы). Сонымен бірге, заңға сәйкес автордың шығарманы қайта жаңғырту, көпшілік алдында көрсету, эфирге беру сияқты құқықтары мүліктік құқықтарға жатады¹⁵. Басқаша айтсақ, кез келген автор мүліктік емес жеке авторлық құқыққа ие бола отырып, өзі үшін мүліктік құқықтарды туғызады.

Азаматтық заңнама мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастарды реттейді. Мұндай қатынастардың объектісі ретінде адаммен тығыз байланысты материалдық емес құқықтар мен игіліктер болады, олар: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абыройы, игі атақ, жеке өмірге қол сұқпайшылық және т.б. Олардың барлығына келесі қасиеттер тән:

1. бұл құқық өзіндік, яғни тиесілі тұлғадан ажырамайды;
2. мүліктік емес сипаты бар, яғни материалдық (мүліктік) мазмұны болмайды;

¹⁴ Гражданское право, т.2. Учеб. изд. 3-е, перераб. и доп. / Под ред. А.П.Сергеева, Ю.К.Толстого. – М., 2001. 112 б.

¹⁵ ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының 16 бабы, ҚР АҚ-нің 978-бабы.

3. абсолютті құқықтың санатына жатады, яғни бұл құқықтарды ешкім де бұза алмайды;

4. бұл құқықтар ешкімге тапсырылмайды және берілмейді¹⁶.

Мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі, өйткені олар заң құжаттарында өзгеше көзделмеген, не мүліктік емес жеке қатынастар мәнінен туындамайды (Қазақстан Республикасының АҚ-нің 1-б. 2-т.). Мұнда азаматтық заңнаманың мағынасы аталмыш қатынастардың мазмұнын анықтауда емес (оларға қол сұғуды болдырмауды белгілеу жеткілікті), оларды қорғауды азаматтық құқыққа тән әдістерін дайындауда¹⁷.

Бір-бірінен *абсолюттік және салыстырмалы* қатынастарды да ажыратады. *Абсолюттік құқықтық* қатынастарда құқыққа ие тұлғаға міндетті тұлға ретінде үшінші жақтардың белгісіз тобы қарсы тұрады, мұндай құқықтық қатынаста міндетті болатындар – барлық адам және әрқайсысы жеке алғанда. Абсолюттік қатынастарға, мысалы, меншік құқықтық қатынасы жатады, мұнда меншік иесінің өз затын иелену, пайдалану, оған билік ету құқықтарын жүзеге асыруға бөгет жасаудан кез келген үшінші жақ тартынуға міндетті. *Салыстырмалы қатынастарда* нақты адам міндетті болады. Салыстырмалы қатынас құқыққа ие тұлға жағында да, міндетті тұлға жағында да нақты адамдардың арасында байланыс туғызады. Мысалы, заемшы қарызды заем берушіге қайтаруы тиіс, зиян келтіруші жәбірленушіге зиянның орнын толтыруға міндетті. Абсолюттік құқықты кез келген адам бұзуы мүмкін, сәйкесінше мұндай құқыққа ие тұлғаға кез келген адамның құқықты бұзуынан қорғау көрсетіледі. Бірақ, абсолюттік құқық бұзылған ретте, ол салыстырмалы құқыққа айналады, себебі жәбірленуші өз талабын тікелей бұзушыға ғана қояды. Салыстырмалы қатынаста оның негізінде жатқан құқықты тек нақты міндетті тұлға бұзуы мүмкін. Мысалы, сатып алу бағасын төлеу міндетін орындамау сатып алушының ғана әрекеті бола алады. Осыған сәйкес, салыстырмалы құқық нақты міндетті адамдар тарапынан туындауы мүмкін бұзушылықтардан қорғалады. Азаматтық-құқықтық қатынастарды абсолюттік және салыстырмалы деп бөлу біршама шартты түрде жүргізілген деуге болады. Мүлік жалдау шартынан туындайтын қатынасты алайық. Оның абсолюттік те, салыстырмалы да сипаты бар. Мұнда құқыққа ие тұлғаға – жалға берушіге қарсы тұратын міндетті тұлғалардың ішінде жалдаушы да бар, яғни ол абсолюттік қатынастың қатысушысы. Бірақ, жалға беруші жалдау ақысының төленуін тек жалдаушыдан талап ете алады, яғни жалдаушы салыстырмалы қатынастың қатысушысы. Енді осындай екіжақты сипаты бар қатынастың бұзылуын қарастырайық. Мысалы, жалдаушы жалдау шартының мерзімі біткеніне қарамастан, жалдау нысанасын иесіне (жалға берушіге) қайтармайды. Немесе басқа бұзушылықты алайық, жалдаушы жалдау арқылы ақысын дер кезінде төлемей қойды делік. Бірінші жағдайда жалға беруші жалдаушыға

¹⁶ Төлеуғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Жоғары оқу орындарына арналған акад. курс. 1 том. – А., 2001. 143-б.

¹⁷ Гражданский кодекс Республики Казахстан (Об. ч.) Комментарий. В двух книгах. Кн. 1. / Отв. ред. М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. – А., 1997. 26-б.

қарсы виндикациялық талапты қоя алады, яғни оның мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап ету құқығы бар (Қазақстан Республикасының АҚ-нің 260-б. сәйкес). Екінші жағдайда жалға беруші бұзушылықтың дәрежесіне қарай Қазақстан Республикасының АҚ-нің 546-б. 6-т. немесе 556-б. 2-т. 3-тармақшасындағы құқықтарды қолдана алады. Бұл баптар кодекстің мүлік жалдауға арналған 29-тарауында көзделген. Бұдан байқағанымыз: бір қатынастың абсолюттік те, салыстырмалы да сипаттарының бар болуына қарамастан, азаматтық-құқықтық қатынастарды осылайша бөлудің құқықты қолдану ісінде ереулі мәні бар, өйткені бірінші жағдайда біз жалпы норманы қолдансақ, екінші жағдайда арнайы норманы қолдандық.

Азаматтық-құқықтық қатынастар *заттық және міндеттемелік* бола алады. Мұндай бөлудің негізіне құқыққа ие тұлғаның мүдделерін қанағаттандыру әдісі қойылған. Егер ие тұлға өз мүддесін затқа тікелей әсер ету арқылы оның пайдалы қасиеттері есебінен қанағаттандырса, сөз заттық-құқықтық қатынас туралы қозғалады. Заттық-құқықтық қатынаста құқық иесі өзі әрекет етеді (затқа тікелей әсер ету арқылы жүзеге асырылатын затты иелену, пайдалану, оған билік ету), ал барлық үшінші жақтар оған бөгет жасамауы тиіс (меншікке қол сұқпау, біреудің сервитутын бұзбау және т.с.с.).

Заттық-құқықтардың келесі қасиеттерін атап өтуге болады:

1. заттық құқықтар мүліктік құқықтар болып табылады;
2. заттық құқықтар нақты белгіленген зат түрінде пайда болады. «Абсолюттік құқықтың объектісі әрқашанда нақты белгіленген болуы тиіс. Егерде заттың нақты белгіленуі мүмкін болмаса, ол жөнінде тек қана міндеттемелік қатынастар пайда болуы мүмкін»¹⁸;
3. заттық құқықтар абсолюттік құқықтар болып табылады. Заттық құқықтарға ие тұлғаға барлық тұлғалардың және әрқайсысының заттық құқықтарды жүзеге асыруға бөгет жасамау міндеті қарсы тұрады;
4. осы белгіден келесі белгі туындайды: заттық құқықтарды қорғаудың абсолюттік сипаты бар, басқаша айтқанда, қол сұққан кезкелген тұлғадан қорғау;
5. заттық құқықтар заңда белгіленеді;
6. зат соңынан еру құқығы. Заттық құқық заттың соңынан ереді. Мүлікте меншік құқығының басқа тұлғаға өтуі мүлікке басқа заттық құқықтардың жойылуына негіз болмайды;
7. сонымен қатар, затқа іс жүзінде төрелік ету белгісі де кейде кездеседі. Басқаша айтсақ, бұл заттық құқыққа ие тұлғаның өз құқығын тікелей өз бетінше, үшінші тұлғалардың көмегінсіз жүзеге асыра алуы;
8. заттық құқықтарды иеленушіде иелену, пайдалану, билік ету құқықтары болуы тиіс. Дегенмен, аталмыш белгі толық көлемінде меншік құқығына, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару құқықтарына тән қасиет¹⁹.

¹⁸ Агарков М.М. Обязательство по советскому гражданскому праву. М., 1949. 30-31 б.

¹⁹ Гражданское право. Т.1. учеб. для вузов (акад. курс.) Отв. ред. М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. Алматы. 2000. 341-344 б.

Заттық құқықтық қатынастарда міндетті тұлғалар пассивтік роль атқарады, яғни олар заттық құқық иесіне өз құқықтарын жүзеге асыруға бөгет жасамауға міндетті. Міндеттемелік құқықтық қатынастарда жағдай бөлек, мұнда міндетті тұлғалардың әрекеті белсенділік сипатына ие болады, яғни олар құқыққа ие тұлғаның пайдасына ақша төлеу, жұмыс атқару қызмет көрсету түріндегі әрекеттер етуге міндетті (Қазақстан Республикасы АҚ-нің 268-б.). Заң әдебиеттерінде міндеттемелік құқықтық қатынасты (міндеттемені) экономикалық айналымның құқықпен реттелген қатынасы деп атайды. Ендеше міндеттеме мүліктік құқықтар мен игіліктердің бір тұлғадан айналымның екінші тұлғасына өту процесін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Сол себепті міндеттеме мүліктік қатынас ретінде танылады²⁰. Міндеттемедегі тараптар несие беруші (құқыққа ие тұлға) және борышқор (міндетті тұлға) деп танылады. Несие беруші затқа әсер ету арқылы емес, борышқордың жоғарыда аталған белсенді әрекеттері арқылы өз құқықтарын жүзеге асырады. Әрине мұндай әрекеттердің орындалуын кез келген тұлғадан талап етуге болмайды. Әдетте адамдар міндеттемеге өз еріктерімен түседі, (шарттан туындайтын міндеттемеге) немесе ықтиярсыз (зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемеге). Қалай болғанның өзінде міндеттеме нақты тұлғалар арасында пайда болады, сол себепті ол салыстырмалы қатынас болып табылады.

Заттық және міндеттемелік құқықтық қатынастар өзара тығыз байланысты. Мысалы, заттың меншік иесі өз мүдделерін қанағаттандыру үшін затқа билік ету құқығын жүзеге асыра алады. Мұндай билік ету затты біреуге сату түрінде болуы мүмкін. Сатып алу-сату шартының негізінде меншік иесінің заттық құқығы (меншік құқығы) талап ету құқығына (міндеттемелік құқығына) айналады. Немесе басқа мысал, Қазақстан Республикасының АҚ-нің 562-б. сәйкес, «мүлік жалдау шартында жалға алынған мүлік жалға алушының меншігіне тараптардың келісімінде белгіленген жағдайларда көшенді деп көзделуі мүмкін». Шартта осындай ереже көзделген және ол жүзеге асырылатын жағдайда міндеттемелік құқықтық қатынас заттық құқықтық қатынасқа айналады.

60-шы ж. проф. О.А.Красавчиков азаматтық-құқықтық реттеу мәнінің ішінде ұйымдастыру қатынастарының бар болу идеясын тұжырымдады. Мұндай байланыстардың азаматтық қоғамның мүліктік және мүліктік емес сфераларында бар екендігін ғылымда ешкім теріске шығармайды. Дегенмен олардың орнын заң жүзінде белгілеу өз қолдауын таппады.

Ұйымдастыру байланыстары, тең субъектілер өздерінің негізгі мүліктік немесе мүліктік емес қатынастарын тәртіпке келтіру (реттеу) мақсатында түсетін байланыстары деп түсініледі²¹. Мысалы, шартты жасамас бұрын келешек тараптар оның ережелерін дайындау мен өзара келісу жөнінде қызмет етеді. Ұйымдастыру қатынастарын туғызатын шарттарға құрылтай, алдынала жасалатын, тасымалдауларды ұйымдастыру шарттарын жатқызуға болады.

²⁰ Новийский И.Б. Лунц Л.А. Общее учение об обязательстве. – М., 1950. – 58-б.

²¹ Гражданское право. Учеб. для вузов. ч 1. / Под общ. ред. Т.И.Илларионовой, Б.М. Гонгало, В.А.Плетнева. – М., 2001. – 8-б.

Азаматтық құқық ғылымында *реттеуші* және *қорғаушы* қатынастары өзара ажыратылады. Мұндай бөлу азаматтық заңнама нормаларын реттеуші және қорғаушы деп бөлудің негізінде жүргізіледі. Осыған сәйкес құқық мәніне енетін қоғамдық қатынастар:

- а) тұлғалардың кәдімгі қызметінің нысандары;
- ә) теке-тірестерді шешу нысандары (әдістері) деп бөлінеді²².

Бірінші түрі – мүліктік және өзіндік сипатындағы қатынастар, олардың шегінде қатысушылардың мүдделерін өзара қанағаттандыру жүзеге асырылады. Бұл реттеуші құқықтық қатынастар. Қатынастардың екінші түрі теке-тірес (дау) нәтижесінде пайда болады да, бір-біріне қарсы келген қатысушылардың біреуінің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталады. Бұл қорғаушы құқықтық қатынастар.

2. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

2.1. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРІ.

Заңды тұлға деп жеке өзіндік жарғысы, банкте есеп-шоты бар, ресми мекеме тізбегінен өткен іскер мекемені айтамыз.

«Заңды тұлға» деген ұғым жалпы коммерциялық мекемелерге, қоғамдық бірлестіктерге қатысты қолданылады.

Мекеменің теориялық мінездемесін сипаттайтын мынандай белгілер бар:

- мүліктік және мүліктік емес тұрғыда оқшау болуы;
- белгілі бір құқықтар мен міндеттерді белгілейтін заңды мәртебесі, бұл оны құқықтық қатынастың субъектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;
- мекеменің атауы және оның ұйымдастырушылық–құқықтық нысанының болуы, бұл оны міндеттемелері бойынша жауапкершілік объектісі мен нысаны ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Даулы сәттерде жоғарыдағы анықтама заңды тұлғаның барлық белгілерін қамтиды.

Заңды тұлға ұғымы мүлікпен бірге, білім беру саласында, дінде, сонымен қатар, басқа да қызмет түрлерінде ұжымдық мүддені рәсімдеуде кеңінен қолданылады.

Заңды тұлғаның негізгі қызметтері ретінде Е.А.Богатых мыналарды ұсынады:

- шаруашылық қызметті жүзеге асыру (табыс табу);
- шаруашылық емес қызметті жүзеге асыру, мұнда мәдениет, ғылым, білім беру, саясат және т.б. салаларда.

²² Гражданское право. Учеб. для вузов. . ч 1. / Под общ. ред. Т.И.Илларионовой, Б.М. Гонгало, В.А.Плетнева. – М., 2001. – 43-б.

Шаруашылық қызмет - капиталды біріктіру бойынша (акционерлік қоғам) немесе қызмет пен мүлікті біріктіру бойынша (толық серіктестік) немесе капиталды бөлу бойынша (жауапкершілігі шектеулі қоғам) жүзеге асырылады.

Кейбір авторлар заңды тұлғаның қызметін белгілеуде оларды *өндірістік және өндірістік емес* деп бөледі.

А.М.Мұхамеджанова және С.А.Сарина заңды тұлғаның мынадай түрлерін көрсетеді:

- заңды тұлға ұйымның еркін толығымен көрсете отыра, қатысушылардың арасында ішкі қатынастарды ұйымдастырады және оған өз атынан азаматтық-құқықтық мәмілені жүзеге асыруға (сатып алу – сату, сыйға тарту) мүмкіндік береді;
- заңды тұлға капиталды ұзақ уақытқа біріктірудің кепілі болып табылады;
- заңды тұлғаның мүліктік тәуекелі нақты мекеменің капиталындағы салым көлемімен шектеледі.

Заңды тұлғаның белгілері дегеніміз – бұл ұйымның азаматтық-құқықтық субъектісі ретінде сипаттауға мүмкіндік беретін қасиеттері.

Қазақстандағы барлық заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өтеді, көбінің мөрлері бар және банкте есеп шоттары бар, бірақ та бұлар заңды тұлғаның мәнін ашпайды.

Заңды тұлғаның белгілері төртке бөлінеді, бұлардың әрқайсысы қажетті, ал барлығы бірге, ұйымды азаматтық-құқықтың субъектісі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді:

1) Ұйымдық бірлік. Бұл заңды тұлғаның белгілі иерархиясын, басқару органдарының бағыныштылығын, қатысушылардың ара қатынастарын сипаттайды.

Бұл бірлік – құрылтай құжаттармен бөлінетін шарт және заңды тұлғаның белгілі бір түрінің құқықтық жағдайын реттейтін нормативтік актілермен бекітіледі.

2) Егер де тұлғаларды бір ұжымдық бірлестікке біріктіру үшін ұйымдастырушылық бірлік қажет болса, онда мүліктік оқшауланушылық осындай бірлестіктің қызметінің материалдық базасын құрады.

Қандай да тәжірибелік қызмет үшін тиісті құралдар қажет болады (техника, білім, ақша құралдары).

Мүліктік оқшауланушылық барлық заңды тұлғаларға тиісті, ол басынан қалыптасады, себебі, жарғылық капиталды қалыптастыру сәтіне сүйенеді.

3) Заңды тұлғаның жеке азаматтық-құқықтық жауапкершілік қағидасы. Осы қағида бойынша заңды тұлғаның әрбір қатысушысы немесе мүлік иесі, оның міндеттемесі бойынша жауапты емес, ал заңды тұлға олардың міндеттемелері бойынша жауапты емес. Әрбір заңды тұлға өзінің міндеттемелері бойынша жеке тұрғыда азаматтық-құқықтық жауапкершілікте болады. Мұның алғышарты ретінде заңды тұлғаның дара мүлкінің болуы, осы мүлік бойынша кредиторларға жауап беруін айтуға болады.

4) Азаматтық айналымға өз атынан шығуы. Бұл дегеніміз өз атынан азаматтық-құқықтарға және міндеттерге иелену және жүзеге асыру мүмкіндігі, сонымен бірге сотқа талапкер және жауапкер ретінде қатысуы. Аталмыш

белгі заңды тұлғаның қорытынды белгісі және нәтижелік мақсаты болап табылады

Заңды тұлғаның атауының болуы басқа ұйымдардан айыра алуға мүмкіндік береді. Заңды тұлғаның атауы – азаматтық–құқықтық субъектінің қажетті алғышарты болып табылады (Қазақстан Республикасы АҚ 33 б.)

2.2. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ РЕТІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕЛУІ.

Заңды тұлға нормативті актілермен, азаматтық заңнамамен, кей заңды тұлғалардың ұйымдастырушылық құқығын нысандандыру туралы заңдармен реттелетін белгілі қағидаларға сүйене отыра құрылады.

Заңды тұлғаның құрылуының қажеттілігі экономикалық қажеттілікпен, мекемеге керекті материалдық шарттармен, нарықтық және тұтынушылардың сұранысына сай тауарларды өндірумен туындайды.

Заңды тұлғаларды тіркеуге мемлекет органдарының қатысуына орай заңды тұлғалардың құрылуының келесі әдістері:

1. Өкімдік тәртібі. Мұнда, заңды тұлға құрылтайшылардың өкімі бойынша пайда болады, арнайы мемлекеттік тіркеу қажет етілмейді. ССРО – дағы көптеген мемлекеттік мекемелер осы реттілік бойынша құрылған. Себебі, жоспарлық экономика жүйесінде басты рольді мемлекет атқарған, оның азаматтық қоғамнан биік болуы мемлекеттік тіркеуді қажет етпейді.

Нарықтық экономикасы бар елдерде осы реттілікті заңды тұлғалардың құрылуының *явочный* реттілігі алмастырады. Осы реттілік үшін арнайы мемлекеттік тіркеудің қажеттілігі жоқ, мекеме құрылуы үшін құрылтайшылардың заңды тұлға ретінде әрекет етеміз деген еркінің болуы ғана қажет. Біздің елімізде кәсіпқойлық одақтар осы реттілік бойынша құрылған.

2. Заңды тұлғалардың құрылуының келесі жолы рұқсат ету тәртібі. Құзыретті органның рұқсатымен мекеме құрылады. ССРО – да көптеген қоғамдық және кооперативтік ұйымдар құрылған. Осында заңды тұлғаларды құруға рұқсаттың қажеттілігі жоқ деп берілмеуі де мүмкін болған. Қазіргі кезде заңнама тиімсіз деген желеумен тіркеуден бас тартуға жол бермейді. Рұқсат ету тәртібі кей заңды тұлғалардың құрылуында сақталып қалды. Мысалы, банктік қызмет атқару үшін құрылатын заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің рұқсаты қажет.

Заңды тұлғалардың құрылуының тәртібі ҚР АҚ 2 тарауына сай нормативті тәртіпті бекітеді.

Заңды тұлғалардың құрылуы үшін заң құрылтай құжаттардың болуын талап етеді. Осы құжаттарға жарғы және құрылтай шарт жатады. Осы құжаттардың екі функциясы бар:

1. Сыртқы функцияны атқара отыра, олар жалпыға заңды тұлғалардың нысаның ерекшелігі, оның құқықтық қабілеттілігі, атауы, ұйымдастырушылық құрылымы, орналасқан жері туралы және басқа да мәліметтерді жеткізеді. Құжаттардың мазмұны өзгертін болса, онда үшінші тұлғаларға жаңа ережелер мемлекеттік тіркеуден кейін жеткізіледі.

2. Ішкі функцияны атқара отыра, олар заңды тұлғалардың құрылтайшылары арасында мүлікті құруға олардың қатысуы, заңды тұлғалардың табысын бөлу, басқару және басқа сұрақтар бойынша ара қатынастарын белгілейді.

Әр қилы заңды тұлғалар үшін құрылтай құжаттардың құрамы әр түрлі. Жауапкершілігі шектеулі немесе қосымша жауапкершілігі бар қоғамдар, ассоциациялар, одақтар құрылтай шарт және жарғы негізінде әрекет етеді. Шаруашылық серіктестіктер құрылтай шарт негізінде қызмет атқарады. Ал басқа заңды тұлғалар үшін бекітілген құжат ретінде жарғы табылады.

Құрылтай шарт бекітіледі, ал *жарғы* құрылтайшылар арасында келісіледі.

Құрылтай шарт дегеніміз – бұл заңды тұлғалардың құрылуы және қызмет атқару барысында құрылтайшылар арасындағы ара қатынастарды реттейтін азаматтық–құқықтық шарт. Ол тек жазбаша бекітіледі, ал өз күшіне бекітілген сәттен бастап енеді. Егер де коммерциялық мекеме бір адаммен бекітілетін болса, онда құрылтай шарт бекітілмейді.

Коммерциялық мекеменің және мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарында заңды тұлғалардың қызметінің пәні және мақсаты көрсетілуі керек.

Құрылтай шартта тараптар заңды тұлғаларды құруға міндеттеме береді, оны құрудағы бірлескен қызметтің реттілігін негіздейді, өз мүлкін меншікке беру шарттарын көрсетеді.

Шарт бойынша құрылтайшылар арасында табыс пен шығынды бөлу, заңды тұлғаларды басқару, құрамнан шығу шарттары және реті негізделеді, оның жарғы бекітіледі (егер де, осы қызмет түрі үшін керек болса).

Жарғы құрылтай шартқа қарағанда бекітілмейді, керісінше бекітушілермен келісіледі. Бірақ та бұл айырмашылық принциптік сипатта емес.

Жарғыға барлық демеушілер қол қоймайды, құзыретті тұлғалар (төрағасы және құрылтай жиналысының хатшысы) қол қояды. Жарғы заңды тұлғаларды тіркеу сәтінен бастап күшіне енеді.

Заңды тұлғалардың жарғысында оның атауы, орналасқан жері, басқару органдарының қалыптасу реттілігі, қайта ұйымдасу және қызметінің тоқтатылуы белгіленеді.

Егер де бір адаммен бекітілсе, онда оның жарғысында мүлікті құрылу және табысты бөлу реттілігі белгіленеді.

Жарғымен барлық қызығушылық көрсеткен тұлғалар қатысуға құқылы.

Заңды тұлғалардың басты белгісі ретінде оның атауы және орналасу орны табылады.

Қандай да болмасын заңды тұлғалардың атауы оның ұйымдастырулық-құқықтық нысанын көрсетуі қажет. Мысалы, толық серіктестіктің фирмалық атауы «*толық серіктестік*» деген сөзді енгізуі керек.

Заңды тұлғалар бекітілген фирмалық атауы меншіктік құқықтың объектісі болып табылады. Егер де тұлға басқа заңды тұлғалардың фирмалық атауын қолданған болса, онда ол міндетті түрде қолдануды доғаруы қажет және алып келген шығынды өтеуі керек.

Заңды тұлғалардың орналасу орны ретінде заңды тұлғалардың құжаттарында басқа шарттары көрсетілмеген сәтте мемлекеттік тіркеу болған жер табылады.

Заңды тұлғалардың орналасу орнының мәні:

- Біріншіден, заңды тұлғаларға салық салу үшін;
- Екіншіден, валютталық–экспорттық реттеу мақсатында оның резиденттілігі туралы сұрақтарды шешу үшін;
- Үшіншіден, соттық дауларда және соттылықты анықтауда.

Заңды тұлғалардың құрылу тәртібі және құрылтайшылардың әрекеттерін қанағаттандыратын талаптар заңды тұлғалардың белгілі бір түрлері туралы заңнамада көрсетілген.

Заңды тұлғалардың құрылу кезеңдері:

1. Нақты бір өндіріс тауарларын, жұмыс түрлерін өндіру үшін жаңа мекемені құру идеясының пайда болуы;
2. Жаңа технологияларды, еңбек құралдары мен заттарын қолдану мүмкіндігін зерттеу және анықтау;
3. Мекеменің нарық қажеттілігін қанағаттандыра алатындығын зерттеу;
4. Тауарларды жеткізушілерді, қажетті өндіріс факторларын (материалдар, шикізат, құрал–саймандар, энергиялық ресурстар, ақпараттар және т.б.) ескеру
5. Мекеменің құрылтайшыларын іріктеу
6. Жарғы капиталын құру үшін қаржылық көздерді белгілеу
7. Құрылтай құжаттарды және бизнес–жоспарларды құру
8. Ұйымдастырушылық–құқықтық нысаны және меншік нысанына орай мекемені құру бойынша ұйымдастыру шараларын жүргізу
9. Мекемені мемлекеттік тіркеу, қажетті есеп шоттарды банкте алу.

Заңды тұлғаларды тіркеу үшін келесі құжаттар керек:

- Құрылтайшылардың тіркелу туралы өтініші, ұйымның жарғы, құрылтай шарт, тіркеу бажын төлегенін куәландыратын құжат;
- Мөрлерді даярлау;
- Мемлекеттік салық органдарында, Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының жергілікті органында, әлеуметтік сақтандыру қорында және медициналық сақтандыру қорында есепке тұру.

Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуі

Мемлекеттік тіркеу заңды тұлғалардың құрылуының соңғы кезеңі болып табылады. Осыдан бастап, ұйым туралы негізгі мәліметтер, заңды тұлғалардың жалпы мемлекеттік реестріне енгізіледі және жалпыға танысу үшін мүмкіндік туады.

АК 42-бабына сай заңды тұлғалар мемлекеттік әділет органдарында тіркеуге тұруы қажет. Тіркелу заңнамамен белгіленеді. Заңды тұлғалардың құрылу тәртібінің сақталмауы немесе құру құжаттарының сәйкес еместігі заңды тұлғалардың тіркелуіне рұқсат бермеуге соқтырады.

Мемлекеттік тіркеуден бас тарту, сонымен бірге, осындай тіркеуге тұрғызбау сотта қаралады.

АК 42-бабына сай заңды тұлғаларды түріне қарамай мемлекеттік тіркеу жүргізілуі керек. Заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілікке және әрекеттік қабілеттілікке ие болуы мемлекеттік тіркеуге тұрудан басталады.

Тіркеудің мәні келесіде:

- заңды тұлғалардың пайда болу фактісінің дәлелденуі;
- елдегі барлық заңды тұлғалардың мемлекеттік тұрғыда есепке алуға мүмкіндік береді;
- заңды тұлғалардың мемлекеттік бақылауға алу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі;
- жариялық шарт құрылады, тіркеу органдары арқылы қызығушылық танытқан тұлға заңды тұлғаларды сипаттайтын құжаттармен таныса алады.

Қазақстан Республикасы Әділет органдары:

- заңды тұлғалар мемлекеттік реестрін тіркеуге және жүргізуге құқылы;
- заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеу бойынша әдістемелік басшылыққа құқылы;
- заңды тұлғалар және әділет министрлігінің аумақтық органдарының талаптарына сай екендігін бақылауға құқылы;
- Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген және жойылған заңды тұлғалар тізімін квартал сайын жариялауға құқылы;
- заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеу сұрақтары бойынша аймақтық органдарының әрекеттеріне деген шағымдарды қарастыру.

Заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеге қажетті құжаттары бар өтініш берген күннен бастап, 15 күн ішінде жүргізіледі, ал қоғамдық бірлестік 10 жұмыс күн ішінде астында көрсетілген жағдайлар анықталған болса, онда тіркелу органы көрсетілген мерзімді тоқтата алады, бұлар:

- өтініш беруші құжаттарды толығымен ұсынбаса;
- ұсынылған құжаттарда кемшіліктер анықталса;
- құрылтай құжаттардың мазмұны бойынша сарапшының (маманның) қорытындысы қажет болса;
- ҚР заңнама актілерінде көрсетілген басқа да негіздер болса.

2.3. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

Заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуы оның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде болады. Сонымен бірге, заң бойынша уақытша тоқтатылу мәселесі ескерілген.

Қайта құрылу барысында қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың барлық құқықтары мен міндеттері немесе жарты бөлігі құқықтың басқа субъектісіне ауысады.

Заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы бірнеше тұлға ұйымдардың бірігу жолымен, заңды тұлғалардың басқасына бірігуімен, заңды тұлғалардың бірнеше ұйымдарға бөлінуімен, ұйым құрамынан басқа заңды

тұлғалардың басқа заңды тұлғалардың бөлініп шығуымен немесе заңды тұлғалар ұйымдастырулық-құқықтық нысанның ауысуымен жүзеге асады.

Қайта ұйымдасу, заңды тұлғалар қатысушыларының шешімі бойынша жүргізіледі. Келісім бойынша, бірақта заң бойынша коммерциялық ұйымдар мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастырылуы мүмкін (АК 45 бабы 3 тармағы).

АК 45 бабының 1-тармағы бойынша қайта ұйымдасудың басқа да нысандары көзделгеніне қарамастан, заң заңды тұлғаларды қайта ұйымдастырудың бес нысанын көрсеткен, бұлар:

- қосу;
- біріктіру;
- бөлу;
- бөліп шығару;
- өзгерту.

Қайта ұйымдастырылу нысанына орай, ол бөлу балансы немесе беру актісі бойынша жүргізілуі мүмкін. Біріктіру, ену, қайта құру барысында құқықтың жаңа субъектісі пайда болады.

Қосу кезінде екі немесе одан да көп заңды тұлғалардың қызметі тоқтатылып, олардың негізінде бір заңды тұлға құрылады да, тіркеуден өтеді. Заңды тұлғаларды қосқан кезде олардың әрқайсысының мүліктік құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сай жаңадан пайда болған заңды тұлғаға өтеді.

Біріктіру кезінде бір және одан да көп заңды тұлғалардың қызметі тоқтатылады, олардың негізінде жаңадан пайда болған заңды тұлғалар ірілендіріледі, бұлар олардың құқықтық мирасқоры болып табылады.

Бөлу кезінде бір заңды тұлғаның қызметі тоқтатылады да, оның негізінде екі және одан да көп заңды тұлғалар ұйымдастырылады. Бөлінетін заңды тұлғаның мүліктік құқылары мен міндеттері бөлу балансына сай жаңадан құрылған заңды тұлғаға өтеді.

Бөліп шығару кезінде бір заңды тұлғаның құрамынан екі және одан да көп заңды тұлғалар бөлінеді, мұнда бастапқы заңды тұлғаның қызметі тоқтатылмайды. Сондықтан да бастапқы заңды тұлға қайта тіркеуден өтуге тиісті, ал бөлініп жаңадан құрылған заңды тұлға мемлекеттік тіркеуге тұруы қажет.

Көп жағдайда қайта ұйымдастыру нарықтағы тауар өндіріс «күшін» өзгертуі мүмкін, осыған орай бәсекелестік жойылады.

Қайта ұйымдастыру заңды тұлғалардың кредиторлар қызығушылығына қатты әсер етеді, себебі, оларға қарыздар өзінің қызметін тоқтатады. Осы себепті оның жүзеге асуының негізгі шарты ретінде кредиторларды алдын – ала ескерту табылады. Кредиторлар қайта ұйымдастыруымен жатқан заңды тұлғалардың тоқтатылуын немесе міндеттемелерін мерзімінен ерте орындауды немесе шығынды өтеуді талап ете алады.

Заңды тұлғаларды тарату – бұл, заңды тұлғаның мемлекеттік тізімінен шығару жолымен оның құқықтық қабілеттілігін және әрекет қабілеттілігін тоқтату. Заңды тұлғалар ерікті түрде және мәжбүрлі түрде тоқтатылуы мүмкін.

Ерікті түрдегі тарату – заңды тұлғалардың мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ

құрылтай құжаттары уәкілдік берген заңды тұлға органының шешімімен кез келген негіздер бойынша жүргізіледі. Ерікті таратудың негізі ретінде көбіне заңды тұлғалардың тиімсіздігі, мерзімінің өтуі, алға қойған мақсатына жете алмаушылығы табылады.

Толық және сенім серіктестіктерін ерікті түрде тарату, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерді тарату оларға қатысушылардың жалпы жиналысының немесе олар уәкілеттік берген органның, сондай-ақ құрылтай құжаттары осыған уәкілеттік берген заңды тұлғаның тиісті органының шешімі бойынша жүргізіледі.

Мәжбүрлі түрдегі таратылу – соттың шешімімен жүзеге асырылады. Мәжбүрлі түрде таратылу келесі себептер анықталған жағдайда соттың шешімімен жүзеге асырылады, бұлар:

- банкрот деп танылғанда;
- заңды тұлғаны құру сәтінде заңдарды түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылса;
- заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызмет үнемі жүзеге асырылған;
- тиісті рұқсат алынбаған (лицензиясыз) қызметті не заң құжаттарында тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не қызметін заңдарды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүргізген жағдайларда;
- заң құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін.

Заңды тұлғалардың кей түрлері бойынша заң таратудың қосымша негіздерін бекітеді. Коммерциялық ұйымдар және қорлар банкроттық себеппен жойылуы мүмкін.

Заңды тұлғалардың таратылу реттілігі Қазақстан Республикасы АҚ 49-51 бабтарымен реттелген және келесі кезеңдерден тұрады:

- Ұйым қатысушылары немесе сот жойылу туралы шешімді қабылдап, жою комиссиясын тағайындайды, жою ретін және мерзімін белгілейді. Жою комиссиясы заңды тұлғалар басқару бойынша құзыреттілікті өзіне алады;

- Жою комиссиясы бұқаралық ақпаратта заңды тұлғалар жойылғандығы туралы, кредиторлардың шағымдарының реті және мерзімі туралы мәліметтерді жариялайды, кредиторларды анықтайды және оларға жою туралы хабарлайды;

- Жою комиссиясы кредиторлық қарыздың құрамын бағалайды, анықталған талаптарды қанағаттандыру туралы шешімді қабылдайды және аралық жою балансын құрады;

- Аралық жою балансына сай, кредиторлардың заңды талаптары қанағаттандырылады, мұнда өтеу АҚ 51 бабы бекіткен кезек бойынша жүргізіледі. Егер де ақша мөлшері жеткіліксіз болса, онда комиссия бар мүлікті ашық саудалау арқылы сатады;

- Кредиторлық қарыздар өтелгеннен соң жою комиссиясы қорытындылық жою балансын құрады және заңды тұлғалар арасында бөледі. Жоюды реттейтін барлық құжаттар тіркеу органдарына беріледі. Осы орган заңды

тұлғалар бір мемлекеттік реестріне тиісті жазуды енгізеді. Осыдан бастап ұйымның қызметі тоқтатылады деп есептеледі.

2.4. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Меншік нысандары. Меншік нысанына орай, заңды тұлғалар мемлекеттік және жекеге (мемлекеттік емес) бөлінеді. Мемлекеттік заңды тұлғаларға (жалпы мағынады) мемлекетке бағынышты, сонымен қатар кей кәсіпорындар жатады. Мемлекеттік заңды тұлғалар (коммерциялық сипаттағылар да) жалпы мемлекеттік қызығушылықты көздейді, осыған орай олардың құқықтық реттелу ерекшелігі негізделеді.

Қызмет мақсаты. 1994 жылғы АҚ–сі Қазақстан заңнамасында заңды тұлғаларды *коммерциялық және коммерциялық емес* деп екі топқа бөлді. АҚ 34 бабына сәйкес бірінші топқа өз қызметінен табыс табуды көздейтін ұйымдар жатады. Ал *коммерциялық емес* ұйым табыс табуды басты мақсат деп тұтпайды және алынған табысты қатысушылар арасында бөлмейді.

Коммерциялық ұйымдардың тізімі жабық: олар тек мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік және өндірістік кооператив нысанында құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымдардың нысандары кодексте көрсетілмеген, бірақта олар заң актілерінде ескерілген басқа да нысанда құрылуы да мүмкін.

Әдебиеттерде *коммерциялық және коммерциялық емес* ұйымдардың бір–бірінен негізгі айырмашылығы ретінде қызметінің көлемі мен сипаты емес, олардың құрылтайшыларының ниеттері табылады. Егер де, бірлестік, мекеме, қорлар, ассоциациялар белгілі тұрғыда табыс алып өз мүшелері арасында оны бөлетін болса, онда олар коммерциялық құрылым деп табылады. Керісінше, егер де серіктестік, өндірістік кооператив, мемлекеттік кәсіпорын табыс алуды көздейтін қызметпен айналыспаса және өз мүшелері мен құрылтайшылары арасында табысты бөлмейтін болса, онда оларда коммерциялық емес ұйым деп табылады²³. «Шаруашылық серіктестіктер нысанында азаматтық бірлестіктерді құру үшін нақты бостандықты ұсыну қажет, салық бойынша жеңілдіктерді қызметінің түрі мен бағыты негізіне сүйене отыра беру қажет»²⁴

Егер де заңды тұлға заң немесе құрылтай құжаттарға сай қатысушылар арасында табысты бөлуге құқылы болса, онда оны кезектегі дивиденттердің төлену–төленбеуіне қарамай *коммерциялық ұйым* деп есептеледі.

Егер де заңды тұлға заңнамаға немесе құрылтай құжаттарға сай дивиденттерді төлеуге құқылы болмаса, онда оны *коммерциялық ұйым* деп есептемеу керек. Барлық түскен табыс жарғылық мақсатқа жетуге бағытталуы қажет.

Құрылтайшылардың құрамы

Заңды тұлғаны құрылтайшыларының құрамына орай мынадай түрлерге бөлуге болады:

²³ Грешников И.П. Понятие юр. лица в гражданском праве и законодательстве. Автореферат дисс. на сосиск. учен. степ. к.ю.н. Алматы, 1997, 12б.

²⁴ Сонда, 12-13 б.

- заңды тұлғалы құрылтайшылардан тұратын заңды тұлға (одақтар және ассоциациялар);
- құрылтайшысы ретінде мемлекет болып келетін заңды тұлға (мемлекеттік кәсіпорындар) немесе құқының басқа да субъектілері (басқа да заңды тұлғалар).

Қатысушылардың құқыларының сипаты

Заңды тұлғаға қатысты қатысушылардың құқыларының әр түрлі сипатына байланысты оларды мынадай түрде жіктеуге болады:

- Құрылтайшылардың мүлкіне меншік құқысы бар ұйымдар: мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер;
- Қатысушылардың міндеттемелік құқылары бар ұйымдар: шаруашылық серіктестіктер және қоғамдар, кооперативтер;
- Қатысушылардың меншік құқығы жоқ ұйымдар: қоғамдық бірлестіктер және діни ұйымдар, қорлар және заңды тұлғалар бірлестіктері.

Ұйымның құқыларының көлемі. Өз мүлкіне деген құқысының көлеміне орай заңды тұлғаларды келесілерге бөлеміз:

- Мүлікті жедел басқаруға құқығы бар заңды тұлғалар: мекемелер және кәсіпорындар;
- Мүлікті шаруашылық тұрғыда басқаруға құқығы бар заңды тұлғалар;
- Мүлікке меншік құқығы бар заңды тұлғалар.

Жеке және мүліктік қатысу.

Шаруашылық серіктестіктерді және қоғамдарды қатысушыларға не маңызды екеніне орай келесілерге жіктеуге болады:

1. кәсіпкерлік мақсатқа жету үшін жеке үлестерін біріктіру (серіктестіктер);
2. капиталдарды біріктіру (қоғамдар).

Сонымен бірге, шаруашылық қоғамдар мен серіктестіктер келесі тізбекке бөлінеді:

- толық серіктестіктер;
- сенім серіктестігі;
- қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер;
- жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер;
- акционерлік қоғамдар.

Құрылу реттілігі. Заңды тұлғаны құрылу реттілігіне орай жіктеу:

1. рұқсат беріліп құрылатын заңды тұлғалар;
2. нормативті – келу реттілігімен құрылатын заңды тұлғалар.

Құрылтайшы құжаттар: құрылтайшы құжаттардың құрамы бойынша заңды тұлғалар:

1. шартты заңды тұлғалар (шаруашылық серіктестіктер);
2. шартты–жарғылық заңды тұлғалар (жауапкершілігі шектеулі немесе қосымша жауапкершілігі бар серіктестік, ассоциациялар мен одақтар);
3. жарғылық заңды тұлғалар.

2.5. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАР.

Шаруашылық серіктестіктер.

Жарғылық капиталды құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйым *шаруашылық серіктестік* деп танылады. Құрылтайшылардың салымы арқылы жинақталған мүлік, сонымен бірге шаруашылық серіктестіктен өңделіп шығарылған және сатып алынған мүлік *серіктестіктің меншігі* болып табылады.

Шаруашылық серіктестіктер табыс табу және өз қатысушылары арасында оны бөлуді негізгі міндет деп тұтатын коммерциялық ұйым. ҚР АҚ қағидаларына сай олар жалпы құқықтық қабілетке ие, бұл оларға заңнамаға қарсы келмейтін қызметті атқаруға мүмкіндік береді.

Шаруашылық серіктестіктің маңызды меншіктік құқығы ретінде жарғылық капиталды құру сәтінде ұсынылған мүлікке меншік құқығы табылады. Меншік құқығы абсолюттік құқы болып келеді, ал шаруашылық серіктестік өз ниеті бойынша меншігіндегі мүлікке иелік ете алады.

Қатысушыларға шаруашылық серіктестігінің мүлкі қатысты емес, олар осы мүліктегі бөлікке иелік ете алады.

Шаруашылық серіктестік өзінің құқылық негізі бойынша кәсіпкерліктің ұжымдық нысаны болып келеді.

Қазақстан Республикасы Заңнамасы шаруашылық серіктестіктерді 5 түрге бөледі:

1. толық серіктестік;
2. сенім серіктестік;
3. жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
4. қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;

1. Толық серіктестік

Толық серіктестіктің басты белгісі – оның қатысушыларының серіктестік міндеттемелері бойынша жауапкершілігі. Міндеттемелер бойынша серіктестік өз мүлкі мөлшерінде жауапкершілік атқарады, ал екінші жағынан – оның қатысушылары.

Толық серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін оның құрылтайшылары белгілейді.

Толық серіктестіктің жоғарғы басқару органы болып қатысушылардың жалпы жиналысы табылады.

Жалпы жиналыста әрбір қатысушы бір дауысқа иеленеді. Бұл шарт толық серіктестіктің қызметінің ішкі сұрақтарын шешудегі қатысушылардың бір ауыздан дауыс беру қағидасымен байланысқан.

Заңнама бойынша қатынастар *ішкі* және *сыртқы* деп бөлінеді. Ішкі қатынасқа істерді жүргізу, шешімдерді қабылдау, табыс пен шығынды өтеуді бөлу және т.б. жатқызуымызға болады. Сыртқысына – серіктестікті өкілдендіру және серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауапкершілігі жатқызылады.

Қатысушылар серіктестіктен кез келген уақытта өз талабы бойынша шыға алады, ол бұл жөнінде қалған қатысушыларды шығатын мерзімінен 6 ай бұрын ескертуі керек.

Бес жылға дейінгі мерзімге құрылған толық серіктестіктен мерзімінен бұрын бас тартуға дәлелді себептер болғанда ғана жол беріледі.

Толық серіктестіктен өз қалауымен шыққан немесе серіктестіктен соттың шешімі бойынша шығарылған қатысушы, сондай-ақ қайтыс болған қатысушының серіктестікке кіруден бас тартқан құқық мұрагері серіктестіктен өздері шыққан кезге дейін пайда болған серіктестік міндеттемелері бойынша серіктестіктің өздері серіктестіктен шыққан жыл ішіндегі серіктестік қызметі туралы есеп бекітілген күннен бастап, екі жыл бойы жауап береді.

Толық серіктестікті жою заңды тұлғаны жою негіздері бойынша жүргізіледі.

2. *Сенім серіктестігі.*

Сенім серіктестігінде толық серіктестіктегі жеке мүлкімен оның қарыздарына жауап беретін қатысушылармен бірге, серіктестіктің жарғылық капиталына енгізген салымдарының көлемінде, қызмет атқару барысында келген шығын бойынша жауап беретін және сенім серіктестігінің кәсіпкерлік қызметін атқаруға қатыспайтын қатысушылардың үшінші тобы пайда болады. Салымшылар қатысушылар сияқты толық жауапкершілік атқармайды, осыған орай, сенім серіктестігін басқаруға олар қатыстырылмайды. Осымен бірге, салымшылар серіктестіктің мүлкіне міндеттемелік құқықтарын сақтайды. Бұл оларға серіктестіктің қазметінен табыстың бөлігін алуға құқық беретін мүліктің еншісіне иеленуге мүмкіндік береді.

Сенім серіктестігінің қатысушыларының минималды саны – бір толық серік және бір салымшы.

Сенім серіктестігін толық серіктестіктің бір түрі деп те айтуға болады.

Сенім серіктестігінде қызығушылықты салымшы танытады. Салымшының басты міндеті – сенім серіктестігінің жарғылық капиталына бастапқы және қосымша салымдарды салу. Сонымен қатар, заңда сенім серіктестігінің құрылтай құжаттарда көрсетілген жағдайларда салымшы серіктестікке қызметті атқаруға жәрдем көрсетуге міндетті.

Бұл арада салымшыларға құрылтай құжаттардың шарттарын сақтау сияқты қосымша міндет жүктеледі.

Сенім серіктестігіндегі салымшының басты қызығушылығы бар капиталға табыс алу және серіктестік мүлкіне деген міндеттемелік құқықтарды сақтау.

Салымшы мүліктегі және жарғылық капиталдағы өз үлесін басқа салымшыларға, толық серіктестіктерге, үшінші тұлғаларға барлық толық серіктердің келісімі болған жағдайда бере алады. Үлесті беру барысында салымшыға қатысты барлық құқықтар мен міндеттердің жиынтығы беріледі. Бұл оның сенім серіктестігіне қатысуды тоқтатады.

Егер де, толық серіктестіктер сенім серіктестіктеріндегі мүлкіне үлесін ауыстыруға келісім берген сәтте, салымшы өзінің серіктестен шығу және өз үлесінің құнын алу құқықтарын қолдана алады.

Сенім серіктестігін толық серіктестіктер басқара алады. Толық серіктестіктер серіктестіктің қызметіне қатысты шешімдерді қабылдауда мүліктегі және жарғылық капиталдағы үлес мөлшеріне сай дауыстарға сүйене алады.

Толық серіктестіктердің үлес мөлшерін анықтауда олардың жарғылық капиталға алған салымдары ескеріледі, ал салымшылардың салымдары ескерілмейді.

Сенім серіктестігінің қарыздары бойынша толық серіктестіктер өз мүлкілерімен қосымша жауапкершілікке жүктеледі.

Сенім серіктестігі толық серіктестік сияқты жойылады. Егер де серіктестіктің құрамында бір толық және бір салымшы қалған жағдайда ол сақталады. Сенім серіктестігінде қалған толық серіктестіктер соңғы салымшы шыққан мезгілден алты ай бойы, немесе қалған салымшылар соңғы толық серіктестік шыққан мезгілден алты ай бойы серіктестікте жоқ салымшылардың орнына немесе толық серіктестіктердің басқа түріне сенім серіктестігін қайта құра алады. Қалған толық серіктестіктер немесе салымшы – азаматтар сенім серіктестігінің толық серіктестікке ауыстыра алады.

3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы Қазақстан Заңнамасы орнықты емес. Оның қалыптасу тарихы 1990 жылы маусымның 19 жұлдызында шыққан. Акционерлік қоғамдар туралы Ережеден басталады. Осы күнде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құқылық жағдайы АҚ, 1995 ж 2-мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен, 1998 ж 22-сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңнамасымен реттеледі.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің басқа шаруашылық серіктестіктер нысанынан айырмашылығы серіктестік қызметімен байланыста болатын алдын – ала ескерілген залал көлемін қатысушыларға белгілеу. Бұл залалдық көлемі қатысушылардың серіктестіктің жарғылық капиталына салған салымдармен шектеледі. Бұл жайт жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қызығушылық танытады.

ҚР АҚ–де ЖШС қатысушылары 100 ден аспасын деп көрсетілген. Ал, асқан жағдайда серіктестік жыл ішінде акционерлік қоғамға, немесе өндірістік кооперативке қайта құрылуы немесе бөлуге салынады, ал осы мерзім өткеннен соң соттық реттілік бойынша жойылады (егер де адам саны 100-ден азаймаса).

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді. (АҚ – ның 77 б, 1 тармағы).

Жаңа заң бойынша серіктестіктің жарғылық капиталына үш функцияны береді:

1. Жеке капиталының белгілі деңгейі жөніндегі дәлелдеме;
2. Белгілі қаржылық рейтинг;
3. Кредиторлардың заңды шағымдарын қанағаттандырудың минималды кепілдігі.

Бұрынғы заңнама бойынша серіктестікті бір адам құруға құқылы еді, бірақ басқарудың коллегиялық органдарының функциясын кім және қалай атқаратындығы бекітілмеген.

Ал жаңа заңда құрылтайшы шартқа конфиденциялдық мінез берілді. Сыртқы тұлғалар онымен танысуды талап ете алмайды. Құрылтай шарт тіркеуге ұсынылмайды.

Серіктестік қатысушылары серіктес мүлкіндегі өз үлесінің құнын өтеуді талап ету құқығымен одан шығуға құқылы. Заң бойынша бірнеше шектеулер ескерілген. Үлес келесілерге берілуі мүмкін:

1. Серіктестіктің басқа қатысушысына;
2. Серіктестіктің өзіне;
3. Үшінші тұлғаға.

Егер де қатысушылар сатылып жатқан үлеске қызығушылық танытпаса, онда қоғамның өзі иемденуі мүмкін. Бірақ та, құрылтай құжаттармен бекітілген шектеулер қатысушының өз үлесін тұлғаға беруге тиым салуы мүмкін.

Алушы ретінде ЖШС өзі табылуы мүмкін.

Қарыздары бойынша серіктестік үлесін өндіріп алу сұрағы күрделі болып келеді. Осындай өндіріп алу бұрындары да ескерілген, бірақ та оны жүзеге асыру реттілігі толығымен негізделмеген еді. Соттың шешіміне сүйене отыра кредитор қатысушының жеке қарыздары бойынша оның үлесінен өндіріп алуға құқылы.

ЖШС басқару жүйесінде және реттілігінде келесі жайттар бойынша анықтылық талап етіледі, бұлар:

1. Жиынның кворумын анықтауда;
2. Талап етілетін дауыстың көпшілігін белгілеу;
3. «Қатысушы» және «Қатысушыға тиісті дауыс саны» деген ұғымдардың арақатынасы.

Жартыдан көп дауыстары бар қатысушыларды келу сәтінде кворум сақталады деп заңның 47 б бекітілген. Күн тәртібінде білікті көпшіліктің дауыстарымен шешілуді талап ететін сұрақтары бар жиындарда жалпы дауыстың 2/3 –не ие қатысушылар келген сәтте кворум болады. Бір ауыздан келісуді талап ететін шешімдерді қабылдау үшін де осындай кворум қажет.

Кей сұрақтарды қабылдауда көпшілік дауыс санымен емес қатысып отырған қатысушылармен белгіленуі де мүмкін.

ЖШС қатысушысының серіктестік алдында өз міндеттемелерін бұзған жағдайында жалпы жиынның шешіміне сай, серіктестік қатысушысының үлесін серіктестікпен қатысушының келісімімен белгіленген баға бойынша сот арқылы мәжбүрлі түрде сатып алуды талап етуге құқылы. Мәжбүрлі сатып алынатын үлестің бағасы бойынша келісім болмаған сәтте оны сот бекітеді (ҚР АҚ 82б).

Серіктестіктің атқарушы органы және бақылау кеңесінің мүшесі ретінде серіктестіктің қатысушылары және басқа да тұлғалар бола алады. Серіктестікке келтірген залалы бойынша қатысушылардың талабы бойынша серіктестіктің атқарушы органының мүшелері жауапқа тартылуы мүмкін.

Атқарушы органның мүшелері серіктестің банкроттығы бойынша келген залалдарға жауапты болады.

Банкроттық әр түрлі себептердің салдарынан болуы мүмкін, объективті сипатты факторлар, серіктестік алдында үшінші тұлғалардың өз міндеттерін

дұрыс атқармағандығынан және т.б. Сонымен қатар, банкроттықтың себебі болып серіктестіктің атқарушы органының кәсіпқойлық рискін дұрыс бағаламауы да болуы мүмкін.

Банкроттық сәтіндегі серіктестік қатысушыларының жауапкершілік мүмкіндігі туралы сұрақтарды шешу мәселесі қиындық тудырады. Бұл арада заңнамалық актілердің «Банкроттық туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы АҚ 44 бабының бір–бірімен қарама–қайшылығы байқалады. Аталмыш актілердің белгілі жағдайларды реттейді, бірақ та әртүрлі шешеді.

4. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік дегеніміз болмашы ерекшеліктеріне қарамастан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзі болып табылады. Қатысушылардың өз міндеттемелері бойынша жарғылық капиталға салған салымдарымен жауап береді, ал осы сомдар жеткіліксіз болған сәтте бір рет салған салымдары мөлшердегі өз мүліктерімен қосымша жауап беретін серіктестік ҚЖС деп аталады.

Серіктестіктің орналасу жерінің өзгеру реті мен салдары, жарғылықтың өзгеруі, міндеттемелер бойынша жауапкершілік және т.б. сұрақтар Заңда көрсетілген.

Серіктестік тарихында алғаш рет кезектен тыс жалпы жиналысты шақыру және сұрақтары күн тәртібіне енгізу мәселесіне шектеу қойылды. Жалпы дауыстың 20 пайызын көп дауысқа ие қатысушы жалпы жиналыстың күн тәртібіне белгілі бір сұрақтарды қоюға құқылы.

Жалпы жиналыстың шешімі сотта дауыс беруіне қатыспаған немесе қарсы дауыс берген серіктестікке қатысушыға осындай шешімнің жалпы жиналыспен қабылданғандығы туралы белгілі болған немесе белгілі болуы мүмкін деген күннен бастап 6 ай ішінде берілуі керек.

ЖШС сияқты ҚЖС әділет органдарына тіркелу үшін Жарғыны, тіркелу туралы арызды және тіркелуге төленетін соманың квитанциясын тапсырады. Жарғы барлық құрылтайшылардың қолымен бекітіледі.

Жаңа қатысушы серіктестікке төрт негізде қабылданады. Бұл шарт органның құзыретті басшысының және жаңа қатысушы арасында бекітіледі.

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ

Акционерлік қоғам деп өз қызметін жүзеге асыру үшін ақша – пұлды жинау мақсатында акцияларды шығаратын заңды тұлға.

Қоғам акционерлердің мүлкінен бөлек мүлікке иемденеді. Акционерлердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде міндеттемелер бойынша жауапты.

Қоғам акционерлік оның міндеттемелері бойынша жауапты емес және ҚР заңнама актілерімен белгіленген жағдайларда өз акциясының сом мөлшерінде қоғам қызметімен байланысты шығындар бойынша жауапты.

Қазақстан Республикасы заңнамаларында ескерген жағдайларда АҚ ұйымдастырулық–құқылық нысанында коммерциялық емес ұйымдар құрылуы мүмкін.

Қоғам (коммерциялық емес ұйымдардан басқасы) облигацияларды және құнды қағаздардың басқа түрлерін басып шығаруға құқылы.

Қоғамның атауы «Акционерлік қоғамның» ұйымдастырулық–құқылық нысанының бағыттамасына сай болуы керек. Қоғамның атауының қысқартылған «АҚ» аббревиатурасына рұқсат беріледі. Аббревиатура қоғам атауының алдында орналасуы қажет.

Халықтық акционерлік қоғам ретінде өз капиталының мөлшері айлық есептік көрсеткіштің кемінде 1000000 еселенген мөлшеріндегі болатын және акционерлердің саны бес жүз және одан да көп қоғам табылады.

Қоғамды *халықтық акционерлік қоғам* деп оның ұсынысы негізінде құзыретті орган табады немесе қоғамның жеке капиталының мөлшері және акционерлер саны туралы түскен ақпараттар негізінде құзыретті орган табады.

Қоғамды ХАҚ деп табу реттілігін құзыретті орган белгілейді. Қоғам:

1. Ол таратылған немесе қайта ұйымдастырылған (қоғамға басқа қоғам қосылған және одан бір немесе бірнеше жаңа қоғамдар бөліп шығарылған жағдайларды қоспағанда);

2. Өз капиталының мөлшері он екі айдан астам мерзімінде айлық есептік көрсеткіштің 1000000 еселенген мөлшерінен төмен сомаға дейін азайған;

3. Акционерлердің саны алты ай ішінде 500-ден төмен азайып кеткен жағдайларда халықтың АҚ мәртебесінен айырылуы қоғам құрылтайшылары ретінде оны құру жөнінде шешім қабылдаған жеке және немесе заңды тұлғалар табылады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдар мен мекемелер Қазақстан Республикасы заңнама актілеріне сай қоғам құрылтайшылары немесе аукционерлері бола алмайды. Бұл жайт Қазақстан Республикасы Үкіметіне, жергілікті атқару органдарға, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісіне қатысты емес. Мемлекеттік кәсіпорындар қоғам құрылтайшылары болуға құқылы және осы кәсіпорынға қатысты меншік және мемлекеттік басқару органының функциясын атқаратын мемлекеттік органның келісімімен оның акцияларын ала алады.

Қоғам құрылтайшылары ретінде бір тұлға болуы мүмкін. Қоғам құрылтайшылары қоғамды құрумен және мемлекеттік тіркеу салдарынан болатын шығындарды бірге төлейді.

Қоғам оның құрылтайшыларының жиналысының шешімімен бекітіледі. Егер қоғам бір тұлғамен бекітілсе, онда осы тұлғамен қоғам бекітіледі деген шешім қабылданады.

Бірінші құрылтай жиналысында құрылтайшылар келесі шешімдерді қабылдайды:

1. Қоғамның құрылуы туралы шешім қабылдайды және қоғамды құру бойынша бірлесіп қызмет атқару ретін белгілейді;
2. Құрылтай шартты бекітеді;
3. Жарғылық капитал мөлшерін белгілейді;
4. Белгіленген акциялар санын белгілейді;
5. Белгіленген акцияларды мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайды;
6. Қоғамды тіркеушіні сайлайды;

7. Мемлекеттік тіркеу үшін қоғам атынан құжаттарға қол қоюға құзыретті тұлғаларды сайлайды;
8. Қазақстан Республикасы заңнамасына сай қоғам құрылтайшыларының жарғылық капиталға салынатын мүлікті бағалайтын тұлғаларды белгілейді;
9. Қоғамның жарлығын бекітеді.

Қоғам *жай акцияларды* немесе *жай және артықшылықты* акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Акционерлік қоғам нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдар артықшылықты акцияларды шығаруға құқысы жоқ. *Акция* бөлінуге жатпайды. Егер де акция жалпы меншік құқысында бірнеше тұлғаларға тиісті болса, онда олар бір акционер деп табылады және өз өкілі арқылы акцияда көрсетілген құқыларға иеленеді.

Қазақстан Республикасы Заңнама актілерімен келесі шектеулер қойылады:

1. Қоғам акцияларымен мәмілелер жасау;
2. Бір акционерде қоғам акцияларының максималды көлемі;
3. Бір акционерге берілген қоғам акциялары бойынша максималды тұрғыда дауыс алуы.

Қоғам басқа да құнды қағаздарды шығаруға құқылы. Бұлардың шығару шарттары және реттілігі, айналуы және өтеуі Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы бекітіледі.

Жай акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысында қатысуға, дауысқа салынған барлық сұрақтарды шешуде дауыс беруге, таза табыс бар сәтінде дивиденттерді алуға, Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіп бойынша жойылған қоғамның мүлкінің бөлігін алуға құқы береді.

Артықшылықты акцияларды меншік иелері, акционерлер – қоғам жарғысымен бекітілген алдын-ала белгіленген кепілді көлемде дивиденттерді алуда жай акция меншік иелеріне қарағанда жеңілдіктерге иеленеді.

Қоғамның артықшылықты акцияларының көлемі жарияланған акциялардың жалпы санның 25 пайзынан аспауы керек.

Артықшылықты акциялар акционерге қоғамды басқаруға қатысуға құқы бермейді. Бұл ережеде бірнеше өзгешеліктер бар. Егер:

1. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Шектеу қою үшін артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;
2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;
3. Артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе, артықшылықты акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді.

Құрылтай жиналысы немесе акционердің жалпы жиналысы жарғылықты капиталды қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын «алтын акцияны» енгізуі мүмкін. «Алтын акция» иесі акционерлердің жалпы жиналысының директорлар кеңесі мен атқарушы органның шешімдеріне қоғам

жарғысында белгіленген мәселелер бойынша вето қоюға құқығы бар. «Алтын акция» куәландырылған вето қою құқығы басқаға берілмеуі тиіс.

Коопертив мүшесі екі тұлғадан аз болмауы керек. Осы ереже оның құрылуымен бірге, жұмыс атқару мерзіміне тиісті. Егер де кооперативтен барлық мүшелер шығып, бір мүше қалған болса, онда ол алты ай ішінде жаңа мүшелерді қабылдай алуға, не оны жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе акционерлік қоғамға қайта құруға құқылы.

Келесі белгісі – кооператив мүшелерінің оның қызметіне жеке еңбек атқару тұрғысында міндетті түрде қатысуы. Бұл дегеніміз тұлғаның кооперативпен еңбектік қатынасқа міндетті түрде болуы. Нақтылай айтсақ олардың қатынастары еңбек заңнама нормаларымен реттелуі керек.

Өндірістік кооперативтің (бұдан-былай ӨК) мүшелері өз еңбегімен бірге мүліктік салымдарымен қатысады. Заңнама актілермен осы салымның минималды мөлшері белгіленбеген, бұл кіші кәсіпкерлер үшін қызығушылық тудырады.

Кооператив анықтамасы бойынша ӨК қағидасы ретінде оның мүшелерінің біріккен кәсіпкерлік қызмет табылады. ӨК мүшелері үшінші тұлғалармен жеке, өз атынан жек және меншіктік жауапкершілік тұрғысында нақты қатынасқа түспейді. Қызығушылық танытқан тұтынушылардың сұранысын қанағаттандырмайды. Осы әрекеттер кәсіпкерлік қызметтің жеке субъектісі ретінде ӨК өзінен шығады.

ӨК өз қызметін Жарғыға, не құрылтай шарт пен жарғыға сүйене отыра атқарады. Құрылтайшылар өз еркілерімен құрылтай шартты бекіту керектігі жөнінде шешім қабылдайды. ӨК құрылтай құжаттары нотариалдық куәландыруды заңнама талап етпейді, сол себепті олар жай жазбаша түрде құрылуы мүмкін. Жарғы құрылтайшылардың жалпы жиналысында бір ауыздан бекітіледі және басқарма төрағасымен қол қойылады.

Жарғының мазмұны коммерциялық құпия болып табылмайды. Үшінші тұлғалардың талабы бойынша ол оларға танысу үшін ұсынылады.

Кооператив меншік құқығының жеке субъектісі болып табылады.

ӨК жарғысы кооператив мүшелерінің әр бірінің салым төлемі туралы мәліметтерді қамтиды, себебі оның көлемі ӨК мүмкіндігі оның үлесін анықтайды.

Кооперативте табысты мүшелер арасында бөлудің шаруашылық серіктестерге қарағанда өзге тәртібі бар. Табыстың көлемі салымның көлеміне қатысты емес, керісінше кооператив қызметіне қатысқан, күш қосқан еңбек үлесіне қатысты.

Шаруашылық серіктестерге қарағанда кооператив мүшесі салған салымына қарамай бір дауысқа иеленеді.

ӨК жоғарғы органы ретінде олардың мүшелерінің жалпы жиналысы табылады. ӨК мүшелік өз еркімен не ықтиярсыз түрде тоқтатылуы мүмкін. Өз еркімен шығу тәртібі немесе үлесті беру тәртібі бойынша шығарылады.

ӨК шығу бір жақты мәміле. Бұл үшін басқа мүшелерінің келісімі қажет емес. Кооперативтен шығар алдында тұлға атқару органының басшысын екі апта бұрын ескертуі қажет.

ӨК ықтиярсыз шығару жалпы жиналыстың шешімімен жүзеге асырылады. Бұл шешімнің заңды болуы үшін мүшелердің үштен екісінің дауысы қажет етілмейді.

ӨК өз мүшелерінің келісімді шешімімен шаруашылық серіктестікке қайта құрылуы мүмкін. ӨК коммерциялық емес ұйымға қайта құрылуына рұқсат берілмейді.

МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫН

Мемлекеттік кәсіпорындар қатарына мынадай кәсіпорындар жатады:

1. Шаруашылық жүргізу құқысында құрылған кәсіпорындар
2. Жедел басқару құқысында құрылған (қазыналық кәсіпорын) кәсіпорындар (АК 1026 1 тармағы).

Мемлекеттік кәсіпорындар түріне қарай келесілерге жіктеледі:

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорын;
2. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын жергілікті әкімшілік басшының шешімімен құрылады.

1996 жылғы қарашаның 30 жұлдызындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 163 8 қаулысымен мемлекеттік кәсіпорындардың құрылу тәртібінің ережесі бекітілді. Осы ережеге сай республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды құру туралы ұсыныстар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілуі қажет. Ал, коммуналдық үшін – тиісті аумақты органдардың келісуімен.

РМК қатысты өкілетті орган болып Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін министрліктер, мемкомитеттер, ведомстволар және басқа да органдар табылады.

Коммуналдық кәсіпорындарға қатысты өкілетті органдар болып жергілікті әкімшілік басшылығының белгіленген жергілікті атқарушы органдары табылады.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның қазыналық кәсіпорыннан айырмашылығы:

- бірінші, меншігіндегі мүлікке деген құқылары;
- екінші дербестігінде;

үшінші қаржы бөлу көздерінде (егер ШХҚК өз табыс мөлшерінде жүзеге асады, ал қазыналық кәсіпорын шығынды өтеуде өз табысының жетіспеушілігі байқалса, онда тиісті бюджеттен көмек көрсетіледі.

2.6. КОМЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ

Өз қызметінің негізгі мақсаты кіріс түсіруді көздемейтін және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін ұйым коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу; азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен жанжалдарды шешу; азаматтардың рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, денешынықтыру мен спортты дамыту және басқа да мақсаттарда құрылуы мүмкін.

а) Мекеме

Мемлекет Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңнамаларына сай немесе Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және астана, облыстар, республикалық бағыныстағы қалалар әкімдерінің шешімдеріне сәйкес құрылатын және егер заң актілерінде қосымша қаржыландыру көздері белгіленбеген болса, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мекеме *мемлекеттік мекеме* деп танылады.

Жеке меншік мекеменің мүлкі жеңіл басқару құқысында оған бекітіледі.

Мекеменің міндетті түрдегі белгісі болып – өз қызметінен табыс алуды көздемеу. Былай айтқанда мекеме кіріс алуы мүмкін, бірақ та бұл оның мақсаты емес.

Өзінің құқық қабілеттілік шеңберінде мекеме кәсіптік қызметті атқаруы мүмкін. Осы құқысы құрылтай құжаттарда бекітілуі тиіс. Мемлекеттік орган болып табылатын мекеме ешбір жағдайда кіріс беретін қызметпен айналыспауы керек.

Мекеме реттілігінде мемлекеттік органдар мемлекет атынан емес өз атынан, азаматық – құқықтық қатынастар түскен жағдайларда қарастырылады.

ә) қоғамдық бірлестік

Қоғамдық бірлестік деп Қазақстан Республикасы – да заңға қарсы келмейтін жалпы мақсаттарға қол жеткізу үшін өз еркімен құралған саяси партиялар, кәсіби одақтар және басқа бірлестіктер табылады.

ҚБ құқылық мәртебесі «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңмен негізделеді.

Қоғамдық бірлестіктер азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандықтарын іске асыру және қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту, кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, айналадағы табиғи ортаны қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдени–атқару спорттық–сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан Республикасы заңдарына қарама–қайшы келмейтін өзге де қызметтерді атқару мақсатында құрылып, жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы аумағында әскери құрылым сипатындағы, әскери киімі бар, арнайы айырмашылық белгілері бар ҚБ құрылуына тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы тұтастығын бұзуды, конституциялық құрылымын өзгертуді, мемлекеттік қауіпсіздікке залал келтіруді мақсат тұтатын ҚБ құрылуына және қызмет атқаруына тыйым салынады.

Азаматтардың денсаулығы мен рухани негіздеріне қастандық жасайтын ҚБ құруға және оның қызмет атқаруына, сондай – ақ тіркелмеген ҚБ қызметіне жол берілмейді.

ҚБ қатысушылары (мүшелері) бірлестікке берілген мүлікке меншік құқылары жоқ.

ҚБ құрылтайшыларының санына шек қойылмайды. Құрылтайшы болып тек әрекет қабілеттігі бар азаматтар бола алады.

ҚБ мүшелері бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал бірлестік барлық қатысушылардың міндеттемелрі бойынша жауап бермейді.

ҚБ Қазақстан Республикасы азаматтарының ынтасымен құрылады. Мүше саны 10 аз болмауы керек.

ҚБ міндетті түрдегі белгісі – табыс табуды көздемеу. Қазақстан Республикасы - да республикалық, аймақтық және жергілікті ҚБ құрылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері бар бірлестіктер республикалық қоғамдық бірлестіктерге жатады. Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан азының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері бар бірлестіктер аймақтық ҚБ – ге жатады. Жергілікті ҚБ Қазақстан Республикасы бір облысы ішінде жұмыс істейтін бірлестіктер жатады.

б) Қорлар

Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүлікті жарнамалар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамға пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым *қоғамдық қор* деп танылады.

Қорлардың түрлері:

1. Құрылтайшылардың құрамына, қызметіне орай мына түрлерге бөлінеді:
 1. жеке
 2. корпоративті
 3. қоғамдық
 4. мемлекеттік

Қызмет мақсатына орай: әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және басқа қорларға бөлінеді.

1. *Жеке қор деп* – бір жеке тұлғамен немесе отбасы мүшелері болатын жеке тұлғалармен өз қаржыларына сүйене құрылған қор. Сонымен қатар, жеке қор жеке тұлғаның нотариалды тұрғыда куәландырылған мұрағаты бойынша құрылуы мүмкін.

2. *Корпоративтік қор дегеніміз* – бір заңды тұлғамен немесе бірнеше коммерциялық және комерциялық емес ұйым болатын заңды тұлғалармен құрылады.

3. *Қоғамдық қор дегеніміз* – бір отбасының мүшелері болып табылмайтын жеке тұлғалармен және қоғамдық бірлестік болып табылатын заңды тұлғалармен құрылатын қор.

4. *Мемлекеттік қор дегеніміз* – мемлекеттік органдардың шешімімен құрылатын қор. Мемлекеттік органдармен белгіленген тәртіп бойынша оған мемлекеттік меншікті иемдену, пайдалану, қолдану құқылары беріледі.

ДІНИ БІРЛЕСТІК

Діни бірлестік – бұл, Қазақстан Республикасы АҚ 34 б. белгіленген коммерциялық емес заңды тұлғалардың соңғы ұйымдастырулық–құқылық нысаны.

Діни бірлестік – бұл рухани қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген, азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі (АҚ 109 бабының 1 тармағы). Діни бірлестік құқылық негізін «Діни бірлестіктер туралы» Заңмен айқындалған.

Діни бірлестік 10 адамнан аз емес бір топ азаматтармен құрылуы мүмкін. Жарғы әділет министрлігінде тіркеуге алынуы қажет. Жарғыда діни бағыттылығы, діни бірлестік құрамы, қалыптасу тәртібі, басқару органдарының құзыреті және мерзімі көрсетіледі.

Діни бірлестіктің қызметінің дін оқытатын жағын айқындайтын құжаттар мемлекеттік органдарда тіркеуге жатпайды.

Мемлекеттік тіркеу мерзімі діни және басқа сараптаманы жүргізу сәтінде, сондай-ақ діни бірлестік ұсынған құжаттар бойынша маманның қорытындысын алу қажеттілігі пайда болғанда тоқтатылады.

Діни бірлестік өз мүлкінің меншік иесі болып есептеледі. Діни бірлестіктің меншігінде шет елде орналасқан мүлік те болады. Мемлекетке діни бірлестікті қаржыландыруға тыйым салынады. Діни бірлестіктің саяси партиялар қызметіне қатысуына немесе оларға қаржы жағынан қолдау жасауына жол берілмейді.

Діни бірлестік жарғыға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады және шаруашылық серіктестік нысанында кәсіпорынды құруға құқылы. Діни бірлестік жаңадан құрылған кәсіпорынның мүлкін меншіктене алмайды, бірақ құрылмайшы болады және кәсіпорын мүлкіне міндеттемелік құқын сақтайды.

Коммерциялық емес заңды тұлғалардың ұйымдастырулық нысандарын қарастыра отыра қоғамдық өндірістің сипаты, оның аумақтық ұйымдастырылуы, өндіріс құрылымы, мамандық деңгейі, аумағының даму кешені коммерциялық ұйымдардың қалыптасуына белгілі тұрғыда ықпал етеді.

2.7. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ

Заңды тұлғаның сот шешімімен таратылуының бірден–бір негізі болып банкроттық табылады.

Банкроттық – борышкердің соттың шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі (АҚ 526).

Банкроттық туралы Заңның реттеу пәні болып мүліктік айналымға қатысушы ретінде заңды тұлғаның борышын өтей алмауымен байланысты пайда болатын қатынастарының кешені табылады. Ең алдымен сот үшін борыштының банкроттық туралы істі қозғауға мүмкіндік беретін белгілер мен деңгейлері анықталады, бұлар: байқау, сыртқы басқару, конкурстық

өндіріс немесе Заңмен бекітілген талаптарға сай ерікті түрде борышты деп өзін хабарлау.

Банкроттық туралы Заңының құқылық реттеуінің өзіндік белгісі болып оған процессуалдық заңнамаға қатысты нормаларды материалдық–құқылық нормалармен сабақтасуы табылады. Банкроттық туралы істерді қарастыру тәртібіне арналған арнайы ережелердің негізгі бөлігі Заңның III тарауында айқындалған.

Борышкер болып табылатын заңды тұлғалардың шеңбері 2 бапта айқындалған.

Заңды тұлғалардың барлық түрлері бірдей банкрот процесіне ұшыратуға жатпайды. Былай айтқанда, қазыналық кәсіпорындарға, мекемелерге, мемлекеттік мекемелерге банкроттық институты қолданылмайды, себебі бұл заңды тұлғаларға несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін ақшасы жетіспейтін жағдайларда мүліктің меншік иесі ортақ жауапты болады.

Борышын өтей алмайтын заңды тұлғаға заңға қайшы келмейтін шаралар қолданылуы мүмкін. Бұл шаралар таратуды алдын–алуға, оның төлем қабілеттілігін қайта қалпына келтіруге бағытталады.

Оқыту рәсімі коммерциялық ұйымдарға қатысты соттық тәртіп бойынша борышкердің өтініші, кредиторлар мен құзыретті органдардың келісімі болған жағдайда қолданылады.

Борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолданудың негізі болып оның жойылуын алдын–алу мақсатында оның төлем қабілеттілігін қайта қалпына келу мүмкіндігінің болуы табылады. Нақты мүмкіндігі борышкердің аудиторлық есеп пен және тиісті құжаттармен (шарттар, есептер, экономикалық негізделумен және т.б. Заңның 45б.). дәлелденеді.

Банкроттық рәсімді, оңалту рәсімін және оңалту рәсімін жүргізу мезгіліне соттан тыс жою рәсімін жүзеге асыру үшін борышкердің барлық органдары оны басқарудан алыстатылады және мүлікті істерді басқару функциясы оңалту рәсімін жүзеге асыратын басқармаға жүктеледі.

Оңалту және конкурстық басқарушылар борышкердің жалғыз құзыретті басқару органы ретінде табылады.

Оңалту және конкурстық басқарушылар болып келесілер тағайындалмайды, бұлар:

1. Борышкердің немесе кредитордың әкімшілігінің лауазымды тұлғасы;
2. 1-баптың 1,2,5 тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша басшылықтан алыстатылған тұлға;
3. Бұрын банкрот болып табылған мекеменің басшысы;
4. Төлем қабілеті жоқ борышкер немесе оның кредиторы болып есептелетін шаруашылық серіктестіктің, акционерлік қоғамның қатысушылары, кооператив мүшелері;
5. Жұбайы, туған ағалары және аналары.

Конкурстық өндірістің жүзеге асуының мақсаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру және банкротты борыштан бос деп хабарлау.

Конкурстық өндірістің жүргізу мерзімі алты айдан аспауы керек.

Конкурстық басшының арызы мен кредиторлар комитетінің келісім бойынша осы мерзім құзыретті органмен 3 айға ұзартылуы мүмкін (Заңның 65б).

Соттың борышкерді банкрот деп табу және оны тарату туралы шешімі қабылданағаннан кейін келесі салдарлар орын алады:

1. банкротқа мүлікті қабылдау және уақытша беруге рұқсат берілмейді
2. банкроттық борыштың міндеттемелерінің мерзімі өтті деп есептеледі
3. банкроттық барлық борыштары бойынша қосу тоқтатылады
4. егер қабылданған шешімдер заң күшіне енбесе, онда сотта банкроттық қатысуымен сотта қарастырылатын мүліктік сипаттағы даулар тоқтатылады
5. мүліктік талаптар банкротқа конкурстық өндіріс шегінде қойылады

Заңды тұлға таратылған кезде оның несие берушілерінің талаптары АҚ 51б көздегендей, мынадай кезек бойынша қанағаттандырылады:

6. Бірінші кезекте – таратылатын заңды тұлға өміріне немесе денсаулығына залал келтіргені үшін жауапты болған азаматтың талаптары тиісті мерзімді төлемдерді капиталға айналдыру жолымен қанағаттандырылады
7. екінші кезекте – несие берушілердің қамтамасыз ету сомасы шегінде таратылатын банкроттық мүлкін кепілге салып, қамтамасыз етілген міндеттемелрі туралы талаптары қанағаттандырылады;
8. үшінші кезекте – еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбегіне ақы төлеу және авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу туралы есеп айырысу жүргізіледі.
9. төртінші кезекте – бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлесдер туралы борыш төленеді
10. бесінші кезекте – заң құжаттарына сай басқа да несие берушілермен есеп айырысады.

3. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ОБЪЕКТИЛЕРІ

Азаматтық - құқық объектілерінің ұғымы мен түрлері. Азаматтық құқықтың нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар азаматтық құқық объектісі деп аталады. Мүліктік және мүліктік емес игіліктер сондай-ақ құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады. Азаматтық кодекстің 115-бабына сәйкес азаматтық құқық объектілеріне кеңінен тізе келтірілген: айта кететін болсақ мүліктік игіліктер мен құқықтарға жататындар: заттар, ақша, соның ішінде шет ел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс қызмет, шығармашылық қызметің объектіге айналған нәтижелері, фирамлық атаулар, тауарлық белгілер және өзге де атаулар т.б. азаматтық құқық объектілерінің қатарына жатқызуымызға болады. Өйткені бір ғана мысал ретінде азаматтық құқық объектісі болып табылатын бағалы қағаздардың өзін алсақ та жеткілікті. Мұндай объекті бұрынғы Қазақ ССР-нің Азаматтық кодексінде мүлде жоқ болатын. Демек осы жұмысты жалғастыра отырып нарықтық қатынастардағы азаматтық құқық объектілері туралы көп мағлұмат жинап,

білімдерін едәуір көбейтіп тыңдаушыларда түсінетіні анық. Және бұл келешекте сіздерге тигізер пайдасы мол болатыны да мен үшін түсінікті.

3.1. ЗАТТАР-АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Заттың ұғымы туралы қазіргі қолданып жүрген заңда айтылмаған, оның ұғымы азаматтық зерттеулерде берілген. Азаматтық құқық саласы тұрғысынан алып қарағанда, *зат дегеніміз* - физикалық дене ретінде және оның адам еңбегімен жасалған, сол сияқты табиғи күйінде де кездесетін (болатын) сыртқы материалдық дүниенің бір бөлігі болып табылады²⁵. Азаматтық құқық объектілері ретінде мүлктік және мүлктік емес игіліктер танылады. Аталған игіліктерге байланысты азаматтық құқық субъектілері өзара құқықтық қатынастарға түсе алады. Бұл объектілердің ауқымы өте кең. ҚР АҚ 115 бабына сәйкес азаматтық құқық объектілеріне заттар, ақша соның ішіне құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, ақпарат, интеллектуалдық қызметің нәтижелері, сонымен қатар оларға ерекше құқықтар; жеке мүлктік емес игіліктер жатады²⁶.

Заттар – адам еңбегімен жасалған, сол сияқты табиғи күшінде кездесетін сыртқы материалдық дүниенің бір бөлігі. Олар адам еңбегімен жасалған материалдық, рухани құндылықтар, табиғи күйінде кездесетін және адамдар өз қызметінде қолдана алатын заттар – жер, пайдалы қазбалар, өсімдіктер және т.б. жатады. Азаматтық құқық субъектілерінің белгілі бір қажетіліктерін қанағаттандырылуы заттардың ерекше белгілері ретінде қарастырылады.

Сонымен зат дегенімізге анықтама беретін болсам азаматтық құқық тұрғысынан алып қарағанда табиғи күйінде кездесетін, адам еңбегімен жасалған материалдық дүниенің құндылықтарын айтамыз.

Заттарды иелену, пайдалану, билік ету қатынастарын құқықтық реттеу оның табиғи қасиетіне, экономикалық және қоғамдық маңызына негізделеді. Заттарды ғылыми жіктеу тек теория жағынан ғана емес,

практикалық жағынан маңызы зор және әр құқық субъектілерінің белгілі бір заттың түріне қатысты әрекет етуін айқындайды.

Сонымен қатар М.К. Сүлейменов азаматтық құқық объектілерін зерттеу барысында заттарды жіктеуге аса назар аудару керек деп есептейді. Олар негізінен мынандай түрлерге жіктеледі: өндіріс құралдары мен тұтыну заттары, қозғалатын және қозғалмайтын заттар, бөлінетін және бөлінбейтін заттар, басты зат және керек жарақ, жеміс, өнім және табыс²⁷.

Затты заңдық жағынан саралау (жіктеу) көбіне көп оның табиғи қасиетіне (физикалық немесе экономикалық) немесе қоғамдық маңызына негізделеді және әр құқық субъектілерінің белгілі бір заттың түріне қатысты әрекет етуін айқындайды.

²⁵ Сүлейменов М.К. Басин Ю.Г., гражданское право. Алматы, 2003 г.

²⁶ Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999ж 1 шілде (2014ж 10.06. берілген өзгерістер мен толықтырулар мен)

²⁷ «Сүлейменов М.К. Басин Ю.Г.» гражданское право Алматы 2003г.

Азаматтық кодекстің 117-бабына сәйкес заттардың өзі жылжымалы және жылжымайтын болып екіге бөлінеді. Затты қозғалмайтындар қатарына жатқызу екі жағдайға, яғни материалдық жағынан затты жерден айыруға болмайтындығына және оны орнынан қозғау үшін шығындану қажеттігіне байланысты. Кейбір жағдайларда, заң қозғалатын мүліктерді, атап айтқанда, әуе және теңіз кемелерін, ішкі суда жүзу кемелерін, "өзен-теңіз" жүзу кемелерін, ғарыш объектілерін қозғалмайтын түрге жатқызады. Қозғалмайтын мүлікке теңестірілетін объектілер тізімі толық еместігін еске сала кеткен жөн. Азаматтық кодексте заң актілері бойынша қозғалмайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін.

Қозғалмайтын заттарға меншік құқығы мен басқа да құқықтар, бұл құқықтарға шек қою, олардың пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы мемлекеттік тіркелуге тиіс²⁸ (АК-тің 118-бабының 1-тармағы).

Қозғалмайтын мүліктің ерекше түрінің бірі кәсіпорын болып табылады. Заң бойынша "кәсіпорын" термині екі мағынада кәсіпорын деп аталады (АК-тің 102-104 баптары). Азаматтық құқықтың субъектісі ретінде мұндай кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өтеді. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мүліктік кешен құқық объектісі түріндегі кәсіпорын деп танылады (АК-тің 119-бабының 1-тармағы). Яғни ондай кәсіпорын құқық объектісі болып табылады, кәсіпорын тұтасымен немесе оның бір бөлігі сатып алу-сату, кепілге, жалға беру шарттарының және басқа да мәмілелердің объектісі болуы мүмкін, ол әкімшілік тәртіппен өзге субъектіге берілуі ықтимал.

Мүліктік кешен ретінде кәсіпорын құрамына оның қызметіне қажетті деген барлық мүлік түрлері енеді. Соның ішінде үйлер, ғимараттар, құрылыстар, құрал-жабдықтар, шикізаттар, өнімдер, жер учаскесіне құқық, талап ету құқығы, борыштар, сондай-ақ атауын белгілейтін белгілер (фирманың атауы, тауар белгілері), егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе және тағы басқа айрықша құқықтар болады. Мүліктік кешеннен қандай да бір объектіні алу заңда немесе шартта көрсетілуі тиіс. Кәсіпорынның меншік құқығы мен өзге де құқықтары басқа тұлғаға өткенде, сол тұлға жоғарыда аталған құқықтардың бәрінің бірдей өзіне берілуін талап ете алады.

Азаматтық кодекстің 116-бабының талаптарына сәйкес заттар айналымнан еркін берілетін немесе ауысатын, айналымнан алынып тасталатын және айналымда шек қойылатын түрлерге бөлінеді²⁹.

Азаматтық кодексте айналымнан алынып тасталатын (шығарылған) зат деп азаматтық құқыққа объект бола алмайтын заттарды айтады. Бұл ретте осы заттар адамдардың меншігінде болмайды деген тұжырым жасалады.

Заң "айналымнан алынып тасталған" деген сөзді басқа да мағынада қолданады — мемлекеттік тәртіптің және қоғамдық

²⁸ Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі, (ерекше бөлім). (1999ж, 1 шілде, №409) (2014 ж. 10.06. берілген өзгерістер мен толықтырулар) <http://online.kz>. ж. 46 бет.

²⁹ Ғ. Төлеуғалиев, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы, Алматы, Жеті Жарғы. 2003 ж. 135 бет.

қауіпсіздіктің қамын ойлап иелік ету жолы айрықша жағдайға қойылған заттарға да қолданады. Мәселен, айналымнан шығарылған жеке заттарға мыналарды жатқызуға болады: қару, радий, гелий және т.т. Алайда, бұл заттардың көпшілігі мемлекеттің дара меншіктік объектісі болып табылады. Азаматтар тиісті өкімет орнының рұқсаты бойынша бұл заттарды алып, оған иелік ете алады (АК-тің 116-бабының 3-тармағы). Берілуге рұқсат етілмейтін заттардың түрлері (айналымнан алынып тасталған заттар) заң құжаттарында тікелей көрсетілуге тиіс.³⁰

Азаматтық құқықтың объектілерінің көбі айналым қабілетті болып келетіндігінен өзгеге еркін түрде беріліп, бір тұлғадан екіншісіне ауыса береді. Азаматтық кодексте басқа біреуге беруге болмайтын материалдық емес игіліктер жөнінде арнайы талап бар. Мұндай игіліктер тізімі Азаматтық кодекстің 115-бабының 3-тармағында көрсетілген: олар — өмір, денсаулық, тұлғаның ар-намысы және т.б.³¹.

Заттарды бөлінетін және бөлінбейтін деп бөлу оның табиғатына тән нәрсе (АК-тің 120-бабы). Бөлінетін зат бөлген кезде өзінің бастапқы қасиетінен айрылмайды. Бөлінбейтін зат бөлінгенде мәнін (өзінің шаруашылық мақсатын) жоғалтып алады, сондай-ақ құжаттарында көрсетілгеніндей, бөлуге жатпайтын заттар кездеседі (мәселен, ескерткіш).

Енді күрделі заттар деген ұғымға тоқтала кетейік. Егер әр текті заттар бірігіп, бір мақсатқа пайдаланылса әрі бүтін бір затты құрайтын болса, олар бір зат деп қаралады. Оған мысал ретінде кітапхананы, пошта маркаларының коллекциясын және т.б. айтуға болады. Күрделі заттарды бөлу мақсаты Азаматтық кодекстің 121-бабында айтылған: күрделі зат жөнінде жасалған мәміленің күші, егер шартта өзгеше белгіленбесе, оның барлық құрамдас бөліктеріне қолданылады.

Азаматтық кодексте затты басты және керек-жарақ (қосалқы) деп бөледі (АК-тің 122-бабы), Басты зат деп дербес бола алатын және азаматтық құқықтық қатынастың тікелей пәні болып табылатын затты айтады. Керек-жарақ (қосалқы) зат басты затқа қызмет етеді, өйткені, олардың шаруашылық мақсаты бір болады, егер заңдарда немесе шартта өзгеше белгіленбесе, басты затқа ілесіп жүреді (мәселен, құлыптың кілті, скрипканың қылшыбығы, т.б.).

Азаматтық кодексте жемістер, азық-түлік және табыс деген заттар да қаралған. Бұл затты пайдалану нәтижесінде алынған түсім. Жемістер деп отырғанымыз малдың төлі, жеміс ағаштарының жемісі және т.б., ал табыстар азаматтық айналымда пайда түсіреді, оған жалдамалы ақы, пайыздар және т.б., азық-түлік (өнім) дегеніміз өндірістік мақсатқа орай затты пайдаланудан түскен өнімдер болып табылады.

Затты пайдаланудан түскен нәтижені оның заңды меншік иесі еншілейді. Егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе, Азаматтық кодекс түскен өнімді, жемісті және табысты заң бойынша оның меншік иесінің пайдалануына басым құқығы берілуін қамтамасыз етеді.

³⁰ Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999ж 1 шілде (2014ж 10.06 берілген өзгерістер мен толықтырулар мен)

³¹ Ғ. Төлеуғалиев, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы, Алматы, Жеті жарғы . 2003 ж. 136 бет.

Азаматтық кодекс жануарларды да объект ретінде қарастырады. Азаматтық кодекстің 124-бабына сәйкес жануарларға қатысты қатынастарға, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, жалпы ережелер қолданылады.

Азаматтық кодексте ерекше объектілердің бірі ретінде азаматтың немесе заңды тұлғаның интеллектуалдық меншігін қарастырады, оған интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдары жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдері (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгілері және т.б.) жатады. Шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелері мен ерекше құқықтардың объектісі болуы мүмкін даралану құралдарын пайдалануды үшінші жақтар құқық иеленушінің келісімімен ғана жүзеге асырады.

Азаматтық кодексте ақпарат жөнінде арнайы бап бар, онда қызмет және коммерциялық құпиялардың мән-жайы айқындалған, былайша айтқанда, коммерциялық және басқалай құндылығы бар ақпараттарға қатысты мәселелерге мән берілген. Үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат азаматтық заңдармен қорғалады. Мұндай ақпаратты заңсыз әдістермен алған адамдар, сондай-ақ еңбек шартына қарамастан қызметшілер немесе азаматтық-құқықтық шартқа қарамастан контрагенттер қызметтік немесе коммерциялық құпияны жария етсе, келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті (АК-тің 126-бабы).³²

Азаматтық құқық объектісі ретінде ақшаның бірсыпыра өзгешеліктері бар. Ақша төлемнің заңды құралы болып табылады: ақшаға шағылып жасалған міндеттемелердің қандайын болсын ақша төлемі етуге болады. Тектес қасиеттері бар заттардың ішінде ең өтімдісі (ауыстыруға қолайлысы) ақша. Ақшалай сома төленгенде ақшаның саны есепке алынады, ал ірі-ұсақты білдіретін белгісіне мән берілмейді. Мысалы, 100 теңге қарызды бес жиырма теңгемен немесе екі елу теңгемен және т. с. беріп өтуге де болады.

Теңге Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өз құны бойынша қабылдануға міндетті заңды төлем құралы болып табылады (АК-тің 127-бабы).

Қазақстан Республикасы аумағында шетел валютасымен есеп айырысудың реттері, тәртібі мен шарттары заңдарда белгіленеді. Валюталық қазыналар деп танылатын мүлік түрлері және олар арқылы мәмілелер жасау тәртібі заң құжаттарында белгіленеді. Валюталық қазыналарға меншік құқығы Қазақстан Республикасында жалпы негіздерде қорғалады.³³

Бірінші сұрақ бойынша аздап қорыта кететін болсақ заттардың ұғымы бойынша біршама ғалымдардың пікірін қарастыруымызға болады соның

³² Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999ж 1шілде (2014.10.06. берілген өзгерістер мен толықтырулар мен)

³³ Ғ. Төлеуғалиев Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы, Алматы, Жеті Жарғы . 2003 ж.

ішінде жоғарғыда келтірілген ғалымдардың пікірінің ішіндегі М.К. Сүлейменов мырза азаматтық құқық объектілерін зерттеу барысында заттарды жіктеуге аса назар аудару керек деп есептейді. Олар негізінен мынандай түрлерге жіктеледі: өндіріс құралдары мен тұтыну заттары, қозғалатын және қозғалмайтын заттар, бөлінетін және бөлінбейтін заттар, басты зат және керек жарақ, жеміс, өнім және табыс. Тағы бір осы аталған сұрағымызды басқада ғалымдардың пікірімен басқа бір қырынан салыстыратын болсақ Ғ. Жайлиннің көзқарасы бойынша «заттар азаматтық заңнамада және кейбір жағдайларда азаматтық құқықтық әдебиеттерде қарастыратын жағдайларға мүліктік жіктеу туралы айтылатынына қарамастан шын мәнінде біз заттардың жіктелуі туралы айтуымыз керек» деп есептейді. Сонымен біздің ойымызша Заттарды жіктеу. Азаматтық құқық объектілерін зерттеу барысында заттарды жіктеуге аса назар аудару керек. Олар негізінен мынандай жоғары да көрсетілген автордың ойымен яғни М.К. Сүлейменов мырзаның пікірімен келісетінімізді айтқымыз келеді яғни М.К. Сүлейменов мырзаның ойына тоқталатын болсақ заттарды жіктеу. өндіріс құралдары мен тұтыну заттары, қозғалатын және қозғалмайтын заттар, тұтынылатын және тұтынылмайтын заттар жеке-анықталған және тектік заттар, бөлінетін және бөлінбейтін заттар, басты зат және керек – жарақ, жеміс, өнім және табыс. Осылайша заттарды жіктеу дұрыс деп санаймыз.

3.2. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ИГІЛІКТЕР АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ РЕТІНДЕ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне азаматтық құқық объектілеріне бөлек 3 тарау аранлған. Оның нормалары азаматтық құқық объектілерін жалпылама анықтайды. Сонымен бірге тарау нормалары заттар, ақша бағалы қағаздар сол сияқты мүліктік және мүліктік емес бөлек объектілерінің құқықтық режимінің ерекшеліктерін анықтайды.

Жоғарыда айтылғанға сәйкес мүліктік және мүліктік емес өзіндік игіліктер мен құқықтар объектілері бола алады. Осыған байланысты азаматтық құқықтар объектілері мүліктік игіліктер мен құқықтар және мүліктік емес игіліктер мен құқықтар болып аса екі ірі топқа бөлінеді.

Мүліктік объектілер материалды және материалды емес болуының мүмкін екенін айтып кету қажет. Соның ішінде біз қарастыратын сұрақ мүліктік емес өзіндік азаматтық құқықтар объектілері әрқашан материалды емес болады.

Азаматтық кодекстің 115-бабында азаматқа тиесілі мүліктік емес өзіндік игіліктер мен құқықтардың үлгі тізбесі келтірілген, оған жататындар: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абыройы, игі атак, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, шығармаға қолсұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар. Азаматтық құқық объектілерінің бұл тобының ерекшелігі мынада: 1) бұл құқық Кодексте "жеке мүліктік емес" деген термин

екі түрде аударылған: "мүліктік емес жеке, мүліктік емес өзіндік" деп. 2) мүліктік емес сипаты бар, яғни материалдық мазмұны болмайды; 3) абсолютті құқықтың санатына жатады, яғни бұл құқықтарды ешкім де бұза алмайды; 4) бұл құқықтар ешкімге тапсырылмайтын, әрі өзгеге берілмейтін құқық.

Аталған белгілерге қарап, мүліктік қатынастар тұлғаның өзінің ыңғайына қарай қалыптасып, ал мүліктік емес өзіндік игіліктер жеке тұлғадан ажырамайтындығын көреміз.

Азаматтық кодекс мүліктік емес өзіндік игіліктерді азамат туған сәтінен бастап алатын (жеке мүліктік емес өзіндік игіліктердің бірінші деңгейі) және азаматқа заң арқылы берілетін (жеке мүліктік емес өзіндік игіліктердің екінші деңгейі) деп бөлінеді.

Мүліктік емес өзіндік құқықтардың мүліктік құқықтарды иеленушілерімен байланыс дәрежесіне қарап, мүлікке қатысы жоқ мүліктік емес өзіндік құқық және мүлікпен байланысы бар мүліктік емес өзіндік құқықтар деп ажыратылады.

Мүліктік емес өзіндік құқықты көздеген мақсатына қарай мынадай түрлерге бөлуге болады: а) азаматтың өмір сүруін қамтамасыз ететін мүліктік емес өзіндік құқықтар (мысалы, өмір сүру құқығы, денсаулық сақтау құқығы және т.б.); ә) азаматтың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ететін мүліктік емес өзіндік құқықтар (мысалы, есім алу құқығы, жеке өміріне құқығы және, автор болу құқығы және т.т.).

АҚ-тің 143-бабына сәйкес ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді азаматтық-құқықтық қорғау былайша жүзеге асады, яғни азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды, егер ондай мағлұматтарды таратушы адам олардың шындыққа сай келетіндігін дәлелдей алмаса, сот арқылы теріске шығаруды талап етуге құқылы. Қазіргі қолданыста жүрген ҚР Азаматтық кодексімізде «теріске шығару» ұғымы өкінішке орай көрсетілмеген тек аталған азаматтық кодекстің 143-бабында ар-намысқа, қадір-қасиетке немесе іскерлік беделге кір келтіретін мағлұматтар деп қана жанама түрде айтылған.

Ар-намыс дегеніміз тұлғаның (азамат немесе заңды тұлға) рухани және әлеуметтік болмысына берілетін қоғам бағасы. Ал, қадір-қасиет дегеніміз тұлғаның өзін-өзі бағалауы, өзінің жеке сапаларын сезінуі, қабілет-қарымын көре білуі, дүниетанымын, қоғамдағы орны мен борышының маңызын іштей түсінуі, өзін-өзі бағалау тұлғаның моральдық және басқа сапаларын бағалаудағы әлеуметтік маңызды түйіндерге негізделеді.

Іскерлік бедел тұлғаның кәсіби іскерлік (өндірістік, мамандық) қабілеті жөнінде қалыптасқан қоғамдық пікір.

Азаматтық кодекстің 143-бабына сәйкес сот арқылы мынадай мағлұматтар, атап айтқанда: 1) ар-намыс пен қадір-қасиетке кір келтіретін; 2) жауапкер арқылы таратылған; 3) шындыққа сәйкес келмейтін мағлұматтар

теріске шығарылады³⁴. Аталған талаптардың жиынтығы ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлікке қатысты құқық қатынастарын қорғаудың жалпы негізін құрайды.

Қазіргі кезде сот тәжірибесі мен ғылыми пікірге сүйенсек, баспасөзде, радио және теледидар хабарларында, кино бағдарламаларында және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында кір келтіретін мағлұматтардың жарияланатындығын көреміз. Мысал келтіре кететін болсақ Иванов деген азаматты тілші Каралев «Орталық Қазақстан» газетіне ұрлық қылды деген мақала жариялады нәтижесінде азамат Ивановқа маральдық зиян келтірілді соның негізінде өзінің құқықтарын қорғау жөнінде сотқа талап арыз жолдайды міне осылайша жалған таралған ақпарат бойынша өзінің құқықтарын сот арқылы қорғап келтірілген маральдың орнын толтыруға толығымен құқылы. Сондай-ақ қызмет мінездемесінде, жария түрде сөйленген сөздерде, лауазымды тұлғаға байланысты жасалған мәлімдемелерде немесе бір немесе бірнеше тұлғаның атына бағытталған ауызекі әңгімелерде ондай кір келтірушілік кездесетіні белгілі болып отыр.

Заңда аталған мағлұматтарды таратудың нысандарына қатысты арнайы талаптар қаралмаған. Дегенменде ондай кір келтіретін фактілердің кез келген сипатта көрінуі оны теріске шығаруға жеткілікті негіз болады.

Кір келтіретін мағлұмат деп азаматтың (ұйымның) қолданылып жүрген заң мен моральдық принциптерді бұзуы туралы (әділетсіздікке бару, ұжымда, тұрмыста теріс қылықтар жасау, өндірістік шаруашылық және қоғамдық қызметтерді, беделді қаралау және т.б. туралы) олардың абыройы мен ар-намысына негізсіз нұқсан келтіруді айтады.

Демек, азамат немесе ұйым туралы кез келген кір келтіретін мағлұматты шындыққа жанаспайды деп айта алмаймыз. Ал құқықтық немесе моральдық жағдайды байыбына бармай теріс бағалаған хабарлар жөнсіз кінәлауды білдіреді. Егер мағлұмат ар-намысқа, қадір-қасиетке тимесе, онда ол бейтарап сипатқа ие болады, яғни, оны АҚ-тің 143-бабына сәйкес теріске шығаруға негіз болмайды³⁵.

Азаматтың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар қатарына баспасөзде жарияланған теріс мағлұматтар, радио және теледидар арқылы және басқа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілген хабарлар, қызмет мінездемесінде және басқа мінездемелерде, жария сөз сөйлеулерде, түрлі ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға бағытталған, оның ішінде ауызекі түрде айтылған хабарлар жатады. Ауызекі нысандағы мағлұмат бір немесе бірнеше тұлғаға қатысты болуы мүмкін.

АҚ-тің 143-бабында кір келтіретін мағлұматтардың теріске шығарылуының арнайы тәртібі бекітілген. Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарында азаматқа және заңды тұлғаға қатысты кір келтірушілік мағлұмат жарияланса, онда олар өз кезегінде бұзылған құқығы мен заңды

³⁴ Ғ. Жайлин Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы, Алматы, Жеті Жарғы. 2012 ж. 218 бет.

³⁵ Ғ. Жайлин Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы, Алматы, Жеті Жарғы. 2012 ж.

мүддесін қорғау үшін сол аталған бұқаралық ақпарат құралында дәлелді жауабын тегін жариялатуға құқылы.

Егер аталған мағлұматтар ұйымнан шыққан құжат болса, бұл құжаттағы мағлұматтардың шындыққа сай келмейтіндігі туралы тиісті адамға міндетті түрде хабарлана отырып, мұндай құжат алмастырылуға немесе кері сұратып алынуға тиіс. Өзге реттерде теріске шығару тәртібін сот белгілейді (АК-тің 142-бабының 2-тармағы).

Мағлұматтарды теріске шығару жөнінде берілген талап арызда көрсетілген жауапкер осы мағлұматты таратқан адам не тұлға болып табылады. Егер мағлұматты теріске шығару жөніндегі талап қою бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты болса, онда тиісті бұқаралық ақпарат құралының редакциясы мен кінәлі автор жауапкер болады. Жарияланымдарда және басқалай таратылған әлгіндей мағлұматтарға байланысты автор көрсетілмесе (мәселен, редакциялық мақала), онда іс бойынша сол бұқаралық ақпарат құралы жауапкер болады.

Қызмет мінездемелерінде жол берілген кір келтірушілік мағлұматтарына мінездемені берген және оған қол қойған адам немесе заңды тұлға жауапкер болып табылады.

Азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, олар мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге олардың таратылуымен өздеріне келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратушыны анықтау мүмкін болмаса, өзі жөнінде осындай мағлұматтар тараған адам таратылған мағлұматтарды шындыққа сай келмейді деп тануы туралы сотқа шағымдануға құқылы.

Егер жауапкер соттың шешімін орындамаса, сот оған тәртіп бұзғаны үшін бюджеттің кірісіне өндіріліп алынатын айыппұл салуға құқылы. Айыппұл азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде салынады. Айыппұл төлеу тәртіп бұзушыны сот шешімінде көзделген әрекетті орындау міндетінен босатпайды.

Сонымен шығармашылық қызмет туралы айта кететін болсақ шығармашылық қызметтің нәтижелері ғылыми әдебиет, және өнер туындылары, ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар және т.б. аталған шығармашылық қызметтің өнімдері интеллектуалдық меншік құқығының объектісі болып табылады. Интеллектуалдық меншік – азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметінің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдері (фирмалық атау, тауар белгісі және т.б.)

Шығармашылық қызмет нәтижелері заттардан ерекшелігі, олар материалдық емес игіліктерді қамтиды.

Ақпарат. Ақпаратқа сипаттама беру үшін оны адам қабылдай алатындай нысанда объективті бейнелейтін нәрселер туралы немесе адамдар

туралы мәліметтер ретінде айқындау жеткілікті. Мысалы, ауызша, жазбаша сөздің, графиктердің сызбалардың, кестелердің, компьютерлік және өзге техникалық көмегімен мәліметтерді хабарлау немесе тіркеу.

Ақпарат – бұл материалдық нысанда бейнеленген немесе материалдық құндылық жөніндегі белгілі бір хабар. Азаматтық құқықтың ерекше объектісі ретіндегі ақпарат бірқатар белгілермен сипатталады. АҚ 126 бабына сәйкес үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып; онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші тұлға оның құпиялығының сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат азаматтық заңмен қорғалады.

Азаматтық құқық объектілерінің қатарында жұмыс, қызмет және интеллектуалдық шығармашылық нәтижелеріде жатқызылады.

Сонымен қатар азаматтық құқықтың тағы бір қажеті элементтерінің бірі ретінде мазмұны қарастырылады, мазмұны деп осы азаматтық қатынасты қалыптастырушы тараптардың арасындағы негізгі құқықтары мен міндеттерін айтамыз. Ал азаматтық құқықтың нысаны деп осы жоғарғыдағы жағыдайларды рәсімдеу тәртібін айтамыз, мысалы азаматтық қатынасты ауызша немесе жазбаша нысанда рәсімдеуге болады.

Азаматтық қатынастар тақырыбын қарастыруда тағы бір зейін сала кететін жағыдай ол азаматтық қатынастарды жіктеу болып табылады.

Азаматтық қатынастарды былай жіктеуге болады:

- азаматтық құқық көлемінде байланысты: мүліктік және жеке мүліктік емес;
- реттеу тәсіліне байланысты: заттық және міндеттемелік;
- тұлғаның құқықтық жағыдайына байланысты: абсолютті және салыстырмалы;
- қатысушылардың арасындағы құқықтық жағыдай бойынша: күрделі және қарапайым болып бөлінеді.

Қор дәрісінің екінші сұрағы яғни материалдық емес игіліктер біз өзі материалдық емес игіліктер туралы не білеміз және бұл туралы отандық цивилистика ғалымдарының біршама пікірлеріне тоқталып кеткеніміз жөн соның ішінде Ғ. Жайлин мырзаның пікірінше мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға адамның өмірі, денсаулығы, қадір қасиеті, абырой игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

Сонымен қатар осы аталған материалдық емес игіліктер қатарына біз яғни есім алу құқығы, еркін жүріп-тұру құқығы және тұрғылықты жерді таңдау құқығы сияқты өзіндік құқықтарды материалдық емес игіліктер қатарына жатқызамыз.

Осы сұрақты қарастыу барсыныда Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары Конституцияға сәйкес танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әр адамға туылғанынан тиесілі болып келеді, олар абсолюттік деп танылады.

Азаматтық құқық деңгейінде қарастыратын болсақ олар әдетте жеке тұлғаға тиесілі болып келеді өзіндік мүліксіз құқықтар ретінде қорғалады.

3.3. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Өзінің талай ғасырларға созылған тарихында азаматтық құқық мүліктік айналымды жүзеге асыруды жеңілдететін талай құралдарды игергені мәлім. Дамудың біршама сатыларын бастан кешірген бағалы қағаздар кез келген дамыған экономиканың тетікті механизмдерінің біріне айналды.

Бұлар Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы экономикасында айтарлықтай роль атқаруда. Дегенмен бұл саланы жетілді деу тым ерте, өйткені бағалы қағаздардың шығару, тіркеу және оны биржада еркін сату әлі де оншалықты жетілмеген. Соның салдарынан бағалы қағаздарды реттейтін комиссия бір жыл бұрын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі құрамына кіріп өзіндік тәуелсіздігінен жұрдай болды. Қор биржасының ролі әлі де мардымсыз. Сірә бұл құралдың жетіле түсуі келешекте капитал ауқымы өсіп көпшілігіміздің материалдық мүмкіншілігіміз арта түскенде артық ақшаны осы бағалы қағаздарды сатып алуға жұмсауымыздан туындайтын болса керек.

1. Азаматтық құқық объектілерінің бірі бағалы қағаздар болып табылады. Азаматтық кодекстің 129-бабында оған мынадай анықтама берілген: белгіленген нысан мен міндетті реквизиттерді сақтай отырып, жүзеге асырылуы тек оны көрсеткенде ғана мүмкін болатын мүліктік құқықтарды куәландыратын құжат бағалы қағаз болып табылады. Осындай анықтамадан бағалы қағаздың ерекше сипаты шығады, ол атап айтқанда:³⁶

а) бағалы қағаз түрі және мазмұнымен заң талаптарына қатаң бағынатын құжат. Мәселен, бағалы қағаздармен куәландырылатын құқықтардың түрлері, бағалы қағаздардың міндетті реквизиттері, бағалы қағаз нысанына талаптар және басқа да қажетті талаптар заң құжаттарымен немесе соларда белгіленген тәртіп бойынша бейнеленеді. Ал, міндетті реквизиттерінің болмауы немесе бағалы қағаздың ол үшін белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады;³⁷

ә) бағалы қағаз оның иеленушісінің мүліктік құқығын куәландырады;

б) бағалы қағаздағы құқықты жүзеге асыру үшін оны көрсеткенде не бергенде ғана құқық іске асырылады. Айталық, бағалы қағазда жасалған индоссамент бағалы қағазбен куәландырылған барлық құқықтарды бағалы қағаз бойынша құқықтар берілетін адамға — индоссантқа немесе соның бұйрығына ауыстырады. Индоссамент бланкілік болуы мүмкін (орындауға тиіс адам көрсетілмейді).

Бағалы қағазбен куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру, бұл құқықтарды индоссантқа бермей-ақ (сену индоссаменті) индоссаментке

³⁶Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі 1999 ж 1 шілде (26.07.2016 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;

³⁷Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 ж 1 шілдеде қабылданған заңы (26.07.2016 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;

тапсырумен ғана шектелуі мүмкін. Бұл жағдайда индоссант өкіл ретінде әрекет жасайды (АК-тің 132-бабы).

Азаматтық кодекс бағалы қағазды құжат деумен бірге оны зат деп те көрсетеді. Өйткені, кез келген құжаттың түп төркіні материалдық дүниеге қатысты келеді. Сондықтан да онда көрсетілген әріп таңбалары мен сандары, тасқа басылып не қолмен жазылған жазбалары осы құжат туралы тиісті ақпарат береді. Сонымен бірге кез келген құжаттың бағалы қағаз бола алмайтыны тағы бар, тек заңмен белгіленген шарттық белгілері сақталғаны бағалы қағаз құқығын алады.

Бағалы қағаздың міндетті реквизиттері арнайы нормативтік құқықтық құжаттарында көрсетілген (оның атауы, сериясы, нөмірі, өтініш жасау мерзімі, субъектінің қағаз бойынша көрсетілген міндеті, номиналдық құны, кіріс көлемі немесе марапаттау (пайыздар), қағаз бойынша орындалу орны және басқа шарттар) талаптар болып табылады. Мұндай талаптар түгелдей сақталмаса, яғни бағалы қағаздың міндетті реквизиттерінің болмауы немесе бағалы қағаздың ол үшін белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады (АК-тің 131-бабының 2-тармағы).

Бағалы қағаздар зат ретінде бірнеше түрге бөлінеді, әрі иеленушісінің талап-мүддесіне сәйкес бланк, қағаз парақшасы түрінде кездеседі. Бағалы қағаздың құны тиісті материалдық игіліктің құнына негізделеді.

Азаматтық кодекстің 130-бабы мүліктік құқықтар куәландыратын мазмұнына қарап бағалы қағаздарды облигация, коносамент, акция және заң актілерінде немесе соларда бекітілген тәртіппен бағалы қағаздар қатарына жатқызылған басқа да құжаттар деп негізгі түрлерге бөледі. Кодекстің 130-бабының 2-тармағына сәйкес, бағалы қағаздар іштей ұсынбалы, атаулы және ордерлік болып жіктеледі. Ұсынбалы бағалы қағаздар құжаттың түпнұсқасы болады, ал түпнұсқаны ұсынушы келесі тұлғаға көрсеткен сәтте өзінің өкілеттілігін жүзеге асырады. Демек, ұсынбалы бағалы қағаздар онда көрсетілген мерзімде нақты құнымен басқа мүліктік балама алуға құқық береді. Бағалы қағаздың мәтінінде оны ұсынушы үшін нақты тұлғаның есімі көрсетілмейді, тек бұл құжаттың бағалы қағаз екендігі ғана айқындалады (мысалы, облигация).

Ордерлік бағалы қағаз да құжат болып табылады, ол бойынша міндетті субъект құжат мәтінінде көрсетілген тұлғаға міндеттенген нәрсені орындауды ұсынады, немесе өзі де белгіленген ереже бойынша құжат мәтінінде көрсетіледі. Ордерлік бағалы қағаз құқықтың субъектісі болып табылатын белгілі бір тұлғаға беріледі.

Сонымен бір мезгілде мүліктік құқықтың айналым қабілеттілігін жақсарту мақсатында ордерлік қағаздар үшін оны тапсырудың ерекше механизмі жасалған. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтар бұл қағаз берілген жазу индоссамент арқылы беріледі. Борышқор бұл талапты міндетті түрде сақтауы тиіс. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқық берілетін адам (индоссант) құқықтың болуы үшін ғана емес, оның жүзеге асырылуы үшін де жауапты болады. Индоссамент құжатта (әдетте сыртқы бетінде) жазылады және оның екі түрі болады, яғни бірінде иесі аталып, құқық мирасқорының

аты жазылады, ал екіншісі әлгі айтқандай, бланктік болады, онда бағалы қағаздың тапсырылғаны туралы жазылады, бірақ құжаттың жаңа иесінің аты көрсетілмейді.

Бағалы қағаздың ордерлік түрін иеленуші индоссамент бланкісімен қоса құжатты берерде бағалы қағазды ұсынушыға тапсыру тәсілін таңдап, бағалы қағазды табыстауға, бағалы қағазды басқа адамға атаулы индоссамент бойынша тапсыруға және индоссаментке өзінің атын жазуға құқылы болады.

Бланктік индоссаментке қандай да бір атауды енгізумен бағалы қағаздарды ұсынушыға беру тәсілі құжатты тапсырғанға дейін жүзеге асырылады.

Бағалы қағазды тапсыру кезінде жазылатын жазулар ретімен жазылады. Ал мүліктік құқықты тапсыруда ордерлік бағалы қағаз қолданылады. Құжаттың иесі құжаттың түпнұсқасындағы міндеттерді орындау үшін ұсынарда индоссаменттердің реті бұзылып кетсе, одан бас тартуға құқылы. Бұл реттердің үзілмеуі таза формальдық белгілермен айқындалады, аталған индоссамент бойынша берілетін құжаттың атымен қатар бағалы қағазда қабылдаушының да аты жазылады.

Ордерлік бағалы қағаз жоғалып кетсе, оған оны ұстаушының өзі жауап береді. Ордерлік қағаздың иесі айрылып қалған құжаты кімнің қолында екенін білсе, құжатты қайтаруға виндикациялық талап қоюға құқылы. Егер кейінгі индоссамент бланктік болса, жоғалған құжатқа құқық меншігін дәлелдеу іс жүзінде мүмкін болмайды. Мұндай қағазды жоғалтқанда оның орындалуына да үміт аз. Ал ордер қағазы жойылып кетсе, онда құжаттың балама данасын беруге болмайды.

Атаулы бағалы қағаз – мүліктік сипаты бар құжат, оның иесі кім екендігі құжаттың мәтінінде көрсетіледі. Яғни атаулы бағалы қағаз бойынша құқықты талап ету сонда көрсетілген адамға ғана тиесілі болады,

Азаматтық кодекстің 130-бабында бағалы қағаздардың әр түрінің белгілерін қамтитын бағалы қағазды шығару көзделген.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды топтастыру мемлекеттік және мемлекеттік емес деп бөлінетін болғандықтан оның заңдық маңызы болады. "Бюджет кодексі" және "Мемлекеттің кепілімен қарыз алу және мемлекеттік борыш туралы" заңдарға сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар мемлекеттің шеттен алуына орай ішкі және сыртқы инвесторларда шығарылады (олар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың заңды және жеке тұлғалары болып табылады). Оны шеттен алу Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлттық банк арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару негізінен алғанда республикалық бюджеттің жетіспеуіне байланысты. Қазақстан Республикасы бағалы қағаздарды әлемдік нарықтарға шығарады (еврооблигациялар), сондай-ақ Қазақстан аумағында қазыналық міндеттемеде және қазыналық облигацияда жүреді. Мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясын жүзеге асыру тәртібі және эмиссия көлемі арнаулы заңмен реттеледі. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмитентінің жарғылық капиталын қалыптастыру үшін шығарылады немесе заемдық

қаржыны тарту мақсатында да қолданылады, ал олардың эмиссияларының тәртібі "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңмен реттеледі.

Бағалы қағаздар жөніндегі қазіргі қолданылып жүрген заңдар құжатталмаған бағалы қағаздар ұғымына сәйкестендірілген. Құжатталмаған құнды қағаздар шын мәнінде бағалы қағаздың мазмұнын куәландыратын мүліктік құқы болып есептеледі. Ондай бағалы қағаздармен құқықтық қатынасқа түскен кезде оның тізімдегі жазбаға енгізілуі жарамды бола береді деп есептейді Г. Жайлин.³⁸

Бағалы қағаздардың дамуын тоқтату мүмкін емес, қазіргі таңда көптеген елдерде бағалы қағаздардың жана түрлері пайда болуда (мысалы, құжатталмаған бағалы қағаздар, ал олардың иелерінің құқықтары компьютерлік жазбамен ғана куәландырылған).

Сонымен қатар бағалы қағаздар жөніндегі кейбір жалпы ережелерді және ұғымдарды қарастырып кетсек. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 129-бабына сәйкес бағалы қағаздар борыштық және үлестік болуы мүмкін.

Борыштық бағалы қағаз-эмитенттің (борышкердің) осы бағалы қағаздарды шығару шарттарында борыштың негізгі сомасын төлеу жөніндегі міндеттемесін куәландыратын бағалы қағаздар.

Үлестік бағалы қағаз – Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағыдайларда мүлік иесінің мүлікке белгіленген үлесіне иелік ету құқығын куәландыратын бағалы қағаз.

Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен айқындалған өзге де түрлері жатады.

Бағалы қағаздар шығарылым нысаны бойынша

- 1) құжатты немесе құжатсыз;
- 2) эмиссиялық немесе эмиссиялық емес;
- 3) атаулы, ұсынбалы және ордерлік бағалы қағаздар болып бөлінеді.

Құжатты бағалы қағаз - құжатты нысанда (бағалы қағаздың мазмұнын арнаулы техникалық құралдарды пайдаланбай-ақ тікелей оқу мүмкіндігі болатын қағаз немесе өзге маиериалдық жеткізуші) шығарылған бағалы қағаздар.

Құжатсыз бағалы қағаз - құжатсыз нысанда (электрондық жазбалар жйынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаздар.

Эмиссиялық бағалы қағаз – бір шығарылым шегінде осы шығарылым үшін бірдей жағыдай негізінде орналастырылатын және айналымда болатын, біртекті белгілері мен реквизиттері бар бағалы қағаздар. Эмиссиялық емес бағалы қағаздардың белгілеріне сәйкес келмейтін бағалы қағаздар.

Атаулы бағалы қағаз – ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

Ұсынбалы бағалы қағаз – ол куәландырған құқықтардың бағалы қағазды ұсынушыға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

³⁸Г. Жайлин Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Алматы жеті жарғы 2012.ж

Ордерлік бағалы қағаз – ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға, ал оларға осы құқықтар ҚР АҚ 132 — бабының 3 тармағында көзделген тәртіппен берілген жағыдайда, басқа тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

Аталған қор дәрісінің үшінші сұрағы бағалы қағаздар бағалы қағаздар негізінен екіге бөлінеді мемлекеттік және жеке бағалы қағаз. Мемлекет элемент, яғни мемлекеттік бағалы қағазды шығарушы және ол бойынша міндетті тұлға болып табылады. Жеке бағалы қағаздың элементі, жеке тұлға болады. Қорытып айтқанда, бағалы қағаздардың қалыптасуы және оның тиімді жұмыс істеуі Қазақстандағы ұлттық капитал мен табыстардың өсіп жоғарлануына тікелей байланысты деуге болады. Ұлттық капиталдың жоғарлап өсуі ұлттық табыстың жұмсалыуына байланысты келеді. Қазақстан жағдайында тұрғындар өздерінің табыстарын негізінен шетелдік тауарларға жұмсайды, яғни олар шетел фирмаларын жанама түрде инвестициялап қаржыландырып тұрады. Ұлттық кәсіпкерлік пен өндіріс жоғырлап өсуі үшін тұрғындардың табысы ұлттық өнеркәсіп орындары өндірген өнімге жұмсалыуы қажет. Сондықтан да Қазақстан Үкіметі ішкі тауар өндіруші кәсіпкерлерді қорғау және қолдау саясатын ұстанып отыр.

Ұлттық экономиканың өсіп-өркендеуі ішкі өнімнен түсетін таза табыстың Қазақстан банкілерінде сақталып, Ұлттық қаржы-капитал резервтерінің шоғырлануына байланысты келеді. Қазақстанда шикізат өнімдерін экспортқа өндіретін ең ірі өнеркәсіп органдары шетелдік компаниялардың басқаруында екені белгілі. Мамандардың айтуына қарағанда, осы шетелдерге басқаруға берілген компаниялардан бюджетке салық түрінде табыс өте аз көлемде түсетін болған. Мұның негізгі себебін білетін мамандар былай түсіндіреді: Қазақстанда жұмыс істейтін компаниялардың шет негізінен офф-шорлық аймақтарда тіркелген филиалдары бар. Қазақстандағы компаниялар шикізат өнімдерін екі есе төмен бағамен өздерінің шетелдік филиалдарына өткізеді екен, ал соңғылары Қазақстан экономикасына көптеген есепке алынбаған және көзге көрінбейтін зиян келтіреді екен.

Бағалы қағаздар бірнеше түрлі болып жіктеледі: біріншіден, түсіретін көрінісіне; екіншіден, эмитенттің сипатына; үшіншіден, айналым мезгілімен айналым жеріне байланысты:

1) Кіріс төлеу жөнінен қарызды және үлесті бағалы қағаздар болып екіге бөлінеді. Қарызды бағалы қағаздар бойынша кіріс нақты пайызбен төленіп, ал қарыздың күрделі негізгі бөлігін келешекте белгіленген уақытта өтеу көзделеді. Үлесті бағалы қағаздар, немесе оны *акция* деп атайды. Акция оны иемденушінің корпорацияның мүлігіндегі үлесін көрсетеді және иемденушіге шектеусіз уақыт бойы дивидент түрінде кіріс түсіреді. Ал бағалы қағаздардың басқа түрлері қарызды және үлесті түрлерінен туындайды.

2) Бағалы қағаздар шығарушысы (эмитенті) жөнінен де жіктеледі. Олардың эмитенттері мемлекет, жергілікті әкімшілік, корпорациялар, қаржы институттары және тағы басқа заңды тұлғалар болуы мүмкін. Эмитенттеріне

байланысты үлесті және қарызды бағалы қағаздар төмендегідей түрге бөлінеді:

1) Қазыналық, немесе үкімет атынан Қаржы Министірлігі шығаратын бағалы қағаздар. Бұл қағаздар ең бір сенімді қағаздардың бірі. Себебі оның төлемін (өтелуін) мемлекеттік бюджеттің қаржысы қамтамасыз етеді. Бұл бағалы қағаздардың көп таралған түрлері қазыналық векселдер мен қазыналық облигациялар. Мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындары да көбіне облигация түріндегі бағалы қағаздарды шығарады.

2) Жергілікті әкімшіліктер мен олардың меншігіндегі кәсіпорын бағалы қағаздары. Олардың төлемін қамтамасыз ететін жергілікті салықтар мен істің нақты жобасына үкіметтің берген дотациясы.

3) Қаржы институттары мен корпорациялардың, яғни ашық түрдегі акционерлік қоғамдардың акция және облигация түріндегі бағалы қағаздары. Оларды өндіріс, құрылыс, сауда, жол қатынасы кәсіпорындары мен қатар коммерциялық банктер, сақтандыру және инвестициялық компаниялары, зейнетақы қорлары шығарады.

4) Банктердің бағалы қағаздары – олар депозиттік сертификаттар, чектер және бұдан да басқа банктің өзінің қарыз міндеттемелері.

5) Кәсіпкерлердің бағалы қағаздары — олар коммерциялық векселдер, фьючерстік шарттар және капитал арасындағы қағаздар.

3) Бағалы қағаздар қай жерде сатылады деген сұраққа жауап бойынша жіктеледі. Сатылу жеріне байланысты ақша нарығындағы және капитал арасындағы бағалы қағаздар болып екіге бөлінеді.

Акция — үлесті немесе меншікті куәландыратын бағалы қағаз. Ол иемденушісіне компанияның капиталының, мүлкінің, кірісінің бір бөлігіне заң жүзінде меншік құқық береді. Компания қанша уақыт жұмыс істеп тұрса, акция да сонша уақыт қолданылады. Бірақ осы уақыт ішінде акцияның иесі сан рет өзгеруі мүмкін. Акционердің акцияны шығарған компанияға қайтаруға құқы жоқ. Акционерлік капитал бөлінбейді. Акционер оны тек екінші нарықта сатуына болады.

1) меншікті акцияландырғанда, яғни акционерлік қоғам құрып, оның жарғылық капиталын қалыптастырғанда;

2) бар компанияны акционерлік қоғам ретінде қайта құрғанда;

3) жарғылық капиталды қосымша молайтқанда.

Атап айтқанда, жарғылық капитал деген шығарылған акциялардың бастапқы жиынтық құны. Ол, өз кезегінде, айналымдағы капитал (жай және артықшылықты акциялар) және компанияның портфелінде қалған бағалы қағаздар болып бөлінеді

Акция белгілі бір жағдайда акционерлік қоғамның капиталын ұлғайтуға және оны инфляциядан қорғау үшін жұмсауға болатын бағалы қағаздардың бірден – бірі түрі. Акция компанияның акционерлер алдында қарыз міндеттемесі.

Акция бірнеше түрге жіктеледі. Бірінші жағынан, акционерлерден басқа біреуге беру тәсілі бойынша: атаулы және иесі ұсынушы болып екіге бөлінсе, екінші жағынан, корпорацияны басқару қатынасу құқығы бойынша –

жай және артықшылықты акция деп те екіге бөлінеді. Корпорация тек өзінің жарғысында бекітілген акцияларды ғана шығара алады.

1) Атаулы акция – иесі міндетті түрде корпорацияның реестрінде тіркелуі тиіс акция. Акционерлер кітабының қанша және қай уақытта алғандығы туралы жазылған акция иесі ғана акционер болып есептеледі.

2) Ұсынушыға арналған акция – иесінің аты-жөні корпорация кітабында тіркелмеген акция. Кітап ұсынушыға арнап шығарылған акцияның жалпы саны ғана көрсетіледі.

Ал басқару жағынан корпорацияларға қолында атаулы акциясы бар акционер қолайлы. Себебі ол акционерлік капиталдың қозғалысын және бағалы қағаздардың қозғалысын және бағалы қағаздардың кейбір акционерлердің қолында шоғырлануы олардың бұл мемлекеттен кеткенін реттеп және бақылап отыруға мүмкіндік береді. Акционерлердің көзқарасы тұрғысынан қарағанда, әсіресе қысқа мерзімді мүддені көздеген акционерлер ұсынушысы арналған акцияны қолдайды.

Себебі еш жерге тіркелмеген бұндай акцияларды екінші нарықта еркін сатуға болады. Ал атаулы акцияны еркін қолма – қол ақшаға айырбастауға болмайды, сондықтан олардың өтімділігі акционерлерге кейбір жағдайда қолайлығын туғызады.

Акцияның осы екі түрін жүзеге асыру жолы да әртүрлі:

Біріншіден, сату механизімі бойынша. Атаулы акцияның иесі оларды компаниядан сатып алғанын куәландыратын барлық акция санына бір толтырылған сертификат алады. Бұл акцияларды сатқандағы сертификаттың сырт жағында екі жақтың қол қойылған “ индоссамент ” деген белгі қойылады. Содан соң акционерлердің тізіміне өзгеріс енгізу үшін сертификат корпорацияға жіберіледі. Содан кейін ғана акциялардың жаңа сертификаттарын алады. Ұсынушыға арналған акцияны сатқанда оларды иемденуші тікелей, яғни қолма-қол екіншіге береді.

Екіншіден, акцияның осы екі түрінің жаңа данасын иемденушілер құқын белгілеу тәртібі әртүрлі. Бұл туралы атаулы акция иесі корпорацияда хабарландыру хат алса, ал акцияны ұсынушыға бұндай механизмнің жүруі мүмкін емес. Ұсынушы акциясында кесіп алатын купоны болады. Соны толтырғаннан кейін корпорацияға жіберіп, өзінің меншік құқын жүзеге асырады.

Корпорацияны басқаруға қатынасу құқығы бойынша жай және артықшылықты акциялар болып бөлінеді. Жай акцияларды иеленушілердің корпорацияның тапқан пайдасының мөлшеріне байланысты дивиденттер алу құқығы, жиналыстарда дауыс беру арқылы корпорацияны басқаруға қатысу құқы және корпорация жабылып қалған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін мүліктің бір бөлігін алу құқы бар.

Әрбір акция өз иесіне бір дауыс үлесін береді. Сонымен бірге жай акция дивиденд алуға кепілдік бермейді.

Артықшылықты акциялар- меншік туралы ерекше сертификат. Олар корпорация пайдасының деңгейіне қарамастан белгіленген мөлшерде

неғұрлым нақты дивиденд төлеуін қамтамасыз етеді. Бұл акция дауыс құқын бермейді.

Артықшылықты акциялардың өзі бірнеше тармағына бөлінеді. Оларды былай топтастыруға болады:

1) Қатысушылар және қатыспаушылар, кумулятивті және кумулятивті емес, конвертабельді және конвертабельді емес. Акциялардың бұлай бөлінуінің себебі акция иемденушілердің артықшылықтарын пайдалануына байланысты. Олар:

Үстеме пайданы бөлуге қатысу;

2) Хабарланып, бірақ төленбеген дивиденд мүмкіндігіне келешекте қатысу;

3) Акцияны басқа түріне айырбастау мүмкіндігі.

Қатысушылар артықшылығыөз иемденушісі үстеме пайданы бөлуге қатысуға мүмкіндік береді.

Қатыспаушылар акциясыиесі ешуақытта белгіленген деңгейден артық дивиденд алуға құқы жоқ. Егер артықшылықты акциялар кумулятивтік болса, онда бұрын хабарланған, бірақ кейбір себептермен төленбеген, дивидендтер міндетті түрде келесі жылы төленеді. Кумулятивтік емес акциялар бойынша төленбеген дивиденттерді келесі жылдың дивидендтеріне қосуға болмайды.

Конвертабельді артықшылықты акциялар өз иемденушілеріне кейбір жағдайда осы корпорацияның жай акцияларының белгілі бір мөлшеріне айырбастауына мүмкіндік береді. Артықшылықты акциялардың көбі конвертабельді. Ал конвертабельді емес акциялар өз статусын өзгертуге мүмкіндігі жоқ.

Артықшылықты акциялардың өте сирек кездесетін түр тармағының бірі — дивиденд төлеуден кейін қалдырылған акциялар. Олар корпорация құрылтайшыларына ғана арнап шығарылады. Олар бойынша дивиденд тек жай акциялар бойынша төленетін дивидендтің ең жоғарғы квотасы төленіп болған соң ғана беріледі. Егер компанияның жарғысында оның директорлары корпорация капиталын құруға жеке қатысуы керек делінсе, онда — директорлық квоталы акция деп аталатын артықшылықты акцияның арнаулы түрі шығарылады.

Қорыта айтқанда, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу корпорацияның нәтижелі қызмет істеуіне байланысты болса, ал артықшылықты акциялар бойынша корпорацияның шаруашылық қызметі нәтижелі болмағанына қарамастан алдын ала жоспарланған кіріс бойынша нақты мөлшерде дивиденд төленеді. Әрине, нақты төленген дивиденд жылдық жұмыс нәтижесіне байланысты түскен кіріс мөлшерін өсіруі де мүмкін және керісінше, бөлінген пайданың мөлшерін кемітуі де мүмкін.

Облигация деп эмитенттің белгілі бір шартты орындауға, яғни алған ақша сомасын қайтаруды және белгіленген сыйақыны төлеуді міндеттенген жазбаша қарыз құжатын айтады. Облигация да акция сияқты корпорацияны инвестициялаудың ең маңызды көзі. Дегенмен, бұл екі бағалы қағаздардың бір-бірінен түбегейлі өзгешеліктері бар:

1) Облигация иемденушісі корпорацияға несие беруші болып табылады. Ал облигация корпорацияны несиелендіргеннің куәлігі. Өз кезегінде, акционер

корпорацияны меншіктенушінің бірі. Акция сол меншіктенудің куәлігі тәрізді.

2) Облигация иемденушісіне сыйақы төленеді. Оның мөлшері бекітілген және нақты анықталған. Бұл бағалы қағаз өзінде көрсетілген белгілі бір анықталған уақыт аралығында ғана кіріс түсіреді. Облигация бойынша сыйақы басқа өтелетін дивидендтерден бұрын төленеді. Акционер де дивиденд түрінде төлем алады. Бірақ дивидендтің мөлшері тіркелмейді және ол арнаулы уақытта төленбейді.

3) Басқа несие беруші сияқты, облигация иесінің дауыс беру құқы жоқ. Оған керісінше акция иесінің корпорацияның мүліктік мүддесін қорғауда шешуші дауыс құқы бар.

4) Облигация бойынша сыйақы корпорацияның шығынына жатады. Ал дивиденд салық төлегеннен қалған корпорацияның таза пайдасынан өтеледі. Облигация бойынша мезгіл-мезгіл төленетін сыйақы түріндегі пайда купонға алмастырылады. Купон деп облигациядан жыртылып алынатын талонды айтады. Онда сыйақы сомасы көрсетілген. Облигацияда бірнеше элементтер көрсетіледі: номиналы, купондық қойылым, өтеу туралы нұсқау, эмиссия қамтамасыз етілуі, рейтингі.

Номиналы деп, облигацияның бетінде көрсетілген ақша сомасын айтады. Оны облигация иесі өтеу мерзімі келгенде алады.

Купондық қойылым— жыл сайын эмитент төлейтін облигацияның номинал құнына байланысты келісілген сыйақы-төлем.

Өтеу күні – компанияның сатып алушысы облигацияны номиналына тең соманы қайтарып және сыйақы төлеуді тоқтататын күнтізбектегі күн.

Эмиссия шарты — ашықтан-ашық облигация шығару мәмілесі.

Өтеу туралы нұсқау — эмиссия шартындағы тармақ. Ол бойынша эмитент облигацияның номиналдық құны және сыйақы төлейтін арнаулы қор құрады. Ол қор траст компаниясының бақылауында болады.

Облигациялар қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген болып бөлінеді.

Қамтамасыз етілген облигациялар – оларды шығарғанда кепілдікке корпорация активтері немесе мүлігі салынады. Бұл облигациялар корпорацияның негізгі активтерін талап етуге құқық беріп және сонымен бірге оның негізгі меншігінің облигацияға салынғанын көрсетеді. Қамтамасыз етуге қозғалмалы, қозғалмайтын мүліктер және басқа бағалы қағаздар жатады. Осыған байланысты мынандай айырмашылықтарды атауға болады:

1) Қозғалмайтын мүлікке салынған облигациялар. Оларды қамтамасыз ететін жай немесе арнаулы мүліктер.

2) Басқа компаниялардың траст жағдайында сақталатын акциялары және облигацияларымен қамтамасыз етілген осы компанияның облигациялары.

3) Қозғалмалы мүлікпен қамтамасыз етілген облигациялар.

Қамтамасыз етілмеген облигациялар – жалпы кепілдігі бар, басқаша айтқанда эмитенттің жақсы атағымен шығарылған қарыз міндеттемесі. Облигацияның рейтингі – олардың инвестицияланған сапасын арнаулы

фирмалардың бағалауы. Инвесторлардың облигациядан алатын пайдасы купондық төлеммен дисконттық айырмашылықтан түсетін кірістен құралады. Жай акциялар тәрізді облигациялар да, иесі ұсынушы және атаулы болып екіге бөлінеді. Иесі ұсынушы облигациялар еш жерде тіркелмейді, ол бойынша сыйақы ұсынушы субъектіге төленеді. Ал атаулы облигациялардың иесі корпорацияда тіркеуден өтеді. Сыйақы төлейтін күні корпорация оларға пайыз алу үшін чек толтырып береді.

Заемның мерзіміне қарай корпорация облигациялары:

- 1) Қысқа мерзімді- 1 жылдан 3 жылға;
- 2) Орта мерзімді – 3 жылдан 7 жылға;
- 3) Ұзақ мерзімді – 7 жылдан да көп жылға дейінгі;

Қорыта айтқанда, корпорация өз жұмысын акция шығарумен де, сонымен қатар облигация шығарумен де қаржыландырады. Дегенмен, акциядан гөрі, облигация шығару корпорацияға қауіпті. Себебі облигацияда пайда түспесе де, жыл сайын корпорация облигация бойынша төлем төлеуге міндетті. Ал акция бойынша, белгіленген соманы төлеуге міндетті емес [2, 46бет].

Сонымен бірге облигация шығару корпорацияға қауіпті болғанымен, ол өте арзан. Ұзақ мерзімде төленген дивидендтер сомасы жыл сайын төленген сыйақы сомасынан әлде қайда көп болады деп ұйғарылады.

Инвесторлар көзқарасы бойынша акция шығару қауіптірек, демек облигация – тиімді. Сондықтан тәуекелмен қосымша шығын шығарып алған акциялар жоғары пайда түсіруіне көзі жетпесе оларды сатып алмайды. Сонымен, егер компания бағалы қағаздың екі түрін де қатар шығарса, онда акционерлерге төлейтін төлем, облигация иелеріне төлейтін төлемнен жоғары болады деген болжамға байланысты.

Вексель – қарызды өтеудегі заңды түрде бекітілген төлем міндеттемесі. Ол бағалы қағаз. Вексельді борышкер, яғни вексель беруші тауарды несиеге алғанда тауар сатушыға, яғни вексель иемденушіге береді. Вексельдің мәні – несиеге алған белгілі бір соманы төлем уақыты жеткенде келісілген жерде өтеу үшін тауар сатып алушының (вексель берушінің) сатушыға (вексель иемденушіге) берген қарыз міндеттемесі.

Басқа қарыз міндеттемелерінен вексельдің үш түрлі айырмашылығы бар:

- 1) Біріншіден, вексельдің дерексіздігі, яғни қарызды қандай жағдайға, не мақсатқа алғандығы көрсетілмейді.
- 2) Екіншіден, оның даусыздығы, яғни қарызды қандай жағдайға алғанына қарамастан міндетті түрде өтеу керек.
- 3) Үшіншіден, вексельдің айналмалылығы, яғни вексель иемденуші оны басқа адамдарға беруіне болады.

Қолдану өрісіне қарай вексель жай және аудармалы вексель немесе тратта болып екіге бөлінеді. Жай вексельді төлеуші, яғни вексель беруші жазады. Онда вексельді жазған жер, берген уақыты, қандай сома толтырылды, қай уақытта және қай жерде өтеу керек екені көрсетіліп, вексель иемденушіге береді. Сонымен бірге, вексель берушінің аты- жөні жазылып, қол қойылады. Жай вексельдің айналымын көрсетуге болады:

- 1) Вексельді сатып алушы сатушыға береді (вексель беруші – вексель иемденушіге) ;
- 2) Сатушы тауарды тиеп қояды немесе тапсырыс бойынша қызмет көрсетеді (вексель берушіге);
- 3) Сатушы белгіленген уақытта вексель бойынша төлем өтеуді ұсынады;
- 4) Сатып алушы көрсетілген қызметке, алынған тауарға ақы төлейді-вексельді өтейді.

Аудармалы вексельдеп несие берушінің (трассанттың) қарыз алушыға (трассатқа) вексельде көрсетілген соманы үшінші кісіге (ремитентке) төлеу жөніндегі берген жазбаша үкімін айтады. Трассат тратта бойынша акцепт берген жағдайда ғана қарыздар болып есептеледі

Акцепт дегеніміз — есеп айырысуда төлеушінің өз қарызын төлеуге жазбаша берген келісімі. Аудармалы вексельдің айналысын көрсетуге болады

- 1) Вексель беруші (трассант) төлеушіге (трассатқа), яғни қарыздарға тауарды және траттаны береді.
- 2) Төлеуші вексель бойынша акцепт беріп, оны вексель берушіге қайтарады.
- 3) Вексель беруші акцепттелген вексельді ремитентке – аудармалы вексель бойынша ақша алушыға жібереді.
- 4) Ремитент аудармалы вексельді трассатқа төлемді өтеуге жібереді.
- 5) Трассат банкке вексельді өтеуге үкім беріп және сонымен бірге вексельдің сырт жағына оның төленгені жөнінде белгі қояды.
- 6) Ремитент вексельді несие берушіге жібереді.
- 7) Несие беруші вексельді ақшаны өз шотына аудару үшін трассаттың банкіне жібереді.
- 8) Ақша трассаттан несие берушіге несиені өтеу ретінде түседі.

Вексельді басқа біреуге пайдалануға берген жағдайда “*индоссамент*” деген белгі жазылады. Оны вексель иемденуші, яғни *индоссант* жазады, ал индоссамент алған адам *индоссат* деп аталады.

Вексельдің қолдану аясына, келісім жағдайына және олардың тауарлар мен немесе ақшамен қамтамасыз етілуіне байланысты коммерциялық, қаржылық және жалған вексельдер болып бөлінеді.

Коммерциялық вексель тауарларды сату және сатып алу келісімдерінің негізінде айналысқа түседі. Бұндай вексель нақты тауар кепілдігіне беріледі, яғни ол сату операцияларын несиелендіру мақсатында беріледі.

Несие келісімдерінің ақшалай түрін рәсімдеу қаржы вексельдері болып табылады. Оған банктік, қазыналық және банк емес несие ұйымдарының вексельдері жатады.

Жалған вексельдер ештеңемен қамтамасыз етілмеген құжат. Оларға достық, қола(бронза), яғни құр-қуыс және қарсы жүретін вексельдер жатады. Корпоративті бағалы қағаздар – бұл эмитент болып акционерлік қоғам, кәсіпорын және банктер, инвестициялық компаниялар және қорлар болып табылатын бағалы қағаз. Корпоративті бағалы қағаздардың түрлері: қарыздық (долговые), өндірістік және үлестік (долевые) бағалы қағаздар болып бөлінеді.

Қарыздық бағалы қағаздар – егер ақшалық қаражаттар белгілі бір мерзімге қолдануға берілсе, заемдық қаражаттарды қолданғаны үшін, алдын-ала белгіленген пайызбен қайтаруға жататын несиелік қатынас. Берілген формаға сәйкес, қаражаттарды тартуға, корпоративті бағалы қағаздардың келесі түрлері қолданылады: облигация, вексель, депозиттік және жинақтаушы банктің сертификаттары. Үлестік бағалы қағаздарды ала отырып, оның иесі кәсіпорын ортақтасы, меншікті үлесті болып табылады. Бағалы қағаздардың бұл түрі акция ұстаушыны акционерлік қоғамның нақты меншіктің үлесін куәландырады. Акция және облигациядан тұратын инвестициялық қаржының дәстүрлі қосымшасы болып, өндірістік бағалы қағаздар болып табылады. Оларға: опциондар, фьючерстік келісім шарт жатады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар – бұл мемлекеттің ішкі қарыздың пайда болғанындағы форма; бұл мемлекет эмитент болып қатысатын бағалы қағаз. Мемлекеттік бағалы қағаздарды айналымға жіберу, келесі негізгі мәселелерді шешуге қолданады:

- 1) Инфляциялық емес негізде, яғни айналымға қосымшасыз ақша шығаруға мемлекеттік бюджеттің дефицитін қаржыландыру немесе келесі жағдайда, яғни, бюджеттік шығындар белгілі бір календарлық күнге оның сол күнге қаржылық жарлығынан алып кетсе (кассалық дефицит); бір айға табыстардың түсімі немесе сол кезеңдегі бюджеттік шығындарды қаржыландыру үшін қажет қаражаттарға қарағанда, кварталы азырақ (маусымдық дефицит); жылдық көрсеткіш бойынша бюджет табысы оның шығынынан төмен және бұл дефицит келесі жылдағы бюджетке түсім арқасында жабылмайды (жылдық дефицит);
- 2) Әлеуметтік қамтамасыз ету, инфрақұрылым, құрылыс салаларында мемлекеттік программаларды мақсатты қаржыландыру;
- 3) Экономикалық белсенділікті реттеу: айналымдағы ақша массасы, инфляция және бағаға, шығынға, экономикалық өсуге, т.б әсер ету.

4. МӘМІЛЕЛЕР

Азаматтық құқық – бұл, азаматтық айналымдағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының жүйесі.

Мәмілелер - азаматтық айналымның бір бөлігі. Мәмілелер арқылы қоғамдағы мүліктік қатынастардың нормативтік процесі жүзеге асырылады: азаматтар тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің қызметін пайдаланады, меншігіндегі мүлікпен әрекет жасайды. Әрқилы ұйымдар тауарларды жеткізумен, жүкті тасымалдаумен, қажетті материалдарды жеткізумен байланысты өзаралық қатынастарға түседі. Осында азаматтармен заңды тұлғалар әртүрлі әрекеттерді жүзеге асырады, нәтижесінде құқылар мен міндеттер пайда болады, өзгертіледі және тоқтатылады.

4.1. МӘМІЛЕРДІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ.

Кәсіпқойлық қызмет азаматтық заңдылық тұрғысынан әртүрлі мәмілелерді жасау деп танылады.

Мәмілелер – кеңінен тараған заңды факт. Дүкенде жемістерді сатып алу, автокөлікте жүру, коммуналды қызметті төлеу, шарттарды бұзу және т.б. әрекеттер “мәмілелер” деген ұғыммен қамтылады. Азаматтық айналым азаматтардың және заңды тұлғалардың әрқилы құқылы әрекеттерін жасауын көздейді, бұлар ерікті білдірудің болуына байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттердің белгілеуіне, өзгеруіне және тоқтатылуына соқтырады.

Рим құқығында мәміленің жалпы ұғымы өңделмеген. Бірақта мәмілелерді құқылық реттеуің рим заңгерлерінің маңызды міндеті болып табылады. Мәмілелерді ақылы және ақысызға, біржақты және екі жақтыға, шартты және ықтиярсызға бөлу бізге рим құқығынан келді.

Мәмілелер – бұл азаматтардың және заңды тұлғалардың белгілі құқылық нәтижеге жетуге бағытталған саналы, мақсатқа бағытты, ерікті әрекеттерден тұратын актілер.

Мәмілелер – бұл құқылы әрекеттер.

Мәміле ерікті әрекет ретінде. Мәміленің мәні тараптардың еркі мен ерікті білдіруінде ерік “маған не керек” деген сұраққа жауап қайтарады, ал ерікті білдіру “бұл үшін мен не істедім” дегенге жауап қайтарады.

Осы бегілер Қазақстан Республикасы АҚ-де көрсетілген мәміле анықтамасында шағылысқан. Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады (АҚ 147 б.).

Мәмілелер келесі бес ерекшеліктерімен сипатталады, бұлар:

1. мәміле заңгерлік факт және азаматтық құқылық қатынастардың белгіленуіне, өзгеруіне және тоқтатылуына негіз болады;
2. мәміле белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған ерікті акт. Осынысымен мәміле оқиғадан ерекшелінеді. Оқиға адамның ерік-жігеріне карамай болатын құбылыс;
3. мәміле заңға қайшы келмейтін құқылық әрекет;
4. мәміле азаматтар мен ұйымдардың еркінің салдарынан тиісті құқылық жағдайды болдырады.

Ұйымның мәмілесі олардың құрылтай құжаттарында бекітілген қызмет мақсаттарына қарама-қайшы келмеуі керек.

Ұйым мәмілесі заңды тұлғаның органдарымен күзiреттілігінде жүзеге асырылады.

Азаматтардың мәміле жасауында басты маңыз әрекет қабілеттілігіне беріледі.

5. мәміле оған қатысушылардың еркі негізінде – ерікті білдіру негізінде жүзеге асырылады. Бұл мәміленің мазмұнын анықтайды.

Азаматтардың және заңды тұлғалардың еркі:

- әрекеттерде;
- ауызша немесе жазбаша нысанда;
- тұлғаның еркін куәландыратын әрекеттерде көрініс табады.

Мәміле дегеніміз – бұл қашан да ерікті білдіру болғандықтан, оны заң еркіне заңдық маңыз беретін тұлғалар жасай алады.

4.2. МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ.

Мәмілелердің жіктелуінің негізі Қазақстан Республикасы АҚ бекітілген, бұлар:

- мәмілеге қатысушы тараптардың санына орай бір жақты, екі жақты және көп жақты болып бөлінеді;
- мәмілеге қатысушы бір тараптың белгілі бір әрекетті жасау міндеттемесіне екінші тараптың материалдық немесе басқа игіліктерді ұсыну туралы қарсы міндеттемесінің сәйкестігіне орай мәмілелер ақылы немесе ақысызға бөлінеді;
- мәміленің пайда болу сәтіне орай, олар нақты және консенсуалдыққа бөлінеді;
- мәміленің жарамдығының оның мақсатымен байланысқан деңгейіне орай олар каузалдық және абстрактілікке бөлінеді;
- мәміленің жасалуының заңды нәтижесінің белгілі жағдайға байланыс күшіне орай шартты мәмілелерге бөлінеді.

Осы түрлердің әрбіріне жеке-жеке тқталып өтейік. Бір жақты мәміле бір тараптың еркін білдіреді және басқа азаматтардың немесе заңды тұлғалардың қалай қарайтына қарамастан қолданыла береді. Мысалы, азаматтың өзіне тиісті әлде бір құқығынан бас тартуы, берілген сенімхатын, өсиетін тоқтату және т.б. бір жақты мәміле болады. Бір жақты мәміле, әдетте, бұл жөнінде өздеріне хабарланғанға дейін мұндай құқықтар туралы тіпті білмейтін басқа адамдардың құқығын туғызады. Мысалы, өсиет қалдырушы қайтыс болғаннан кейін оның қалдырған өсиеті мұрагерлердің құқықтарын туғызады.

Бірқатар жағдайларда бір жақты мәміле жай міндеттемені туғызады, мұнда мәміле жасаған адам борышқор болады, ал оның пайдасына мәміле жасаған адам несие беруші адам болады. Мысалы, жай вексельді беру.

Екі жақты мәміле дегеніміз – екі бірдей ерік білдірумен бірге екі тараптың әрекетін қажет ететін мәміле. Мысалға, сатып алу-сату. Мәмілеге қатысушы тараптар ретінде екі емес одан да көп субъектілер табылады. Мысалға, бір от-басының екінші от-басыға үйді сатуы.

Екі жақты мәмілелер шарт деп аталады.

Әрекеттердің бір мақсатқа жетуге бағытталғанына қарамастан, екі немесе бірнеше тұлғаның жай мәміле жасауын шарт деп тани алмаймыз. Тану үшін олардың әрекеттерінің өзара үйлесуі қажет. Бұл дегеніміз, қатысушының әрқайсысы басқа қатысушыға саналы түрде мойындайтын немесе тіпті қолдайтын әрекеттерді жасайды.

Кез келген шар кем деген екі жақты әрекеттен туындайды: бір тараптың шарт жасасу туралы ұсынысынан (мұндай бір жақты мәміле оферта деп аталады) және екінші тараптың ұсынысты қабылдау жөніндегі келісуінен (бір жақты мәміле – акцепт) туады.

Көп жақты мәмілелер дегеніміз – бір мақсатқа жетуге бағытталған бір-біріне қарсы келмейтін үштен көп тараптардың әрекетінен тұратын мәміле.

Мысалы, шаруашылық объектіні қайтару бойынша бірлесіп қызмет атқару туралы шарт.

Кей көп жақты мәміледе ерік білдіру мазмұны бойынша теңдесуі мүмкін. Бірақ, бұл белгі қажетті болып есептелмейді, себебі мәміле тараптары қатысудың әрқилы түрлерін таңдауы мүмкін.

Ақылы мәміле деп – бір тараптың белгілі әрекеттерді орындау міндеттемесімен екінші тараптың қарсы материалдық және басқа игіліктерді ұсыну деген міндеттемесінің сай келуі.

Ақылы сипат ақша беруде, қарсы қызмет көрсетуде, жұмысты орындауда және т.б. көрініс табуы мүмкін.

Ақысыз мәміле дегеніміз – тарап қанағаттандыруды алуға ұсыныс жасайды.

Бір жақты мәмілелер әрдайым ақысыз мәмілелер болып табылады.

Ақысыз мәмілелер заңды тұлғалардың сирек кездеседі, олар көбіне азаматтардың өзара және ұйымдармен қатысуында кездеседі. Мысалы, өсиет бойынша мүлікті тегін пайдалану, мұраға беру.

Нақты мәміле дегеніміз – келісімді, заттарды беруді қамтитын әрекеттерді қажет ететін мәмілелер. Мысалы, заем, жүктерді тасымалдау.

Консенсуалдық мәміле дегеніміз – тараптардың арасында келісім алған сәттен жасалған мәміле. Мысалы, келісімді жазбаша куәландыратын сатып алу – сату, шарт-тапсырма.

Каузалдық мәміленің тағдыры тұтасымен оның өзі жасалған негізге тәуелді болады. Негізінің бұзылуы жасалған мәміленің заңдық күшін жояды. Мысалға, сатып алушы сатып алған тауардың бағасын алдын-ала төлеп қойған, бірақ сатушы тауарды жеткізіп бермеген. Сатушының сатып алушыдан алынған ақшаға құқығы жойылады.

Абстракттілік мәміле бойынша мәміле негізін дәлелдеуге тиым салынады. Мысалы, вексель (негіз анық емесе).

Егер мәміленің өзі оны жасаған тұлғаның шынайы еркін білдірген болса, абстракттілік мәміленің заңдық күші негізіне тәуелсіз болады. Мысалы, сатып алушы сатушыға тауардың құнына сай сомаға вексель беріп, алынған тауар үшін есеп айырысты. Егер кейін тауардың сапасыз екендігі анықталса, вексель қайтарып алынбайды, керісінше, вексель бойынша құқық вексель ұстаушы үшін де, одан кейінгі вексель ұстаушылар үшін де, оны төлейтіндер үшін де күшін сақтайды.

Кепіл туралы (АК 322 б. 1 т. 1 тармақшасы), кепілдік және кепіл болушылық тарулы (АК 336 б. 1 т.) кепілпұл туралы (АК 338 б.1 т.) және басқа мәмілелерді қосымша мәмілелер деп атауға болады.

Шартты мәмілелер.

Тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттемелерінің пайда болуын немесе тоқтатылуын осындай шартқа тәуелді етіп қойған мәміле шартты мәміле деп айтылады.

Мәміленің қоғамдық өмірде атқаратын рөлі ерекше.

4.3. МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫНЫҢ ШАРТТАРЫ.

Мәміле төрт элементтің бірлігін құрайды, бұлар:

1. мәмілеге қатысушы тұлғалар – субъектілер;
2. ерік пен ерік білдірудің бірлігі – субъективтік жақ.
3. нысан;
4. мазмұн.

Элементтердің біреуінің немесе бірнешеуінің сақталмауы мәміленің жарамсыздығына алып келеді. Мәміленің жарамсыздығы дегеніміз – бұл әрекет заңгерлік факт ретінде табылмайды, осыған орай жарамсыз мәміле тараптардың мәміле жасауда алға қойған мақсаттарына қол жеткізбейді.

1. *Мәміле субъектілері* - әрекет қабілеттілігі бар азаматтық құқының субъектілері. әрекет қабілетінің құрамына енген мәміле ең алдымен мәмілеге деген жасөспірімдер мен кәмілетке толмағандардың әрекет қабілеттіліктерінің айырмашылығын ашады.

Заңды тұлғаның әрекет қабілеттілігі бір жағынан құрылтай құжаттарда белгіленген заңды тұлғаның қызмет мақсатымен, екінші жақтан заңды тұлға атынапн мәміле жасауға құқығы бар заңды тұлғаның органының құзіретімен мінезделеді.

2. мәміледегі ерік пен ерік білдіру. Ерік білдіру шын ниетті шағылтыруы қажет және оны мәмілеге қатысушыларға жеткізуі қажет. Заң бойынша шын ниетті мәмілеге қатысушыларға заңмен белгіленген тәсілдермен ғана жеткізілуі керек.

Заңда көзделмеген нысан арқылыц ерікті білдіру мәміленің жарамсыздығына алып келеді.

3. Мәміленің нысаны. ҚР АҚ 151 бабы бойынша мәміле ауызша және жазбаша нысанға бөлінеді. Ал жазбаша жай немесе нотариалдыққа бөлінеді.

Сөз жүзінде жасалынатын мәмілелер ауызша түрде жасалған мәмілелер деп есептеледі. Қатысушының еркі тікелей шарт жасасуға бағытталған конклюденттік әрекет арқылы білінетін мәмілелер де (мысалы, таңдап алған тауар үшін сатышуға ақша беру), сондай-ақ қатысушының еркі үндемеу арқылы білінетін мәмілелер де ауызша түрде жасалатын мәмілелерге жатады. Бірақ заңдарда тікелей белгіленетін жағдайларда немесе тараптардың келісісімен ғана үндемей қалуға осындай маңыз беріледі.

Заң мәмілеленің қандай жағдаларда жазбаша түрде жасалатынын айқындайды. Осында баршаға тән мынадай ереже қолданылады: заңдардың белгілі бір нормаларына немесе тараптардың келісіміне қайшы келетін жағдайлардан басқа реттерде мәмілені қашан да ауызша түрде жасасуға рұқсат етіледі.

АҚ 151 бабына сай, мәміленің ауызша түрі ол жасалған кезде атқаратын жағдайда қолданылады. Бұл арада ауызша мәміленің ең жоғары шегі қызметін атқаратын мәміленің сомасы белгіленбейді (ҚР АҚ 152 б. 1 тармағы). Жазбаша мәміле жасамай-ақ құны миллион теңгелік затты сатып алуға болады. Бірақ мұнда тараптар дағдаласқан соң біріне-бірі затты да, ақшаны да қолма-қол береді. Алайда, егер, нақ сол зат несиеге немесе алдын-

ала төлеу арқылы сатылса, сатып алу-сату мәмілесі жазбаша түрде жасалуы тиіс.

Мәміленің шын мәнінде жасалғаны және оның шарттарының қандай болғаны жөнінде дау туатын жағдайда ауызша жасалған мәміле оған қатысушылардың жағдайын жеңілдетеді. Мұндай мән-жайлар кез келген заңды құралдармен, оның ішінде куәлардың айғақтарымен дәлелденуі мүмкін.

АК 151 б. 3 тармағы жетон, билет немесе әдеттегідей қабылданған өзге де растайтын белгі арқылы расталған мәмілелерді ауызша түрде жасалған белгілерге жатқызады. Мұндай мәмілелердің жасалуы мен мазмұны куәлардың айғақтарымен дәлелденуі мүмкін.

Осы растайтын белгілер мәмілелерге қатысушылардың есімдерін атау немесе аталмауы мүмкін. Егерде, мұндай белгілер қатысушыларды атап қоймастан, олардың қойған қолдарын да көрсететін болса, онда мәмілені жазбаша түрде жасалған деп есептеу керек.

Ауызша мәмілелердің қолданылу шегін бекітетін АК 151 бабына карағанда 152 бабы жазбаша мәміленің қатаң ұстау қажеттілігін көздейді.

Аталмыш бапқа сай мынадай мәмілелер жазбаша жасалуы қажет:

- егер мәмілелердің жекелеген түрлері үшін заңдарда өзгеше жағдай арнайы көзделмесе немесе іскерлік қызмет өрісінің әдеттегі құқықтарынан туындалмаса, мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатын;
- мәмілелердің жасалу кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, 100 айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға;
- заттарда немесе тараптардың келісімінде өзге де реттерде.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлар үшін мәміленің жазбаша түрінің тиімділігі – ол мәміленің болуын да, оның мазмұнын да неғұрлым дұрыс көрсетеді.

Хат, жеделхат, телефонжазба, оферта және акцепт алмасу жолымен жазбаша түрде мәміле (шарт) жасасу жай қолданылады (ҚР АК 393-397 б. Қараңыз). Бұл жағдайда шартты жазбаша жасауды растау үшін тараптың әрқайсысында олар шарт жасасқан кезде өзара алмасқан құжаттардың бәрі болуыға тиіс: барлық алынған құжаттардың түпнұсқаулары және барлық жөнелтілген құжаттардың көшірмелері қажет. Кей жағдайларда заң мәмілелердің жасалуын тіркеуді талап етеді (Қазақстан Республикасы АК 118, 238 б.б.). АК 155 бапта белгіленген, мәмілелерді және тиісті құқықтарды тіркеу туралы ереже мынаған келіп саяды: заң бойынша тіркеуді керек ететін мәміле осындай тіркеуді тиісті тіркеу органында жасағаннан кейін ғана заңдық күшіне енеді.

Тіркеу мынадай мәселелерді шешеді:

- біріншіден, жоғарыда атап өткеніміздей, мәміле толық заңды күшіне енеді;
- екіншіден, тіркеу туралы құжат субъектісінің мәміле бойынша иеленген құқықтарын растайды;

- үшіншіден, бірінғай тіркеу жүйесі оларды жасау жеке емес, жария мүддені білдіретін мәміленің толық есебін жолға қоюға мүмкіндік береді;

- төртіншіден, ең ақырында, мәмілені тіркеу, егер мұндай әрекетке заңда тыйым салынбаған болса, мүдделі тұлғаларға белгілі бір мәмілемен және олардан туындайтын құқықтармен танысуға мүмкіндік береді.

Жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелер мемлекеттік тіркеудің ең маңызды объектілері болып табылады. Мұндай тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсанның 25 жұлдызындағы “Жылжымайтын мүлікке құқықтарын және олармен мәміле жасауды мемлекеттік тіркеу туралы” заң күші бар Жарлығы белгілейді.

Жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеумен бірге басқа объектілермен жасалатын мәмілелерді тіркеу заңмен белгіленген. Бұл жайт әсіресе меншік құқығын белгілейтін, өзгертетін және тоқтататын мәмілелерге қатысты. Ең алдымен автокөлік құралдарына қатысты. Автокөлік түріне орай тіркеу органы белгіленеді.

4. Мәмілелердің мазмұны. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуының негізі ретіндегі мәміле мазмұны деп оның шартын құрайтын жиынтықты айтамыз. Мәміленің жарамдығы үшін мәміле мазмұны заң талаптарына сәйкес болуы қажет. Бұл дегеніміз заңнамадағы тиым салу, белгілейтін нормалардың бұзылмауы.

Мәмілелер мазмұны бойынша заңнамамен бекітілген диспозитивтік нормалардан ерекшеленеді, не заңнамамен бекітілмеуі мүмкін. Бірақта олар азаматтық заңнаманың жалпы негіздеріне және мағынасына сәйкес болуы керек.

Заңда бекітілген мәміле түрлерін сақтамудың салдары.

Мәміленің жай жазбаша түрі – оның сақталмағандығын мәміленің жарамсыздығына соқтырмайды.

Заңда тікелей көрсетілген жағдайларда жай жазбаша түрді сақтамау келесі мәмілелердің жарамсыздығына соқтырады:

- айып төлеу;
- кепіл шарты;
- кепіл болушылық шарт және т.б.

Егер тараптың біреуі мәміленің жасауын немесе бір шартын дауға салса, онда тараптар дау барысында куәгерлік айғақтарды келтіру құқыларынан айырылады. Олар заңда көрсетілген басқа айғақтарды келтіруі керек.

Кейде тараптар мәміленің жасалу фактісін дәлелдеуге тырысады. Бірақта куәгерлік айғақтарды қолдану мүмкіндігінен айрылғанға байланысты және айғақтардың басқа мүмкіндіктерінің болмауына орай тараптың талап арыз беру мүмкіндігі қанағаттандырылмайды.

Мәмілелердің нотариалдық куәландыратын түрлерін немесе куәландыруды талап ететін мәмілелерді жасауда заң талаптарын сақтамау мәміленің жарамсыздығына алып келеді.

Бірақта Қазақстан Республикасы ҚР АҚ б. 2 тармағы бойынша нотариаттық куәландыруын талап ететін мәмілені тараптар немесе тараптардың

бірі іс жүзінде орындаған болса, ол өзінің мазмұны жағынан заңдарға қайшы келмесе және үшінші жақтардың құқықтарын бұзбаса, сот мүдделі тараптың арызы бойынша мәмілені жарамды деп тануға құқылы. Бұл ретте мәмілені кейіннен нотариаттың куәландыруы талап етілмейді.

4.4. ЖАРАМСЫЗ МӘМІЛЕЛЕР.

Мәмілелердің жарамдығы оның құрамына келетін элементтерге байланысты. Сол себепті жарамсыз мәмілелер қандай элементтің бұзылуына орай жіктелуі мүмкін, бұлар:

- субъективтік құрамында ақуалдығы бар мәмілелер;
- еркінде ақуалдығы бар мәмілелер;
- нысанында ақуалдығы бар мәмілелер;
- мазмұнында ақуалдығы бар мәмілелер.

Белгілі құрамы бар жарамсыз мәмілелермен бірге заң жалпы норманы бекітеді. Осы норма бойынша заң немесе басқа құқылық актілер талаптарына қайшы келетін қандай да болмасын мәміле жарамсыз деп танылады.

А) Субъективтік құрамында ақуалдығы бар мәмілелерді екі топқа бөлуге болады. Біріншісі азаматтардың әрекетке қабілетсіздігімен байланысты, ал екіншісі заңды тұлғалардың арнайы құқылық қабілеттілігімен не олардың органдарының мәртебесімен байланысты. Азаматтардың және заңды тұлғалардың жасайтын мәмілелерді бөліп талдау жасалатын әрекеттердің мінезімен негізделеді. Ерікті акт ретінде мәміле оны жасап жатқан тұлғада әрекет қабілеттілігін талап етеді. Заңды тұлғаның әрекет қабілеттілігі оның құқылық қабілеттілігімен тығыз байланыста болуына орай, толық немесе жартылай әрекет қабілеттілігінің болмауына сүйенген жарамсыз мәмілелердің шарт заңды тұлғаларға қолдануға болмайды.

Қатысушысы азамат болып табылатын жарамсыз мәміле әрекет қабілеттілігінің белгіленуі туралы жалпы ережелер сияқты жағдайларға сүйенеді. Бұлар:

- мәміле жасауға аталған адамның қорғаншысының келісімі алынбаған болса, маскүнемдікке немесе нашакорлыққа салыну салдарынан әрекет қабілеттілігі шектелген адамның жасасқан мәміле (ҚР АҚ 27 б.). мұндай шектеу оның жалақысына билік етуге де таралады. Қорғаншының талап етуімен ғана мәміле жарамсыз деп танылады;

- әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар жасаған мәміле;

- соттың шешімімен әрекет қабілеттілігі шектелген азаматтардың жасаған мәміле;

- кәмелетке толмағандар өз бетінше жасауға құқылы болатын ұсақ мәмілелерден басқа, 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер жасаған мәміле ҚР АҚ 22 б. сай ата-анасының, асырап алушыларының, қорғаншыларының келісімі талап етілетін мәмілелерді кәмелетке толмағандар (14-18 жастағы) келісімсіз жасаған мәмілелер.

Мәмілелерді жасөспірімдердің атынан оның ата-аналары жасайды.

Егер 14 жастағы кәмілетке толмағандар мәмілені ата-аналарының, асырап алушыларының, қорғаншыларының келісімсіз жасайтын болса, ол ата-аналарының, асырап алушыларының, қорғаншыларының талап етуімен ғана жарамсыз деп танылады. мұндай талап қойылса мәміле өзінің заңдық күшін сақтайды.

Заң бойынша заңды тұлғалардың жарамсыз мәмілелерінің екі құрамы көзделген:

1. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында бекітілген қызмет мақсатына қайшы келетін мәмілелер немесе тиісті қызмет түрімен айналасуға рұқсат жоқ заңды тұлғаның жасаған мәмілесі.

2. Заңды тұлғаның құзіретінің шегінен шығып жасалған мәмілелер (Қазақстан Республикасы АҚ 159 б. 2 тармағы).

Осы екі құрамды біріктіретін мәселе ретінде тараптың біреуінің оны жасаудың заңсыз екендігін білуі табылады. Бұл арада басқа қатысушының мәміледегі жетіспеушілік туралы білмеуі мәмілені жарамды деп тануға мүмкіндік береді. Заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігі туралы ережені бұза жасаған мәмілелерді заң жарамды деп таниды, егер екінші тарап бұл жөнінде білмеген болса.

Заңды тұлғаның құқылық қабілеттілігін бұзумен байланысты жасаған мәмілелерді жарамсыз деп бақылауды жүргізетін немесе заңды тұлғаның қызметін қадағалайтын мемлекеттік орган табады, мысалы салық инспекциясы, прокуратура және т.б.

Тұлғаның мәміле жасауға құзіреттілігі шартпен шектелуі мүмкін, ал заңды тұлға органының мәміле жасауға құзіреттілігі құрылтай құжатпен шектелуі мүмкін. Егер мәміле құзіреттіліктібұзып жасалса, былай айтқанда оны жасауға шектеулер бұзылса, онда мүддесі бойынша шектеулер қойылған тұлғаның талап арызы бойынша, мәміле жарамсыз деп танылады. Осында екінші тараптан белгіленген шектеулер туралы білгендігі немесе білу мүмкіндігі бар екендігін дәлелдеу қажет етіледі. Егерде дәлелдеуге мүмкіндік болмаса, онда Қазақстан Республикасы ҚР АҚ 183 б. ережелері қолданылады.

Ә) Ерікте ақуалдығы мәмілелерді келесі түрлерге бөлуге болады, бұлар:

1. Мәмілені жасауға деген шын ниеті болмай жасалған мәмілелер;
2. Шын ниеті дұрыс қалыптаспаған мәмілелер.

Шын ниеті болмай жасалған мәмілелерге біздер алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілелерді (Қазақстан Республикасы АҚ 159 б. 9 т.), сонымен бірге есуастық немесе ақыл-есі кем болуы салдарынан әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адамның жасаған мәмілелерін жатқызамыз. Осындай мәмілелерде мәмілені жасауға деген тұлғаның еркі жоқ, ал ерік білдіруі мәмілеге қатысушының еркін шағылтпайды, керісінше мәмілеге қатысушының еркіне ықпал жасаған үшінші тұлғаның еркін шағылтуына байланысты жарамсыз деп танылады. Зорлық көрсету – бұл, мәмілеге қатысушыға оның контагентінің денелік тұрғыда күштеу көрсетуі. Зорлыққа карағанда қорқыту жарамсыз мәмілелерде жиі кездеседі. Ерік болмай

психологиялық ықпал жасауды қорқыту деп санайды. Егерде қорқыту негізсіз болса, онда мәміле жарамсыз деп танылмайды.

Тараптың өкілі екінші тараппен қасақана келісіп жасаған мәмілелері шын ниетсіз ерік білдіруі бар мәмілелерге жатады. өкілі арқылы жасалатын мәмілелерде, соңғысы өз еркін білдірмейді, оның міндеті ұсынып отырғанның еркін контрагентке жеткізу. Қасақана келісуде ұсынылып отырғанның еркі жеткізілмейді және өкілдің еркімен ауыстыралады, сол себептіде осы мәмілелерді жарамсыз деп танылады.

Өз әрекеттерін түсіне не басқара алмайтын адамдың жасаған мәмілелері әрекетке қабілетсіз адамдың жасаған мәмілелерінен ерекшелінеді. Бұл ерекшелігі әрекетке қабілетті тұлғалармен мәміле жасалады, бірақта ауруға шалдығуға, ішімдік ішуге немесе психиканың басқада күйіне байланысты олар қандай мәмілені жасап жатқандығын түсіне алмайды.

Алдаумен жасалынатын мәмілелер. Алдау – тарапта екінші тараптың не қызығушылығы бар тұлғаның қасақана теріс түсінігін қалыптастыру. Алдау мәміле туралы, оның элементтері туралы, тиімділігі туралы теріс түсінікті қалыптастыруға бағытталады. Жаңылысу мәмілеге қатысушының еркін кері қалыптастыруға мүмкіндік береді, бірақта алдауға қарағанда жаңылысу мәмілеге қатысушы басқа біреудің қасақана, мақсатқа бағытты әрекеттерінің нәтижесі болып табылмайды.

Адамның өзі жасайтын мәміленің сипаты мен элементтері туралы теріс, қате түсініктің болуын жаңылысу деп атайды. Мысалы, азамат затты сатып алуда оны сирек кездесетін данаға жатады деп жаңылып ойлайды. Сатушы да осылай ойлайды. Алайда, мамандар олардың қателіктерін анықтайды.

Б) Мәміленің нысандық ақаулығына байланысты жарамсыз мәмілелер нақты бір мәміле түрін жасау үшін заң және тараптардың келісімімен бекітілген нысанға байланысты болады. Заңда жарамсыздық мәміленің жазбаша нысанымен байланыстырылады. Жай жазбаша нысанды сақтамау арнайы заңда көрсетілген жағдайларда ғана мәміленің жарамсыздығына соқтырады.

В) Егерде мәміле шарты заң және басқа да құқылық актілерге қайшы келетін болса, онда мәміле мазмұн ақаулығына байланысты жарамсыз деп танылады.

Алдын-ала құқылық тәртіптің негізіне және адамгершілікке қайшы келетін мақсатпен жасалатын мәмілелер жарамсыз мәмілелердің біліктілік құрамын құрайды.

4.5. МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН САЛДАРЫ.

Құрамындағы элементтерінің ақаулығы бар мәмілені жасау заңды салдарды туғызбайды. Сыртқы жасалған нысанына орай мәмілені жарамсыз деп көрсету қажет не мәмілені жарамсыз деп тануға мүмкіндік беретін ақаулықты көрсету қажет. Жарамсыз мәмілелерді жарамсыз деп тану үшін соттың шешімі қажет етуіне орай не оны жарамсыз деп тану үшін ешбір шешімді қажет етпейтінге бөлуге болады. Біріншілері – даулы, екіншілері – негізсіз деп танылады. Мәмілені екі топтың қайсысына жататындығын заң белгілейді.

Мәміленің дауға салынды дегеніміз – мәміленің жарамдылығы үшін мағынасы бар белгілі бір фактіні дәлелдеу. Негізінен дәлелденуге еріктің бар және ерік білдіруде оның дұрыс шағылысуымен байланысты сұрақтар жатады. Мәміленің дауға салынуын тек сот шешеді және соттың шешімі шыққанша ешкім және ешбір мемлекеттік орган дауға салынған мәмілені жарамсыз деп есептемейді. Негізсіз мәмілелердің мінезі басқаша. Басынан бастап негізсіз мәміле жарамсыз, оның ақаулығы ауыр болуына байланысты оны соттық немесе басқа органдар анықтамайды. Сол себепті, мәміленің элементтерінің біреуінің ақаулығын анықтауда қандай-да болмасын орган, азамат немесе ұйым негізсіз мәмілені жарамсыз деп табуды талап етуге құқылы.

Кейде мәміле толығымен емес, оның бір шарты жарамсыз болуы мүмкін. Мысалы, тараптар шартты жасайды. Шартты орындау барысында пайда болатын дауларды сотқа қарау құқығынан тараптардың бас тартуы ескерілген. Бұл жағдай жарамсыз болып табылады, бірақта мәміленің басқа бөлімдері заңға қайшы келмейді (Қазақстан Республикасы АҚ 161 б.).

Дауға салынатын мәмілелерге заң келесі мәмілелерді жатқызады:

1. Заңды тұлғаның құқық қабілетінің шегінен шығатын мәмілелер (Қазақстан Республикасы АҚ 159 б.11 тармағы);

2. 14 жасқа толған кәмелетке толмаған баланың және спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан әрекет қабілеттілігі шектелген адамдардың мәмілесі (Қазақстан Республикасы АҚ 159 б. 4,6 т.);

3. Мәміле жасаған кезде өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе өзінің не істегенін білмейтін азаматтардың мәмілесі (Қазақстан Республикасы АҚ 159 б. 7 т.);

4. Ерік пен ерік білдіру ақаулығы бар барлық мәмілелер (Қазақстан Республикасы АҚ 159 б. 8-10 т.)

Басқа жарамсыз мәмілелер заңмен негізсіз деп жарияланады:

1. Жалған немесе қулықпен жасалған мәмілелер (Қазақстан Республикасы АҚ 160 б.);

2. Қабілеттілігі жоқ адамдардың мәмілелері (Қазақстан Республикасы АҚ 159 б. 5 т.);

3. Заң талаптарына сәйкес келмейтін мәмілелер (Қазақстан Республикасы АҚ 158 б.);

4. Құқықтық тәртіп негіздеріне немесе адамгершілікке қайшы келетін мәмілелер (Қазақстан Республикасы АҚ 158 б.);

5. Заңмен белгіленген нотариалдық нысанды немесе мемлекеттік тіркеуді сақтамай жасалған мәмілелер (Қазақстан Республикасы АҚ 153 б.).

Мәміленің негізсіз немесе даулы болуына қарамай даулы мәмілені жарамсыз деп тану сұрағын шешу үшін соттық қарау талап етіледі. Сонымен бірге, заң негізсіз мәмілені қалпына келтіру мүмкіндігін ескереді.

Даулы мәмілені жарамсыз деп тану туралы және жарамсыз мәміле салдарын қолдану туралы талаппен сотқа талап мерзімі шегінде талап

арызын беруге болады. Тұлғаға мәміленің жарамсыздығының негізі болатын жағдайлар туралы мәлім болған немесе мәлім болуы мүмкін деген күннен бастап бір жыл ішінде даулы мәміле сотпен жарамсыз деп танылады. Осы мәселе талап мерзімінің өтуінің бастамасы.

Себебі жарамсыз мәміле соттың шешімісіз жарамсыз болып табылады. Мұнда заң жарамсыз мәміленің талап мерзімінің ұзақтығын белгілейді. Мәмілені жарамсыз деп тану оларды орындау нәтижесінде пайда болған мүліктік залалдармен байланысты. Жалпы ережесі болып тараптардың жарамсыз мәміленің орындалу алдындағы мүліктік қатынасқа оралуы табылады. Тараптардың әрбірі басқа тарапқа жарамсыз мәміле бойынша алғанын қайтаруға міндеттенеді.

5. МЕНШІК ҚҰҚЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

Меншік – экономикалық санат ретінде. Меншіктің экономикалық санатын ұғынудың негізі тіптен ХІХ ғасырдағы ғылыми жұмыстарда кездеседі. Ондағы ой меншік қоғамда, тек мемлекет ұйымдастырған қоғамда ғана болады дегенге тіреледі. Меншік, бұл – зат та емес, мүлік те емес. «Бұл – белгілі бір экономикалық (нақты) қатынас».³⁹

Меншік дегеніміз тарихи қалыптасқан, белгілі бір қоғамдық қатынас, ол адамдар арасында затқа байланысты туындайды. Меншік ұғымы әрқашанда ұйымдасқан адамдар қоғамына тән. Адамзаттың алғашқы даму кезеңінің соңына қарай меншіктің туындауы мемлекеттің пайда болуына және қоғамның ары қарай екпінді дамуына әкеп соқты. Меншік қатынасы қоғамдық құрылыстың әлеуметтік-экономикалық мәнін білдіреді. Сондықтан да меншік мәселесі қоғам өміріндегі негізгі мәселе болып табылады. Қоғамның қалай ұйымдасатындығы және адамдар тұрмысы оның қалай тұрғызылғанына байланысты. Меншік пен өндірістік қатынастардың негізгі формалары қоғамның құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік сияқты типтерін тарихи анықтап берді. Сонымен қатар, меншікке дейінгі кезеңді – алғашқы қоғамдық және ғылыми жобаланған, бірақ толық іске аспай қалған социалистік кезеңді бөліп алуға мүмкіндік берді.

5.1. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ.

Меншік қай қоғамның да сан қырлы өзекті мәселесі болып келді. Сондықтан да меншік құқығын құқық институты ретінде қараған кезде оны меншіктен шығатын экономикалық категория деп түсіну керек.

Меншік дегеніміздің өзі материалдық игіліктерді – табиғаттың өнімдері мен мен еңбекті – меншіктену әрі иеленуді білдіреді. Ол тарихи қоғамның ішкі айқындауы арқылы пайда болады⁴⁰.

³⁹Гражданское право: 2 т. 1 –т. / Жауапты ред. Проф. Е.А.Суханов. 2-рет толық қайта басылымы. – М.: БЕК, 1998. – С. 477.

⁴⁰К.Маркс меншік белгілі бір адамдардың материалдық иемденуі және оған жататыны туралы айтқан болатын (К.Маркс, Ф.Энгельс Шығ., Т.46, 1-бөлімі. 479-б.).

Сонымен, меншік затты иелену, меншіктену⁴¹ екен, оның өзі заттың пайдалы қасиеттеріне орай жүзеге асады, демек, оны меншіктенген соң өндіріс барысында пайдаланып, оған билік етіледі.⁴² Меншіктің экономикалық қатынасы құқық нормаларымен реттеліп, меншік құқығына айналады.⁴³

Әлемдік құқықтану доктринасы мен отандық заң ғылымы меншік құқығын объективті жағдайдағы меншік құқығы және субъективті жағдайдағы меншік құқығы деп бөледі.⁴⁴

Материалдық игіліктерді иелену, пайдалану және билік етуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін азаматтық құқық нормалары жөнінде (кодекс, заңдар мен басқа да заңдық, нормативтік құжаттар) әңгіме болғанда – шын мәнінде объективтік мағынадағы меншік құқығы, яғни меншіктің құқық институтын құрайтын нормалардың жиынтығы екенін көреміз (мысалы, ҚР АҚ-тің 188-267 баптары). Меншік құқығының объективті нормалары негізінде нақтылы меншік иесі өз қалауы бойынша өзіне тиесілі мүлікті пайдалануына және оған билік етуге құқылы екендігін, яғни сату-сатып алу, жалға беру және тағы басқа белгілі заңдық фактілерді жүзеге асыра алатындығын әңгіме еткенімізде меншік құқығының субъективті жағына тап боламыз (АҚ-тің 188-бабы).

Азаматтық кодекстің 188-бабында меншік құқығына мынадай анықтама берілген: «Меншік құқығы дегеніміз – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы». Бұл анықтама мейлінше дәл әрі ғылыми жағынан толық берілген. Өйткені, субъектіге «тиесілі» деген сөзбен шектеліп қалмай, мүліктеріне өз қалауынша иелену, пайдалану және билік ету құқығын береді. Меншік құқығына анықтаманы субъектінің мүлікке заңға сәйкес билік етуі, оның өз қалауынша⁴⁵ пайдалануы деп түсіну керек. Яғни субъектінің затқа үстемдік етуі заңдастырылған және оған толық құқылы. Осындай үстемдікке қол жеткізу арқылы меншік иесі заттың табиғат берген қасиеттерінің бәрін пайдаланып, оны өзгертуге, өңдеуге, билік етуге,

⁴¹ «Барлық өндіріс, - деп атап көрсетті К.Маркс, - табиғат заттарын белгілі бір қоғамдық түрі шеңберінде және сол арқылы иемдену болып табылады» (К.Маркс, Ф.Энгельс. Шығ., Т., 12, 712-б.).

⁴² Меншікті экономикалық категория ретінде санау Е.А.Сухановтың «Лекции о праве собственности» деген оқулығында баяндалған. 7-12 беттер.

⁴³ Англияның атақты ойшылы И.Бентрам былайша тұжырымдайды: «Меншік құқығы мен заң бірге туып, бірге құриды. Заң шықпайынша, меншік құқығы да болмақ емес». (Bentram J. Theory of legislation Principles of Civil Code. Diamont, 1804).

⁴⁴ «Жалпы құқық (англо-саксондық) меншік құқығы заттардың жиынтығын сипаттайды; айналадағылар бір заттың белгілі бір тұлғаның меншігі екендігін сол арқылы біледі, құқық институт жүйесінде ол қозғалмайтын мүлікке қатысты», сондықтан оны: сөзсіз және шектеусіз меншікке құқық – делінеді. Жалпы құқық қозғалмайтын мүліктердің заттық-құқықтық титулдар (estates) жүйесін құруда Jribbet J. The principles of the law of property. Brooklin, 1962. Бұл пікірді А.В.Коновалов өзінің мақаласында «Қозғалмайтын мүлікке ағылшын-американ құқығы бойынша меншік құқығы»: Д.Крибеттің «Принципы права собственности» деп аталатын кітабы бойынша. –Правоведение. 1995, №2, 119-120 беттер.

⁴⁵ М.К.Сулейменов былай өте дұрыс айтқан: «меншік құқығының анықтамасындағы ең бір түйінді сөз тіркесі «өз қалауынша» деген». Қараңыз: М.К.Сулейменов. «Вещные права по гражданскому законодательству Республики Казахстан»; «Право собственности по новому гражданскому законодательству»; «Актуальные вопросы коммерческого законодательства в Республике Казахстан и практика его применения». Сборник, 20-25 беттер

тіпті бөтен біреуге беруге, жойып жіберуіне толық құқығы бар. Затқа заң арқылы үстемдікті тану заң құжаттарында көрсетілген шекте жүзеге асады, өйткені, затқа үстемдікті шектеу меншік иесінің еркіндігіне белгілі бір дәрежеде ықпалын тигізеді, демек, затқа меншік иесінің билігі шексіз болуы мүмкін емес. Сондықтан да Азаматтық кодекстің 188-бабындағы меншік құқығын шектеу мұндай құқықтың шексіз еместігін көрсетеді, сол себепті де тұлғаның өз иелігіндегі затты иелену, пайдалану және билік ету құқығы заң арқылы айқындалады. Меншік иесінің еркіндігін шектеу меншік иесінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс міндеттен туындайды. Мұндай құқықты немесе заңды мүддені бұзу басқа түрлерде де кездесуі мүмкін, айталық, меншік иесі өзінің монополиялық немесе басым жағдайларын пайдаланып, нарықта көрер көзге қиянатқа жол беруі мүмкін (ҚР АҚ 11-бабы). Міне, осындай теріс пиғылды әрекеттерге жол бермеу үшін де осындай талап заңға енгізілді. Меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті (АҚ-тің 188-бабының 4-тармағы).

Азаматтық кодекстің 188-бабында қаралған меншік құқығының иелену, пайдалану және билік ету тәрізді құрамдас бөліктерінен басқа оны заңмен қорғау да ескерілген. Мұндай құқық өзгенің құқығына тәуелді емес, меншік иесі өзінің мүлкін сақтауға, қорғауға, өзге адамдардың сырттан әрекет етпеуіне тыйым салуына хақысы бар. Егер осындай құқықтары бұзылып жатса, онда ол затты қайтарып алуға, қалпына келтіруге, келген залалдың орнын толтыруға құқылы.

Азаматтық кодекстің 188-бабы 5-тармағына сәйкес меншік құқығының мерзімі шексіз болады. Мүлікке меншік құқығы Азаматтық кодексте көзделген негіздер бойынша ғана ықтиярсыз тоқтатылуы мүмкін.

Меншік құқығының мазмұнын меншік иесіне тиесілі иелену, пайдалану және билік ету тәрізді өкілеттіктер құрайды. Бұл өкілеттіктердің әрқайсысы меншік құқығының қажетті элементтері болып табылады. Меншік иесі аталғандардың қай-қайсысын да үшінші бір тұлғаға бере алады, тіпті үш өкілеттіктің бәрін де беріп жіберіп, өзі меншік иесі болып қала береді. Мысалы, ол заттарын теміржол, әуежай және қонақ үйдің зат сақтайтын жеріне тапсырып, өз қарауындағы затты күзетшінің игілігіне береді.

Кейде заң талаптарына сәйкес меншік иесінен несие берушінің талабын қанағаттандыру үшін мүлкі ықтиярсыз алынуы мүмкін, онда меншік иесі әлгі үш өкілеттіктен де айрылады. Бірақ ол мұндай жағдайда меншік иесі болып қала береді. Қарызын өтегеннен кейін мүлкін сатқаннан қалған қаржы алуға құқылы, сөйтіп, заттарын кері қайтарғаннан соң оның пайдалану және билік ету өкілеттігі қалпына келтіріледі.

Иелену құқығы мүлікті нақты иелену мүмкіндігін заң жағынан толықтай қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Ол меншік иесіне затқа іс жүзінде үстемдік етуге мүмкіндік беріп, затты пайдалану үшін маңызды алғышарт жасайды.

Заң иеленуді заңды, заңсыз, адал ниетті және арам ниетті деп бөледі. Егер мүлікті иелену заңды негізде жасалса, онда ол заңды иелену болып табылады. Яғни құқық негізінде меншік құқығы жүзеге асырылуы тиіс. Затты (мүлікті) заңсыз иелену, егер оны зорлықпен немесе заңнан жасырын жасалса, немесе заңсыз иеленуші затты кездейсоқ иеленіп, оны қайтару жөніндегі талапты құлағына ілмесе, бұл да құқық бұзу деп есептеледі. Сондай-ақ иеленуші иеленген затының заңсыз екендігін білсе, білуге тиісті болса, онда ол арам ниетті иеленуші делінген. Қарсы жақ өзінің талабын дәлелдемейінше, зат иеленуші адал алушы қатарына жатады (АК-тің 261-бабы). Ал, керісінше, егер де мүлік оны иеліктен айыруға құқығы болмаған адамнан тегін алынып, алушы мұны білмесе және білуге тиіс болмаса (адал алушы), мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан не мұның екеуінен де ұрланған, не олардың иеленуінен бұрын бұлардың еркінен тыс өзге жолмен шығып қалған ретте ғана меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап етіп алдыруға құқылы.

Азаматтық кодекстің 188-бабында иеленудің әр түрі туралы айтылмаған, тек аталған баптың 3-тармағында ғана бөтеннің затына құқық ретінде иеленудің жасалу жолы мен тәуелділігі көрсетіледі. Сонымен бірге заңда ерекше негіз бар «Иелену мерзіміне» жол беріледі (АК-тің 20-бабы).⁴⁶ Иеленудің мұндай құқығы меншік құқығынан тұлғаның затты өз билігінде нақты түрде ұстауымен ерекшеленеді. Бұл иеленудің заңдық салдары болады, яғни иеленуші мүлікке меншік құқығын алғанға дейін оны басқалардан қорғауға құқылы (ҚР АК-тің 240-бабы, 2-тармағы), ал екінші жағынан, осы баптың нормалары негізінде өзінің иелігіндегі затты меншіктенуге құқық алады. Сонымен, иеленудің мерзіміне мынадай белгілер тән: а) ол иелік ететін мүлікке нақты үстемдік етеді; ә) осы тұлғаның затқа адал, ашық және үздіксіз түрде нақты үстемдік етуі. Демек, иеленудің мерзімі иелену құқығынан да ерекшеленеді. Оған қоса бұл иелену түрі затты иелену құқығынан да ерекшеленеді, сонымен бір мезгілде затты иелену құқығын өзгеге бергенімен, меншік иесі болып қала береді (мысалы, кепілдік шарты бойынша).

Пайдаланудың өкілеттік құқығы дегеніміз –мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда, кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болу мүмкін (АК-тің 188-бабы 2-тармағы).

Пайдаланудың өкілеттік құқығынан жай пайдалануды ажырата білу керек. Пайдаланудың өкілеттік құқығы – затты пайдалануға құқықты қамтамасыз ететін меншік құқығы субъектісінің өкілеттілігі. Пайдалану – осы құқықты жүзеге асыру болып табылады, яғни затты нақты пайдаланып немесе оны қашан кіріс алғанша тұтыну.

Меншік иесі өзінің пайдаланудың өкілеттік құқығын қалай жүзеге асыруды өзі шешеді. Бірақ та, Конституцияның 6-бабын бұрмалауы тиіс, яғни меншікті пайдалану қоғамдық игілікке қарсы келмеуі керек. Демек,

⁴⁶Иелену көнелігі қазақтардың әдет-ғұрып құқықтары бойынша 50 жыл мерзімімен шектеледі: «Елу жылда ел жаңа».

қоғамдық маңызы бар объектіні пайдаланғанда, меншік иесі тек өзінің ғана емес, қоғамның да мүддесін ойлауына тура келеді. Мысалы, қазақ өнерінің көрнекті шығармаларын, айталық мұрагер меншік иесі ретінде бүлдірмеуге міндетті. Меншік иесі басқа тұлғаға өзінің пайдалану құқығын беруіне хақылы (мысалы, жалға, арендаға беру т.б.). пайдалануға өкілеттік алған тұлға оны өзі үшін пайдалана бастайды (мысалы, затты пайдалану, өнім алу). Мұндай жағдайда меншік иесі өзінің өкілеттігіне сәйкес табысты жанама жолмен түсіреді, айталық, затты пайдаланудан түскен кірісті иеленеді, немесе белгілі бір пайызды еншілейді.

Заң негізінде немесе басқа да құқылық құжаттарға орай меншік иесі өкілеттігінен айрылуы не құқығы шектелуі мүмкін. Мәселен, тұрғын үйді не оның бір бөлігін тұрғын жай мақсатынан тыс пайдалану жағдайы заң арқылы жүзеге асады («Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 4-бабы).

Билік ету құқығы дегеніміз – мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі (АҚ-тің 188-бабы 2-тармағы⁴⁷).

Билік етудің өкілеттігі меншік құқығының объектілеріне қатысты мәмілелер жасауға өкілетті. Мысалы, меншік иесі өзінің меншік құқығын өзгеге беріп, кепілдік құқық жасап, жалға беруді жүзеге асырса, онда ол билік құқығын жүзеге асырғаны болып табылады. Билік ету құқығы арқылы мәмілелер жасалған кезде меншік иесінің құқығы өзгеге толықтай не жекелеген түрде өтеді (мысалы, арендаторға иелік ету және пайдалану құқықтары беріледі). Билік етудің өкілеттігін жүзеге асырудың маңызды түрі меншік иесінің мүлікті өз иелігінен шығарып, басқа адамдарға беруі болып табылады.

Нарықта өз орнын табу үшін меншік иесіне билік ету қажет. Әдетте тауарлар ауыстыру үшін өндіріледі. Ауыстыру кезінде меншік иесінің құқығы сатушыдан сатып алушыға ауысады. Сондықтан да сатушы тауардың меншік иесі ретінде меншік құқығын өзгертуге мүмкіндік алуы тиіс. Билік ету құқығын жүзеге асыру мақсаты меншіктің әр түрлі түрлеріне сәйкес келеді.

Әдетте меншік иесі өзінің билік өкілеттігін қалай да жүзеге асыруға міндетті деген ереже жоқ. Шешімді қалай қабылдайды, қалай билік етеді – оны бір өзі шешеді. Дей тұрғанмен, ол бұл арада заңды бұрмалауға жол беруге тиіс емес. Әрине, кейбір жағдайда меншік иесі өзінің билік ету құқығын қоғам мүдделі болғанда жүзеге асыруға міндетті. Заң мен басқа да құқықтық негіздерге орай меншік иесінің билік ету құқығы алынуы не тоқтатылуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда билік ету құқығы тек мемлекеттің келісімімен жүзеге асады. Мысалы, әрекет ету қабілеті шектеулі адамдармен билік ету құқығын асыру үшін келісім жасаған кезде заңды өкілінің рұқсаты талап етіледі.

Билік ету құқығы затқа меншік иесі болып табылмайтын тұлға арқылы да жүзеге асады. Бұл заңның арнайы нұсқауымен болады, немесе меншік

⁴⁷Орыс құқықтанушысы А.П.куницын нағыз мағыналы құқық деп билік ету құқығын атайды, яғни нәрсенің мәнін өзгертіп, қайта құру, өзгеге сыйлық не тегін тұтынуға беруді аңғартады. Куницын А.П. Условное право. О правах производных – Русская философия собственности. XVIII-XXвек, 67-бет.

иесімен жасалған келісім-шарт негізінде (мысалы, теміржол жүкті иесіне беруге мүмкіндік болмаған жағдайда басқа тұлғаға тапсырады) болады.

Меншік иесі өз меншігінің игілігін⁴⁸ көріп қана қоймай (мүлкін пайдаланудан пайда тауып, тұтыну қажеттілігін қанағаттандыру), меншігіндегі мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы да жүктеледі. Айталық, күрделі жөндеу жүргізіп, сақтандыру шараларын жүзеге асырады және т.б. Егер заңда қаралмаған болса, өзіне түсетін ауыртпалықты үшінші біреуге жүктеуіне болмайды. Егер мүлік заңды түрде үшінші жақтарда болса, олардың өзгенің мүлкін күтіп ұстауға жұмсалған шығындарын, егер шартта өзгеше көзделмесе, меншік иесіне өтеуге тиіс. Мысалы, оған қараусыз кеткен малды ұстап, баққанға кеткен шығынды айтуға болады.

Шартпен басқа да мәселелер қаралуы мүмкін. Мүлікті басқа біреуге уақытша пайдалануға берген кезде оны күтіп-сақтау пайдаланушыға жүктеледі. Күтімсіз және заңсыз ұстаған адамға мүлікті күтіп ұстауға жұмсалған шығындары өтелмейді (ҚР АҚ-тің 189-бабы).

Ауыртпалық жағдайы деп заттардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін айтады. Иеліктен айрылған заттардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі, егер заң құжаттарында немесе шартта ол өзгеше белгіленбесе, сатып алушыда меншік құқығы пайда болуымен бір мезгілде соған көшеді. Мүліктің бүлінуі не жойылуына байланысты қауіп басқа мезгілде заң немесе шарт негізінде сол мүлікті алушының мойнына жүктеледі. Мысалы, шарт жасаушылар ондай қауіпті шарт жасау кезінде алдын ала ескереді (сатып алу-сату), яғни зат берілмей тұрып, сатып алушыға меншік құқығы ауыспай тұрғанда мәселенің басы ашылуы тиіс.

Екінші бір жағдай мерзімнің өтіп кетуіне байланысты. Мәселен, егер иеліктен айырушы адам заттарды беру мерзімінің өткізіліп жіберілуіне кінәлі болса немесе сатып алушы оларды қабылдау мерзімінің өткізіліп жіберілуіне кінәлі болса, кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін мерзімін өткізіп жіберген тарап көтереді (АҚ-тің 190- бабы 2-тармағы).

Азаматтық кодекс бойынша меншік құқығының нысандары мен түрлері.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабында: «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады,» - деп жазылған.

Азаматтық кодекс меншіктің екі нысанда – жеке (191-бап) және мемлекеттік (192-бап) екендігін тәртіптейді.

Конституцияда меншікті екі нысанға бөліп қарау олардың мемлекетке меншік құқығының субъектісі ретіндегі қатынасының белгісіне орайластырылған.⁴⁹ Осыған орай жеке меншік мемлекеттік емес меншік болып саналады. Егер меншік құқығының субъектісі мемлекет болса (тікелей

⁴⁸«Игілік» пен «ауыртпалық» тіркесінің өзі, - дейді Е.А.Суханов, - нағыз меншік иесін сипаттайды және осы екі элементтің біреуінің болмауы иеленушіні шын мәніндегі қожайын етуге мүмкіндік бермейді». Суханов Е.А. «Лекции о праве собственности», 10-бет.

⁴⁹Сулейменов М.К. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен меншік құқығы. // «Қазақстан Республикасының Конституциясы және заң ғылымдарының өзекті мәселелері» (Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары). Алматы. 1997, 43 бет.

немесе тиісті мемлекеттік органдар арқылы), онда әңгіме мемлекеттік меншік жөнінде болады. Ал субъект мемлекеттік емес заңды тұлға немесе азаматтар деп танылса, онда жеке меншік деп есептелінеді.

Сонымен, меншікке субъектілер: мемлекет, әкімшілік-аумақтық бөліністер, заңды тұлғалар мен азаматтар бола алады.

Заң меншікті түрлерге де бөледі. Азаматтық кодекске сәйкес мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық болып екіге бөлінеді (ҚР АҚ 192-бап).

Конституцияның 87-бабында коммуналдық меншікті басқару жергілікті атқару органдарының қарауына жатады делінген.

Мемлекет өкілеттігін жүзеге асыра отырып, қарауындағы мүліктерді өзінің органдары мен мемлекеттік заңды тұлғалары арқылы басқарады. Қазақстан Республикасы азаматтық заңдармен реттелетін қатынастарға осы қатынастардың өзге қатысушыларымен тең негіздерде кіреді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет билігі мен басқа органдары өздерінің осы органдардың мәртебесін айқындайтын заң құжаттарында, ережелерде және өзге де құжаттарда белгіленетін құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының атынан өз әрекеттері арқылы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алып, оларды жүзеге асырады, сотта өкілдік ете алады.

Заңдарда көзделген реттер мен тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының арнайы тапсырмасымен оның атынан өзге де мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар мен азаматтар өкілдік ете алады (ҚР АҚ-тің 111-бабының 1 және 2 тармақтары).

Азаматтық кодекстің 191-бабына сәйкес жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі ретінде көрінеді. Сөйтіп, ұжымдық меншік пен азаматтардың меншігі «жеке меншік» деген терминнің аясына бірігеді. Оларды біріктіру мемлекеттен бөліп қарау арқылы бұл меншікпен жұмысты ыңғайлы ұйымдастыруға байланысты, мәселен, салық саясатын жүргізуге, немесе мемлекеттік әкімшілік аппараттың жөнсіз араласуынан қорғайды.⁵⁰

Мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен азаматтар өздеріне қарасты барлық мүліктің меншік иесі болып табылады. Мысалы, акционерлік қоғамның акциясының белгілі бір бөлігі мемлекетке тиесілі болғанымен, оны мемлекеттік меншік деп айтуға келмейді, себебі ол жеке меншік болып қала береді.

Азаматтардың жеке меншік категориясы жеке дара өзіндік меншік ұғымына сай келеді. Сонымен бірге, біздің пікірімізше ол азаматтардың меншігіне деген жеке дара (өзіндік) (тұтынушылық) және жеке меншік ішкі дифференциациясы болуы қажет.

Меншік иесінің құқығын жүзеге асыру, яғни оның иелік етуі, пайдалану және билік етуі мүліктің мүддесі мен мақсатына орай заңға сәйкес шектелуі мүмкін. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары

⁵⁰Жанайдаров И.У. Проблемы реализации права государственной собственности. Алматы: Қазақстан, 1994/ 127-б.

туралы» заңының 40-бабында меншік иесінің үй-жайды, ортақ мүлікке қауіп төндіретін немесе оны нашарлататын жұмыстар жүргізумен байланысты өзгертуіне, соның ішінде қайта жоспарлауына және қайта жабдықтауына тыйым салынады.

Жеке меншіктің ерекше түріне кондоминимум меншігі де жатады. Кондоминимум ұжымдық меншік түрінде көріне тұрса да біздің Азаматтық кодексте ұжымдық меншік ұғымы жоқ екендігін ескерте кеткен жөн. Үй-жай меншік иелерінің әрқайсысы өзіне бөлек (жеке-дара) меншік құқығы бойынша тиесілі үй-жайды өз қалауы бойынша иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы.

Үйдің бөлек (өзіндік) меншікке жатпайтын бөліктері (кіре беріс, баспалдақ, лифтілер, төбелер, шатырлар, подвалдар, пәтерден тыс не үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, жер учаскесі, оның ішінде көріктендіру элементтері және ортақтасып пайдаланатын басқа да мүліктер) үй-жай меншігі иелеріне ортақ меншік құқығы бойынша тиесілі болады.

Үй-жайдың әрбір меншік иесінің ортақ мүліктегі (ортақ меншіктегі) үлесі оған тиесілі үй-жайға бөлек (өзіндік) меншікке бөлінбейді. Үлестің мөлшері, егер меншік иелерінің келісімінде өзгеше көзделмесе, бөлек (өзіндік) меншіктегі тұрғын үй-жайлардың немесе тұрғын емес үй-жайлардың пайдалы алаңының бүкіл үйдің жалпы алаңына қатынасымен анықталады. Мұндай үлесті заттай бөліп беруге болмайды.

Кондоминимумның әр алуан түрінің құқылық тәртібінің ерекшеліктері заң құжаттарымен айқындалады, ал «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңда тұрғын үй кондоминимумы жайында айтылған.

Азаматтық кодекстің 209-бабына сәйкес екі немесе бірнеше адамның меншігіндегі мүлік оларға ортақ меншік құқығымен тиесілі болады.

Меншік құқығының түрлеріне сипаттама берген кезде мүліктің құқықтық тәртібінің мазмұны мен ерекшелігі мүліктің қайсыбір түріне жататындығына байланысты келеді.

5.2.МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ БОЛУ НЕГІЗДЕРІ.

Меншік құқығын азаматтық құқықтың субъектілері әр түрлі негіздерде ала алады. Азаматтық кодекстің 235-бабы меншік құқығына ие болуына әдейі арналған. Бірақ та заң меншік құқығын алудың негіздерінің түпкілікті дәрежеде тізімін жасады деуге болмайды. Азаматтық кодекстің 235-бабында «тәсіл» ұғымы қолданылмайды (бір нәрсені жүзеге асыру кезіндегі әрекеттер немесе әрекеттер жүйесі). Меншік құқығы оның пайда болуымен заңды байланыстыратын заңдық фактілер негізделуімен көрінеді (ҚР АҚ-тің 7-бабы).

Меншік құқығын алуда бастапқы және туынды негіздерін шектеу өлшеміне бір жағдайда еркіндік өлшемі, ал келесі бір жағдайда құқық қабылдаушылық сай келеді, оның соңғысына ерекше баға беріледі.

Бастапқысына жататын талап деп мынаны айтамыз: зат бұрын болмады және меншік құқығы оған бірінші рет тағылды немесе зат бұрын болса,

меншік құқығы оған бұрынғы меншік иесінің құқығынан тәуелсіз жүзеге асады. Сондықтан да Азаматтық кодекстің бастапқы негіздеріне мыналар қатысты: жаңадан жасалып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуы (ҚР АҚ 236-бап, 1-тармақ), өңдеу (ҚР АҚ 237-бап); иелену мерзімі (ҚР АҚ 240-бап); олжа (ҚР АҚ 245-бап); қараусыз жануарлар (ҚР АҚ 246-бап); меншік иесінен алынған мүлікті иелену (ҚР АҚ 248-бап); көмбе (ҚР АҚ 247-бап).

Туынды негіздер меншік иесі құқығын алуда бұрынғы меншік иесінің құқығына тәуелді болуымен сипатталады. Жаңа меншік иесі пайда болуына байланысты одан бұрынғысының құқығы бір мезгілде тоқтатылады. Алдымен меншік құқығына ие болу негіздерінің жалпы сипаттамасына тоқталайық.

Меншік құқығының туынды негіздерінің пайда болуы шартқа (сатып алу-сату, заем, несие және т.б.), сондай-ақ мұрагерлікке (заң мен өсиет бойынша) байланысты, ол заңды тұлғаларды қайта құрған кездегі құқықты мирасқорлық тәртібімен жүзеге асады. Туынды негіздерге сонымен қатар мүлікті тәркілеу (ҚР АҚ-тің 249-бабы 4-тармақшасы), жекешелендіру (ҚР АҚ-тің 249-бабы 3-тармағы), реквизициялау (ҚР АҚ-тің 249-бабы 3-тармағы), жер учаскесін алып қоюға байланысты қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыру (ҚР АҚ-тің 249-бабы 5-тармақшасы), күтімсіз ұсталған мәдени немесе тарихи қазыналар сатып алынған реттер (ҚР АҚ-тің 249-бабы 6-тармақшасы) қатысты және заңда көзделген басқа жағдайлар да оған жатады.

Жаңа меншік иесіне тек заттың ғана меншік құқығы емес, осы затқа байланысты құқықтар мен міндеттердің барлығы ауысады. Мәселен, үй сатып алған адамға сол үймен байланысты жасалған жалдау немесе кепіл шарттары көшеді. Тағы бір мысал: мұраны қабылдап алған мұрагер мұра қалдырушының борыштарына өзіне ауысқан мұралық мүліктің нақты құны шектерінде жауап береді. Сондықтан да меншік құқығына ие болудың туынды негізіне әрқашанда мирасқорлық қасиет тән. Меншік құқығына ие болуға байланысты жаңа меншік иесі бұрынғы меншік иесі еншілеген барлық өкілеттікті түгелдей өзіне алады деуге болмайды. Мәселен, бұл жаңа меншік иесіне қандай мүліктің ауысуына және оның иесі кім екендігіне (мемлекет, заңды тұлға немесе жеке тұлға), жаңа иеленушінің меншік құқығы қандай болатындығына (мемлекеттік немесе жеке меншік) байланысты.

Енді меншік құқығының бастапқы негіздеріне тоқталайық. Азаматтық кодекстің 235-бабының 1-тармағы меншік құқығын алудың бастапқы негіздерінің біріне дайындалған немесе жасалған затқа құқықты жатқызады. Меншік құқығы бұрын болмаған затқа да пайда болады. Егер заңда өзгеше көзделмесе, затты дайындап не оны жасаған адам соның меншік иесі атанады. Жаңадан дайындалып, жасалған заттар қозғалатын не қозғалмайтын болуы мүмкін. Азаматтық кодекстің 236-бабына сәйкес салынып жатқан үйлерге, құрылыстарға, өзге де мүлік кешендеріне, сондай-ақ өзге де жаңадан жасалып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығы осы мүлікті жасау аяқталған кезден бастап пайда болады. Егер заң құжаттарында немесе шартта құрылысы аяқталған объектілерді қабылдап алу көзделген болса, онда тиісті

мүлікті жасау осылайша қабылдап алынған кезден бастап аяқталған болып есептеледі. Қозғалмайтын мүлік мемлекеттік тіркелуге тиіс реттерде, оған меншік құқығы осылайша тіркелген кезден бастап пайда болады.

Қозғалмайтын мүлікті жасау аяқталғанға дейін, ал тиісті жағдайларды – оны мемлекеттік тіркеуден өткізгенге дейін мүлікке қозғалмайтын мүлік жасалатын материалдар мен басқа мүлікке меншік құқығы туралы ережелер қолданылады.

Заң бастапқы негіздерге мүлікті пайдалану нәтижесінде алынған жемістерді, өнімді, табысты жатқызады (ҚР АҚ-тің 235- бабы 1-тармағы). Зат күйіндегі жеміс дегеніміз өздігінен өсіп-өнген органикалық дүние, ол затқа айналып, өзінен табыс түсіреді. Жемістер табиғи болуы мүмкін (ол табиғат не адам күшімен өндіріледі), сондай-ақ оны таза табиғи өнеркәсіп өнері деп бөледі (бұйым, өнім, және т.б.) немесе табыстар көзі болып табылады (мысалы, жалға ақы төлеу немесе пайыздар (және т.б.) Зат табиғи жемістер мен өнім және табыс түріндегі жемістердің аражігін ашып көрсетеді, бұл ҚР АҚ-тің 193-бабында қарастырылған: мүліктерді пайдалану нәтижесінде алынған түсімдер (жемістер, өнімдер, табыстар), егер заңдарда немесе бұл мүлікті пайдалану туралы шартта өзгеше көзделмесе, осы мүлікті заңды негізде пайдаланушы адамға тиесілі болады.

Меншік құқығын алудың бастапқы негізінде өңдеу де жатады (бір тұлға материалды өңдеп, одан екінші бір зат жасайды). Сонда әлгі өнімге құқық алатын оны жасаған адам ба, әлде материалдық меншік иесі ме?⁵¹ Азаматтық кодекстің 237-бабына сәйкес шартта өзгеше көзделмегендіктен, адам өзіне тиесілі емес материалдарды өңдеу арқылы дайындаған жаңа қозғалатын затқа меншік құқығын материалдардың меншік иесі алады. Алайда, егер өңдеу құны материалдардың құнынан едәуір асып кетсе, жаңа затқа меншік құқығын адал жұмыс істеп, өңдеуші өзі үшін жүзеге асырған адам алады. Бұл екі жағдайда да өңдеушіге жасаған жұмысының құнын төлеу немесе меншік иесіне материалдың құнын өтеу мәселесі туындайды. Бұл сұрақтың шешімі мынадай: өз материалдарынан дайындалған затқа меншік құқығын алған материалдардың меншік иесі ол затты өңдеуді жүзеге асырған адамға оның құнын өтеуге, ал ол адам жаңа затқа меншік құқығын алған ретте соңғысы материалдардың меншік иесіне олардың құнын қайтаруға міндетті.

Өңдеуді жүзеге асырған адамның ықпалсыз әрекеттерінің нәтижесінде материалынан айрылған меншік иесі жаңа затты өз меншігіне беруді және өзіне келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы (ҚР АҚ-тің 237-бабының 2,3 тармақтары).

Меншік құқығының пайда болуының бастапқы негіздеріне өнімді жинауға, балық, аң аулауға арналған көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру да жатады. Заңдармен жергілікті әдет-ғұрыпқа немесе меншік иесі берген жалпы рұқсатқа сәйкес ормандарда, бөгендерде немесе басқа аумақта жидек теруге, балық аулауға, аң аулауға, басқа нәрселерді жинауға немесе

⁵¹Мұндай жағдайлар спецификация деп аталады. Қараңыз: Шершеневич Г.Ф. Учебник русского гражданского права (1907 жылғы басылымы бойынша). М., 1995, 204-бет.

аулауға жол берілген ретте, тиісті заттарға меншік құқығын оларды жинауды және аулауды жүзеге асырған адам алады (ҚР АҚ-тің 241-бабы). Мысалы, осы нормаға сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өз әрекеттері кезінде белгіленген ережені сақтау талап етіледі (аң аулау, балық аулау және т.б.). Мұндай ережені бұзған тұлға тиісті жауапкершілікке тартылады.

Меншік құқығын алудың бастапқы негіздеріне Азаматтық кодекс тұңғыш рет иелену мерзімін де енгізді. Бұл негізді қолдану жөнінде жоғарыда иелену мерзіміне орай айтып кеткен болатынбыз (ҚР АҚ-тің 240-бабы). Кеңес үкіметінің азаматтық кодексінде тек талап мерзімі ғана болғанды. Бірақ иелену мерзімі институты мүлдем еңбеген еді. Қазақстан Республикасы заңына иелену мерзімі тұңғыш рет енгізіліп отыр. Иелену мерзімі деп қозғалатын мүлікке азамат немесе заңды тұлғаның адал, ашық және ұдайы иеленген құқығын айтамыз. Ал оның мерзімі – 7 жыл, ал қозғалмалы мүлікке – 5. Қозғалмайтын немесе басқа да мүліктерге меншік құқығы бұл мүлікті иелену көнелігіне сәйкес алған тұлғада тіркеу кезінен бастап пайда болады.

Иелену мерзімі бойынша меншік құқығын алудың қажетті жағдайы мынадай болады: иелену, яғни «тура өзінің мүлкіндей көру», адалдық, ашық, үздіксіз болуы және мерзім. «Тура өзінің мүлкіндей көру» теңеуі тек мүлікті ұстау ғана емес, оны заңға сәйкес иелену болып табылады.⁵² Мысалы, мемлекеттік меншіктегі жерді пайдалану оны өз меншігіне алу дегенді білдірмейді. Бұл орайда ол оны мейлі ұзақ уақыт пайдалана берсін, бәрібір осы талап сақталады. Яғни, мемлекеттік жер пайдалануға берілген екен, оны иеленуші өзіне меншіктемей, басқаның мүлкі деп есептеуі тиіс.

Иелену мерзімінің қажетті шартты оны адалдықпен иелену, яғни мүлікті иеленуші өз иелігінің заңдық негізін естен шығармайды. Иелену мерзімінің тағы бір маңызды шарты ашық және үздіксіз пайдалану болып табылады. Ашық дегенді иелену ешқандай бүкпесіз, әділ жүзеге асыру деп түсіну керек, сондықтан да ол басқа тұлғалар тарапынан не заңдық, не әлдекімнің қолдан жасалған кедергілеріне ұшырамайды. Міне, сол себепті де АҚ-тің 240-бабының 4-тармағында тұлғада болып, оның иеленуіне орай талап етілуі мүмкін мүліктер жөніндегі иелену көнелігінің өтуі тиісті талаптар бойынша талап қою мерзімі бітуінен ерте басталмайды делінеді.

Үздіксіз пайдалану иелену мерзімінің шарты ретінде иелену мерзімінің уақыты бітпейінше мүлікті басқа біреуге бермеуді білдіреді. Демек мұндай құқық іс жүзінде де, заң жүзінде де тоқтатылмауы керек.

Иелену мерзімі меншік құқығына айналуы үшін қозғалмайтын мүліктер үшін – 7 жыл ал қозғалатынына – 5 жыл мерзім керек. Иелену мерзіміне жүгінетін азамат немесе заңды тұлға өздері құқықты мирасқорлары болып табылатын тұлғаның осы затқа иелік еткен уақытының бәрін өз иелігіне қосып алуына болады. Мысалы, мұрагерлер мүлікке заң және өсиет арқылы ие болып, оған иелік етуді жалғастырады.

⁵²Шершеневич Г.Ф. Учебник русского гражданского права. М., 1995, 188-бет.

Иелену мерзіміне виндикациялық талаптан туындайтын (өзгенің заңсыз иеленгенөз мүлкін) талап ету талап қою мерзіміне байланысты мерзім енбейді (ҚР АҚ-тің 260-263, 265-баптары.)

Заң мүлікке меншік құқығын алғанға дейін оларды өз мүлкіндей иеленуші азамат немесе заңды тұлға өз иелігін мүліктің меншік иелері болып табылмайтын, сондай-ақ заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге де негіздерге сәйкес оларды иеленуге құқығы жоқ үшінші жақтардан қорғауға құқылы екендігін бекітеді (ҚР АҚ-тің 240-бабы).

Егер тұлғаға сотта оның меншік құқығын танудан бас тартылған ретте мүлікті иеленуші тұлға меншік иесіне айналады (ҚР АҚ-тің 240-бабы, 5-тармағы).

Азаматтық кодексте иесіз заттарға меншік құқығын алу тәртібі мен негізі көрсетілген. Меншік иесі жоқ немесе меншік құқығынан бас тартылған зат иесіз болып есептеледі.

Азаматтық кодекстің 240-бабына сәйкес иесіз қозғалмалы затқа меншік құқығы иелену мерзімін алады. Иелену құқығы меншік иесі бас тартқан қозғалмалы мүлік жөніндегі ережені жоққа шығармайды (ҚР АҚ-тің 243-бабы), атап айтқанда олар олжа (ҚР АҚ-тің 245-бабы), қараусыз жануарлар (ҚР АҚ-тің 245-бабы) және көмбе (ҚР АҚ-тің 247-бабы) жөнінде болады.

Иесіз қозғалмайтын заттарды олар табылған аумақтағы жергілікті атқарушы органның мәлімдеуі бойынша қозғалмайтын мүлікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган есебке алады. Иесіз қозғалмайтын затты есепке алғаннан соң бір жыл өткеннен кейін коммуналдық меншікке билік ететін орган бұл затты коммуналдық меншікке түсті деп тануды талап етіп, сотқа жүгінеді. Коммуналдық меншікке түскені сот шешімі бойынша танылмаған иесіз қозғалмайтын зат оны тастап кеткен меншік иесінің иеленуіне, пайдалануына және билік етуіне қайта қабылдануы, не иелену мерзіміне (ҚР АҚ-тің 240-бабы) сәйкес меншікке алынуы мүмкін.

Меншік құқығынан бас тарту мақсатымен меншік иесі тастап кеткен немесе қалдырып кеткен жылжымалы заттар Азаматтық кодекстің 243-бабы 2-тармағына сәйкес басқа тұлғаның меншігіне өтуі мүмкін. Тұлға өзінің иелігіндегі не пайдаланудағы жер учаскесінде жатқан заттарды, тіпті оның құныжиырма айлық көрсеткішінен кем бола тұрса да, ол тасталған металл сынықтары болсын, жарамсыз өнім болсын, оны өзінің меншігіне айналдыра алады. Сөйтіп, бұл заттарды меншік қатынастарына қарай керегіне жаратады. Ал басқа тасталған заттар сол тұлғаның өтініші бойынша сотта қаралып, шынымен иесіз болып табылатын болса, иеленушінің меншігіне кіреді.

Азаматтық кодекс меншік иесі затынан бас тарту нормаларын қарастырады. Азамат немесе заңды тұлға өзіне тиесілі мүлікке меншік құқығынан бас тарта алады, бұл жөнінде ол жариялайды, не бұл мүлікке қандай да болсын құқықтарын сақтау ниетінсіз өзінің мүлікті иеленуде пайдаланудан және оған билік етуден шеттейтінін айқын дәлелдейтін басқа да әрекеттер жасайды. Бұл тұжырым Азаматтық кодекстің 250-бабында бекітілген. Бірақ та бас тартқан бұрынғы иесі затты басқа тұлғаның өз

меншігіне алуына дейін тиісті құқықтары мен міндеттерін тоқтатуға әкеп соқтырмайды, демек затты бұрынғы иесіне қайтару мүмкіндігі бола береді.

Азаматтық кодекстің 244-бабына сәйкес өз бетімен құрылыс салуды жүзеге асырған адам оған меншік құқығын алмайды, ал өз бетімен салынған әлгі құрылыс қозғалмайтын мүлік қатарына жатпайды. Себебі ол құрылысты салу кезінде заңды бұрмалағандықтан мемлекеттік тіркеуден өте алмайды. Мұндай жағдайда меншік құқығы тек құрылыс материалдарына ғана қатысты болады. Заңдарда бекітілген тәртіппен осындай мақсаттарға арнап белгіленген жер учаскесінде салынған, сондай-ақ қажетті рұқсаты алынбаған тұрғын үй, басқа қора-қопсы, құрылыс немесе өзге де қозғалмайтын мүлік өз бетімен салынған құрылыс болып табылады. Өз бетімен салынған құрылыс оны салушы адамның өз күшімен немесе оның есебінен бұзылады. Сот сондай-ақ құрылыс салынған жер учаскесі өзінің заңды пайдалануында болған адамның өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын тануы да мүмкін. Бірақ та сот өз бетімен құрылыс салуда меншік құқығын оны салған адамға емес, құрылыс салынған жер учаскесінің иесіне тиесілі деп тануы мүмкін. Бұл ретте құрылысқа меншік құқығы танылған адам оны жүзеге асырған адамға сот белгілеген мөлшерде құрылысқа жұмсалған шығындарын өтейді. Егер құрылысты сақтап қалу басқа адамдардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға әкеліп соқтырса, не азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса, аталған адамдардың өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын тануға болмайды.

Ерекше жағдайларда әлеуметтік-экономикалық тиімділігі ескеріле отырып, өз бетінше салынған құрылыс сот белгілеген мөлшерде құрылыс шығындары өтеліп, коммуналдық меншікке берілуі мүмкін. (ҚР АҚ-тің 244-бабы).

Олжа деп біреудің меншігіндегі, иелігіндегі жоғалған заттың екінші бір адамның тауып алуын атайды. Табылған олжаны меншіктену үшін мынадай жағдайлары болуы тиіс: 1) алдымен әңгіме жоғалған зат жөнінде болуы керек. Зат жоғалды деп оны ешкім иеленбегенін, бірақ қожайынсыз да қалмағанын айтады. Мысалы, автобуста біреу портфелін ұмытып кетті делік, немесе қалтасынан ақшасы түсіп қалды; 2) жоғалған зат табылуы тиіс. Егер оны біреу тауып алса, ол тауып алушы болып есептеледі. Затты тауып алушы мен оның өкілетті иесі арасында құқықтық қатынас пайда болады, сол арқылы құқықтар мен міндеттер туындайды.

Зат меншік иесінің шаруашылығына жатып, оны иесі қайда екендігін білмесе, ол олжа болып есептелмейді. Егер меншік иесі затынан саналы түрде бас тартса, онда ол иесіз мүлікке айналады, бірақ та оны олжа деуге келмейді.

Жоғалған затты тауып алушы бұл туралы оны жоғалтқан адамға немесе заттың меншік иесіне немесе оны алуға құқығы бар өзіне белгілі басқа адамдардың біреуіне дереу хабарлап, табылған затты оған қайтаруға міндетті. Егер зат үй жайдың ішінде немесе көлікте табылған болса, ол сол үй жайдың немесе көліктің иесі болып табылатын адамға тапсыруға тиіс. Мұндай ретте осы иеленуші затты тапқан адамның құқықтарын иеленіп,

оның міндеттерін мойнына алады. Егер табылған затты алуға құқығы бар адамның өзі не тұрған жері белгісіз болса, затты тауып алушы олжа туралы полицияға немесе жергілікті атқару органға мәлімдеуге міндетті.

Азаматтық кодекстің 245- бабы 3-тармағында тауып алушының міндеті айқындалған. Сонымен затты тауып алушы оны өзінде сақтауын не полицияның, жергілікті атқарушы органның немесе олар көрсеткен адамның сақтауына тапсыруға құқылы. Тез бұзылатын затты немесе сақтауға кететін шығындары оның құнына сәйкес келмейтін затты тауып алушы түсім сомасын растайтын жазбаша дәлелдер алып, сата алады. Табылған затты сатудан түскен ақша сақталуға және затты алуға заңды құқығы бар адамға қайтарылуы немесе бұл заттың өзі үшін белгіленген тәртіп пен жағдайларда басқа адамдардың меншігіне берілуі тиіс. Затты тауып алушы оның жоғалтқаны немесе бүлдіргені үшін өзінің жасыру ниеті болған немесе өрескел абайсыздық жасаған ретте ғана және сол заттың құны шегінде жауапты болады (ҚР АҚ-тің 245-бабы 3-тармағы).

Егер олжа туралы полицияға немесе жергілікті атқару органына мәлімденген кезден бастап алты ай өткенше жоғалған затты алуға заңды құқығы бар адам анықталса және затқа өзінің құқығы туралы оны тапқан адамға не полицияға немесе жергілікті атқару органына мәлімделбесе, затты тауып алушы оған меншік құқығын алады. Егер затты тауып алушы тапқан затын меншігіне алудан бас тартса, ол коммуналдық меншікке өтеді (ҚР АҚ-тің 245-бабы, 4-тармағы).

Осы орайда мына мәселеге де көңіл аударма кеткен жөн: затты тауып алушы және алуға заңды құқығы бар адамға қайтарып беруші ол адамнан затты сақтауға, өткізуге, сатуға байланысты қажетті шығындарды және затты алуға заңды құқығы бар адамды табуға кеткен шығындарды өтетіп алуға құқылы. Кодексте затты тауып алған адамға сыйақы беруді қарастырған, яғни затты тауып алушы затты алуға құқығы бар адамнан зат құнының отыз пайызы мөлшерінде сыйақы алуға құқылы. Егер табылған зат оны алуға заңды құқығы бар адам үшін ғана құнды болса, сыйақының мөлшері тараптар есептеп шығарған баға бойынша белгіленеді. Егер затты тауып алушы өзінің олжа туралы мәлімдеу міндетін орындамаса немесе олжаны жасырып қалуға өзге де әрекеттер жасаса, сыйақы алу құқығынан айрылады.

Қараусыз жануарларға меншік құқығын алу да Азаматтық кодекстегі олжа туралы ережелерге өте ұқсас келеді (ҚР АҚ-тің 246-бабы).⁵³ Қараусыз немесе қанғып жүрген немесе қожайынының меншігінен әлдебір себептермен адасып қалған мал, қолға үйретілген үй жануарлары қараусыз жануарлар деп аталады. Егер мал, қолға үйретілген үй жануарлары басқа біреудің отарына, үйіне барып қосылса, оны жайылып адасып жүрген деп есептейді. Қараусыз не қанғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы полицияға немесе жергілікті

⁵³Қазақтардың әдет-ғұрып құқығындағы олжаны тапқандағы жағдай қазіргі азаматтық заңдардың тұжырымдарына ұқсайды. Мысалы, біреу олжаны тауып алса, оның иесінен келісімі не сот арқылы сүйінші алған (Қараңыз: Материалы по казахскому обычному праву, 311-312 беттер).

артқару органына мәлімдеуге міндетті, олар өз кезегінде меншік иесін іздестіру шараларын қолға алады.

Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңіндегі жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыру мүмкін. Жануарды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздеп табуды және оларға жануарларды беруді жергілікті атқару органы жүзеге асырады.

Жануарларды меншік иесіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарды бағып, пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды пайдаланудан алған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы (ҚР АҚ-тің 246-бабы 4-тармағы).

Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды, басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам олардың меншік иесінен Азаматтық кодекстің 245-бабы 6-тармағына сәйкес сыйақы төлеуді талап етуге құқылы (ҚР АҚ-тің 246-бабы 5-тармағы). Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың өзіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал, өзге де мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде, меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде – сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы (ҚР АҚ-тің 246-бабы 6-тармағы).

Қараусыз заттар құрамында көмбе де бар, көмбе дегеніміз – жерге көмілген немесе басқа әдіспен жасырылған, меншік иесін анықтау мүмкін болмайтын не заңдарға сәйкес оларға құқығынан айрылған ақша немесе өзге де бағалы заттар болып табылады (ҚР АҚ-тің 247-бабы). Бұрынғы азаматтық заңда көмбені мемлекет меншігі деп қарастырды, ал қазіргі Азаматтық кодекс бойынша көмбе жасырылған жер учаскесі иесінің немесе қозғалмайтын мүлікті меншіктенушінің және көмбені тапқан адамның, егер олардың арасындағы шартта өзгеше белгіленбеген болса, меншігіне тең мөлшерде бөлінеді.⁵⁴

Азаматтық кодексте орыс құқығында кездесетін көмбені бөтен біреудің жерінен іздеуге болмайтыны туралы норма енгізілді.⁵⁵ Егер бағалы затты іздеу мақсатында қазу не іздестіру жер учаскесін пайдаланушы немесе қозғалмайтын мүліктің меншік иесінің рұқсатынсыз болса, көмбе табылған күнде ол сол жер учаскесі иесінің меншігіне беріледі. (ҚР АҚ-тің 247-бабы 1-тармағы). Тарих және мәдениет ескерткіштеріне жататын заттардан тұратын көмбе табылған ретте олар Қазақстан Республикасының меншігіне берілуі тиіс. Бұл орайда ондай көмбе табылған жер учаскесін пайдаланушы немесе қозғалмайтын мүлікті меншіктенуші және көмбені тапқан адам осы көмбе

⁵⁴Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы бойынша көмбе жердің кімге қарайтынына қарамастан оны тапқан адамға тиесілі болды. Сондықтан да көмбені тапқан адам жердің иесіне қайтаруды міндетті санамады, бірақ оған белгілі бір бөлігін қалдырады екен (Маковецкий П.В. Жоғ. көрс. шығ. 41-б.)

⁵⁵Свод законов Российской империи. Т.Х.I-бөлім. Петроград, 1914, 430-бабын қараңыз.

құнының елу пайызы мөлшерінде сыйақы алуға құқылы. Сыйақы бұл адамдар арасында осы баптың 1-тармағында көзделген ережелер қолданыла отырып бөлінеді.

Меншік иесінен алынған мүлікті иелену меншік құқығын алудың бастапқы негіздеріне жатады. Мәселен, егер адам заң құжаттарында белгіленген тәртіп пен жағдайлар бойынша меншік иесінен заңды негіздерде алынған мүлікті иеленсе, бұл адам мүлікке меншік құқығына ие болады. Оған мысалға меншік иесінен мүлікті меншік иесінің мүлікке міндеттілігі бойынша өтетіп алуын айтуға болады, сондай-ақ реквизициялау және тағы да басқалары қатысты.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, меншік құқығын алудың туынды негіздері мирасқорлыққа сүйенеді. Меншік құқығын алудың ең көп тараған туынды негізі затты бөтен біреуге беру болып табылады. Осындай жағдайларда шарт бойынша затты алушының меншік құқығы дәл қашан пайда болғанын анықтау маңызды. Иеліктен айрылған заттардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі сатып алушыда меншік құқығы пайда болумен бір мезгілде соған көшетін болғандықтан, аталған мәселе іс жүзінде маңызды рөл атқарады (ҚР АҚ-тің 190-бабы).

Азаматтық кодекстің 238-бабы шарт бойынша мүлік алушының меншік құқығы, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, зат берілген кезден бастап пайда болатынын бекітеді.

Егер мүлікті иеліктен айыру туралы шарт мемлекеттік тіркеуге немесе нотариалдық куәландыруға жататын болса, алушының меншігі құқығы тіркелген немесе нотариат куәландырған кезден бастап, ал шартты нотариаттың куәландыруы да, мемлекеттік тіркеу де қажет болған жағдайда ол тіркелген кезден бастап пайда болады.

Азаматтық кодекстің 238-бабының диспозитивтік норма екендігін заң мәтінінен байқаймыз, ондағы тұжырым меншік құқығы ауысар сәтте тараптардың келісімімен немесе арнаулы заңмен өзгертілуі мүмкін. Тараптар мынадай келісімге келе алады: меншік құқығы шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару құқығы мүлік алушыда шарт жасалған сәттен бастап, заттың толық құнын төлеу жеткізілгеннен кейін жүзеге асады және тағы да басқалары.

Азаматтық кодекстің 239-бабына сәйкес, заттардың алушыға тапсырылуы сол сияқты, егер заңда немесе шартта көзделмесе, алушаға жөнелту үшін көлік ұйымына өткізу және иеліктен айрылған заттарды жеткізіп беру міндеттемесінсіз алушыға салып жіберу үшін почтаға өткізу берілу деп танылады. Егер затты иеліктен айыру туралы шартты жасасу кезінде-ақ ол алушының иелігінде болса, зат оған сол кезден бастап жіберілген деп танылатыны тұжырымдалған.

Затқа коносамент немесе өзге де өкімші құжат беру заттарды беруге теңестіріледі. (ҚР АҚ-тің 239-бабы 2-тармағы).

Меншік құқығына ие болу негіздерінің тізбесі Азаматтық кодекстің 235-бабында қарастырылған, бірақ ол бәрін бірдей қамтыды деп айтуға болмайды. Оған алдымен Азаматтық кодекстің 235-бабында көрсетілген

тізбелер қатысты: атап айтқанда, мына төмендегілер жатады: тұтыну, (тұрғын үй-құрылыс, саяжай, гараж немесе өзге) кооперативінің мүшелері, жарна жинақтауға құқығы бар, пәтер, саяжай, гараж және кооператив осы адамдардың пайдалануына берген өзге де үй-жай үшін өзінің үлестік жарнасын толық төлеген басқа адамдар аталған мүліктің меншік құқығына ие болады. Демек, бұл заттарды иелену үшін осы мүліктер үшін өзінің үлестік жарнасын төлесе жетіп жатыр.

5.3. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТОҚТАТЫЛУЫ.

Азаматтық кодекстің 249-бабы меншік құқығын тоқтатудың негізгі үлгі тізімін ұсынады: меншік құқығы меншік иесі өз мүлкін басқа адамдарға берген, меншік иесі меншік құқығынан бас тартқан, мүлік қираған немесе жойылған және заң құжаттарында көзделген өзге де реттерде мүлікке меншік құқығынан айрылған жағдайда тоқтатылады.

Меншік құқығын тоқтатудың аталған негіздерінде меншік құқығынан бас тартуды ерекше бөліп қараған жөн (ҚР АҚ-тің 250-бабы). Меншік құқығынан бас тарту болған жағдайда мына бір жағдайды есте ұстау керек, яғни меншік құқығынан бас тарту осы мүлікке басқа тұлға меншік құқығын алған кезге дейін тиісті мүлікке қатысты меншік иесінің құқықтары мен міндеттерін тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Айталық, азамат немесе заңды тұлға өзіне тиесілі жер учаскесіне меншік құқығынан бас тарта алады, бұл жөнінде ол жариялайды, не бұл жер учаскесіне қандай да болсын құқықтарын сақтау ниетінсіз өзінің мүлікті иеленуден, пайдаланудан және оған билік етуден шектейтінін айқын дәлелдейтін басқа да әрекеттер жасайды. Жер учаскесінің меншік иесі немесе жерді пайдаланушы меншік немесе жер пайдалану құқықтарынан (басқа жаққа кету, учаскені ұзақ уақыт бойы пайдаланбау және т.б.) бас тартатындығын дәлелдейтіндей іс-әрекет жасаған жағдайда, бұл учаске иесіз мүлік ретінде есепке алынады.

Иесіз мүлік ретінде есепке алынған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін тиісті атқарушы орган жер учаскесін мемлекет меншігіне түсті деп тану туралы шешім қабылдай алады. («Қазақстан Республикасының жер кодексінің 82-бабы, 3-бөлімі).

Заң меншік иесінен мүлікті ықтиярынсыз алуға байланысты қатынастарды бүге-шігесіне дейін реттейді. Меншік құқығын алып қою үшін: а) негіз заңда қарастырылған болуы керек; ә) соттың шешімі болуы міндетті.

Азаматтық кодекстің 249-бабы 1-тармағы меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүліктен ақы өндіріп алу қатынасы енгізілген. Мұндай өндіріп алу, егер шартта өзгеше көзделмесе, тек сот шешімімен жүзеге асады (ҚР АҚ-тің 251-бабы, 1-тармағы), бірақ бұл норма диспозитивті болып келеді. Ақы өндіріп алудың басқалай жолы шарт арқылы болуы мүмкін. Ақы өндіріп алынатын мүлікке меншік иесінің меншік құқығы заңдарда көзделген тәртіп бойынша меншік құқығы көшетін адамның алып қойылған мүлікке меншік құқығы пайда болған кезден бастап тоқтатылады.

Мүлікті меншік иесінен ықтиярынсыз алып қою заң құжаттарына сәйкес белгілі бір адамға тиесілі бола алмайтын жағдайда жүзеге асады (ҚР

АК-тің 249-бабы, 2-тармағы). Егер құжаттарымен жол берілетін негіздер бойынша заң құжаттарына сәйкес адамның өзіне тиесілі бола алмайтын мүлік оның меншігінде болып шықса, бұл мүліктің меншік иесі, егер заң құжаттарында өзге мерзімдер белгіленбесе, осы мүлікке меншік құқығы пайда болған кезден бастап бір жыл ішінде иеліктен айыруға тиіс. Егер меншік иесі мүлікті көрсетілген мерзімде иеліктен айырмаса, ол сот шешімімен иеліктен ықтиярынсыз айырылуға тиіс, бұл орайда меншік иесіне мүлікті иеліктен айыру жөніндегі шығындары шегеріліп, оның құны өтеледі.

Мұндай тәртіп мынадай жағдайда да қатысты, егер азаматтың немесе заңды тұлғаның меншігінде заң құжаттарымен жол берілген негіздер бойынша сатып алуға арнайы рұқсат қажет етілетін зат азаматтың немесе заңды тұлғаның меншігінде болып шықса, ал меншік иесі оны беруден бас тартса, бұл зат осы меншік иесіне тиесілі бола алмайтын мүлік үшін белгіленген тәртіп бойынша иеліктен айырылуға тиіс (ҚР АК-тің 252-бабы, 2-тармағы).

Ықтиярсыз алып қою негіздеріне реквизициялау да жатады. Реквизициялау дегеніміз дүлей апаттар, авариялар, жұқпалы аурулар, індеттер және төтенше сипаттағы өзге де жағдайлар болған ретте мүлік қоғам мүддесі үшін мемлекеттік билік және басқару органдарының шешімі бойынша заң құжаттарында белгіленген тәртіп пен жағдайларға меншік иесінен оған мүліктің құны төлене отырып алынып қойылуы болып табылады. Меншік иесіне реквизицияланған мүліктің құны өтелген бағаны оның сот тәртібімен даулауына болады. Сондай-ақ мүлкі реквизицияланған адам ревизия жүргізуге байланысты жағдайлар тоқтатылған кезде сақталған мүлікті өзіне қайтарып беруді сот арқылы талап етуге құқылы екендігін ерекше атап өткен жөн (ҚР АК-тің 253-бабы, 3-тармағы).

Тәркілеу заң құжаттарында көзделген реттерде мүлік меншік иесінен жасаған қылмысы немесе өзге де құқық бұзушылығы үшін санкция түрінде сот тәртібімен тегін алуы мүмкін екендігін білдіреді. (ҚР АК-тің 254-бабы). Тәркілеу тәркіленетін барлық мүліктің бәріне қолданылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 48-бабында оған мынадай тұжырымдама берілген, мүлікті тәркілеу дегеніміз - сотталған адамның меншігіндегі, заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру.

Мүлікті ықтиярсыз ақысыз сот шешімімен мемлекет меншігіне алып қою мынадай жағдайларда жүзеге асады: егер мәміле қылмыстық мақсатқа бағытталып, екі тарапта да жымысқы ниет болған жағдайда олардың мәміле бойынша алғандарының немесе алуға тиісті болғандарының бәрі сот шешімі немесе үкімі бойынша тәркіленуге тиіс (ҚР АК-тің 157-бабы, 4-тармағы). Аталған жағдайда кінәлі жақ алғанынан немесе аларынан айрылады, сондай-ақ келісімде көзделген мүлікті пайдаланудан да құр қалады.

Жерді және басқа табиғи ресурстарды алып қоюға байланысты қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының тоқтатылуы мүмкін. Азаматтық

кодекстің 255-бабына сәйкес мемлекеттік органның меншік иесінен мүлікті алып қоюға тікелей бағытталмаған шешіміне, соның ішінде меншік иесіне тиесілі үй, өзге де қора-қопсы, құрылыстар мен өсімдіктер бар жер учаскесін алып қою туралы шешіміне байланысты қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының заң құжаттарымен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана меншік иесіне құны тең мүлік беріп және өзге де келтірілген залалдарын өтей отырып, немесе меншік құқығының тоқтатылуынан келтірілген залалдарын толық көлемде өтей отырып, тоқтатылуына жол беріледі. Меншік иесі меншік құқығын тоқтатуға әкеп соқтыратын шешіммен келіспеген жағдайда оны дау сот тәртібімен шешілгенге дейін жүзеге асыруға болмайды. Дауды қарау кезінде меншік иесіне келтірілген залалдарды өтеудің барлық мәселелері де шешіледі.

Жер учаскесін алып қоюға қала салу мен жер орналастыру құжаттарында тағайындалған, бекітілген тәртіпке сәйкес қала мен елді мекен салуға арналған бас жоспар мен аумақты шектеу сызбасы негіз болады.

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне орай егер меншік иелері және мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жер пайдалану құқығын сатып алған болса, жер учаскелерін олардан мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару осы Кодексте, ал онымен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес сатып алу сату тәртібімен жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сатып алу туралы шешім қабылдаған орган жер учаскесінің меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға бұл жөнінде осындай учаскені сатып алудан кемінде бір жыл бұрын жазбаша түрде хабарлануға тиіс. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы осындай хабарлама алған күннен бастап бір жыл өткенге дейін жер учаскесін сатып алуға меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен ғана жол беріледі. (Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 85-бабы).

Мемлекеттік мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде сатып алынатын жер учаскесінетөленетін баға, сатып алудың мерзімі мен басқа да жағдайлары жер учаскесінің меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен айқындалады. Мемлекеттік мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде сатып алынатын жер учаскесінің бағасын айқындау кезінде оған жер учаскесінің немесе оған құқықтардың, онда орналасқан жылжымайтын мүліктің меншік немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі нарықтық құны, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты өзі шеккен шығындарды қоса алғанда, жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесінің меншік иесіне немесе немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға келтірілген барлық шығын толық көлемде қосылады. (Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 87-бабы).

Меншік иесі меншік құқығын тоқтатуға әкеп соқтыратын шешіммен келіспеген жағдайда оны дау сот тәртібімен шешілгенге дейін жүзеге асыруға

болмайды. Дауды қарау кезінде меншік иесіне келтірілген залалдарды өтеудің барлық мәселелері де шешіледі.

Сот мүлікті алып қою мәселесін меншік иесіне құны тең мүлік беріп өзге де келтірілген залалдарын өтей отырып немесе меншік құқығының тоқтатылуынан келтірілген залалдарын толық көлемінде өтей отырып тоқтату арқылы жүзеге асырады (ҚР АҚ-тің 255-бабы, 1-тармағы).

Дауды шешу кезінде меншік иесіне келтірілген залалды қалпына келтіру мәселесі де қаралады.

Осы баптың ережелері мемлекеттік органның мүлік орналасқан тау баурайларын, су айдыны учаскелерін және басқа учаскелерді алып қою туралы шешіміне байланысты тиісінше қозғалмайтын мүлікке меншік құқығы тоқтатылған кезде қолданылады. (ҚР АҚ-тің 255-бабы, 3-тармағы).

Күтімсіз ұсталған мәдени және тарихи қазыналарды сатып алу оны меншік иесінің күтіп ұстамай, оның мәнін жоғалту жағдайына жол берген кезде жүзеге асады. (ҚР АҚ-тің 256-бабы). Заң бұл объектілердің айрықша бағалы екендігін және оның аса бағалы екендігін әрі мемлекетпен қорғалатынын заңдастырады. Бұл объектілер сот шешімімен сатып алу немесе жария саудаға салып сату арқылы алынуы мүмкін.

Азаматтық кодекстің 249-бабының 3,4-тармақтарына сәйкес меншік құқығының тоқтатылуы тізіміне жекешелендіру мен мемлекет иелігіне алу көзделген.

Мемлекет иелігіне алу дегеніміз, азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі мүліктерді мемлекет қарауына айналдыру болып табылады. Мұндай үрдіс заң құжаттары негізінде жүзеге асады әрі Қазақстан Республикасы меншік құқығын тоқтататын заң құжаттарын қабылдаған ретте, осы құжаттарды қабылдау нәтижесінде меншік иесіне келтірілген залалдарды меншік иесіне Қазақстан Республикасы толық көлемінде өтейді. (ҚР АҚ-тің 266-бабы).

Азаматтық кодекс мүліктің кездейсоқ жойылуы немесе кездейсоқ бүліну қаупі тәрізді меншік құқығын тоқтатуды және оның басқа біреуге ауыспайтындығын де реттейді. Оған мүлікті тұтынуға байланысты мәселелер де жатады (мысалы, құрал-жабдықтардың тозуы, азық-түліктің бүлінуі және т.б.) Заттың жойылуы әдетте біреудің кінәсінен емес, аяқ астынан болатын жағдайларға, төтеп бергізбейтін күштерге байланысты орын алады, ондайда оның нәтижесіне ешкім де жауап бермейді. Ал мүліктің кездейсоқ жойылуы меншік иесі жауапты болады (ҚР АҚ-тің 190-бабы).

Затты құртып жіберу меншік иесінің еркімен де, еркінен тыс болуы да мүмкін. Мысалы, мұндай жағдай табиғат күшінің әсерінен немесе бөтеннің мүлкін жойған субъектілердің теріс қылығынан орын алады делік. Оның соңғы жағдайында меншік иесі келтірілген мүліктік залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы, ал егер мүлік сақтандырылып қойылса және апат нәтижесінде жойылса, онда шығынды сақтандырушы өтейді.

Меншік иесі болып табылмайтын тұлғаның заттық құқықтарын тоқтату Азаматтық кодекстің 249-257 баптарындағы меншік құқығын тоқтату ережелері арқылы жүзеге асады, сондай-ақ заң құжаттарында, заңды

тұлғаның жарғысында немесе меншік иесінің мүлік иесімен жасасқан шартында белгіленген тәртіп бойынша меншік иесінің шешімімен тоқтатылады. (ҚР АҚ-тің 258-бабы).

6. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қандайда-да болмасын міндеттемені орындау оны мәжбүрлі түрде орындалуын несие берушінің талап ету құқығымен қамтамасыз етіледі. Заңнамамен немесе шарттармен бекітілген жағдайларда міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін жалпы шаралармен бірге ерекше әдістер қолданылады, олар міндеттемені орындауға мүмкіндік береді. Осы әдістер міндеттемені қамтамасыз ететін әдістер деп аталады.

Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету туралы жалпы жағдайлар қамтамасыз етілетін шаралардың қолданылуын ескереді. Қандай-да болмасын міндеттеме нақты бір әдіспен қамтамасыз етілуі үшін тараптардың келісі немесе арнайы заңнаманың нұсқауы керек. Осында міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің кей әдістері заңмен және тараптардың келісімімен ескерілуі мүмкін.

Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету әдістерінің бірі (айып төлеу, кепілпұл) заңгерлік жауапкершіліктің шарасы бола отыра олар міндеттемені орындамаған немесе тиісті орындамаған тұлғаға қосымша мүліктік шараларды жүктейді. Басқаралы (кепіл, мүлікті ұстау, кепіл болушылық, кепілдік және басқалары) жауапкершілік шараларына жатпайды.

Осы дәрісімізде міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің негізгі әдістерін және олардың құқылық ретеуін қарастырамыз.

6.1. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҰҒЫМЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.

Тараптардың арасында міндеттемелік құқылық қатынастардың болуы олардың тиісті орындалуына кепіл бере қоймайды. Несие берушінің қызығушылығын сақтау мен борышқордың өз міндеттерін орындамау немесе тиісті орындамаудың салдарын азайту не ескерту мақсатында ықтиярсыз орындау шаралары бекітілген. Бұл шаралар әрқилы. Олардың кейбіреуі заңда жалпы нұсқаулар түрінде белгіленген және олар міндеттемелердің орындалмау немесе тиісті орындалмау реттердің барлығында қолданылады. Заңмен, шартпен немесе бекітілген қатынас мінезімен қолданылмауы ескерілген жағдайларда олар қолданылмайды. Сол себепті олар жалпы шаралар деп аталады. Ең алдымен бұлар борышқорға борышымен келтірген залалды өтеу міндеттемесі.

Бірақта олардың жалпыға бірдейлігіне қарамай, осы шаралар әрдайым жүзеге аспайды. Несие берушіге ешбір залал келмеген, не көлемін анықтау мүмкіндік болмайтын, не борышқорда мүліктің болмауымен байланысты жағдайларда соттың өндіріп алу шешімі жүзеге аспайды. Сонымен бірге, борышқордан өз міндеттемесін орындауды талап етуге ешбір мүмкіндік жоқ. Сол себепті, заң қосымша қамтамасыз ететін шараларды қолдануын ескереді.

Осындай шараларға мыналар жатады: айып төлеу, кепілзат, кепілдік, кепілдік берушілік, кепіл немесе мүлікті ұстап қалу және басқа да әдістер (АК 292 б.).

Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету әдістері мүліктік сипатта болады. Олардың басты мақсаты борышқорды тиісті мінез-құлыққа ынталандыру. Осыған орай, кредитор өз мүдделерінің қорғалатындығына белгілі кепілдік алады. Борышқорды тиісті мінез-құлыққа ынталандыру кредиторға қосымша құқыларды берумен қол жеткізіледі. Осы, қосымша құқылар борышқордың өз міндеттерін орындамауға байланысты болатын не болуы мүмкін жағымсыз салдарды болдырмауға немесе ескертуге бағытталған. Несие берушінің осы құқылары келесі жолмен жүзеге асады: айып төлеуді немесе кепілді борышқорға жүктеу, міндеттемені орындауға немесе оны үшінші тұлғалармен орындамау бойынша міндеттемені орындауға не жауапкершілікке тарту. Кей жағдауларда қамтамасыз ету әдістері ынталандыру функциясымен бірге басқа да функцияларды атқаруы мүмкін.

Мысалы, айып төлеу және кепіл бір уақытта азаматтық-құқылық жауапкершілік шаралары болып табылады. Кепілдің көмегімен шарттың бекітілу фактісі дәлелденеді.

Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ең алдымен несие берушінің қызығушылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бірақта борышқордың және үшінші тұлғаның қызығушылықтары сырт қалып қоймайды. Несие берушіге оның қызығушылығын кепілдендіру несие берушінің, борышқордың және үшінші тұлғаның қызығушылықтарын келістірумен тығыз байланыста болады.

Борышқордың өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті орындамағаны үшін айып төлеу (ҚР АК 298, 359, 337 б.б.), кепілдік жауапкершілігі бекітіледі. Кепіл ұстаушының талап арызы соттың шешімімен жалпы ереже тұрғысында қанағаттандырылады (ҚР АК 319 б.).

ҚР АК 292 б. берілген тізім жабық болып келмейді. Себебі, бұлар басқа құқылық конструкциялар түрінде қолданылуы мүмкін. Осы тізімді кеңейту үшін шартта және заңда басқа әдістерге сілтеме жасау өзі жеткілікті. Мысалы, АК ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шартын белгілейді (ҚР АК 729 б.). Шартта тараптар осындай құқылық конструкцияларды қамтамасыз ету әдісі ретінде даулы заттарды сақтау (секвестр) (ҚР АК 790 б.) және борышты депозитке төлеу арқылы міндеттемені орындау (ҚР АК 291 б.) және т.б. қолдану туралы келіседі.

Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету әдістерінің көбі негізгі міндеттемеге бағынышты болып келеді. Негізгі міндеттеменің жарамсыздығында не оның күші жойылуында олар өз күштерін жояды. Бірақта заңнама бойынша дербес қамтамасыз ету әдістері ескерілген.

Сөйтіп, қамтамасыз ету әдістері дегеніміз заңмен немесе шартпен көзделген мүліктік мінездегі арнайы шаралар, олар несие берушіге оның қызығушылығын қанағаттандыратын және оған міндеттемені орындамауды немесе тиісті орындамауды ескерту не жою бойынша қосымша құқыларды беру борышқордың өз міндеттерін тиісті орындауға ынталандырады.

Осы міндеттеме бойынша несие берушімен және міндеттемені қамтамасыз етуші тұлғаның арасында міндеттемені қамтамасыз ету барысында міндеттемелік құқылық қатынас құрылады. Бірақ бұл міндеттеме ерекше. Ол қамтамасыз етілген немесе негізгі міндеттемеге қосымша болып келеді.

Міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету әдістерінің көбі негізгі міндеттемеге бағынышты болып келеді және негізгі міндеттеменің жарамсыздығында немесе оның жоюлуында ол өз күшін жояды. Қамтамасыз етілген міндеттеменің акцессорлық мінезі негізгі міндеттеменің жарамсыздығы оның қамтамасыз ететін міндеттеменің жарамсыздығына соқтыратындығында, егер заңда басқасы көрсетілмесе. Осыған мысал ретінде векселдік кепіл болушылық табылады.

6.2. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ӘДІСТЕРІ.

Осы сұрағымызда біздер міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің кей әдістерінің әрбірін жеке-жеке қарастырамыз.

1. Айып төлеу. Ол, міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудегі кеңінен қолданылатын әдістерге жатады.

Айып төлеу дегеніміз – борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы (АК 293 б.).

Айып төлеудің кеңінен таралуының басты себебі борышқорды ынталандыруы, сонымен бірге несие берушінің шығынын толтырудың ыңғайлы құралы болып табылады. Айып төлеудің ерекшелігінің белгілері:

1. міндеттеменің пайда болу ретінде тараптарға айып төлеудің мөлшерінің белгілі болуы;
2. несие берушіге залалды келтіру-келтірмеуіне қарамай міндеттеменің бұзылу фактісі бойынша айып төлеуді өндіру мүмкіндігі;
3. тараптардың өз еркі бойынша айып төлеудің көлемін, өндіру ретілігін белгілеу мүмкіндігі.

Айып төлеу ҚР АК 293 б. мәні бойынша борышқор мен несие берушінің өзарасында міндеттемені қамтамасыз етеді. Былай айтқанда азаматтық-құқылық міндеттеме қамтамасыз етіледі. Сол себепті, азаматтық-құқылық болып табылмайтын салықтық, қаржылық немесе әкімшілік құқылық қатынастардан туындайтын міндеттемелерді орындамағандығы үшін белгіленген санкция ретінде белгіленген айыптар айып төлеу деп қаралмайды.

Айып төлеу мөлшері нақты ақша сомасында немесе орындалмаған не тиісті орындалмаған міндеттеме сомасына шаққандағы пайыздармен белгіленеді.

Айып төлеудің тектік ұғымы ретінде айыппұл, өсім түсіндіріледі, кейде құқылық актілерде айып төлеудің тар мағынасы көрсетіледі. Бірақта АКте,

басқа да құқылық актілер айып төлеудің осы түрлерінің әрбіріне нақты анықтама берілмеген.

Айыппұл көбіне нақты ақшалай сомада беріледі. Өсім міндеттемені орындамаған ретте қолданылады және мерзімді өткізіп алған әрбір күнге белгіленеді.

Айып төлеу (сөздің тар мағынасында) көбіне орындамаған не тиісті орындамаған ретте, сонымен бірге шарттық міндеттемелердің мерзімін өткізіп алу ретінде белгіленеді. Оның ерекшелігі міндеттемелерді орындамаудың әрбір фактісі бойынша белгіленеді және оның көлемі өткізіп алған мерзімге бағынышты емес. Мысалы, тауарды жеткіліксіз бергені немесе беруді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбы белгіленген күннен бастап, міндеттеменің нақты орындалған күніне дейін өндіріп алынуы мүмкін (ҚР АҚ 474 б.).

Айып төлеу тараптардың келісімі бойынша (шарттық айып төлеу) немесе заңның ұйғарымы бойынша (заңдық айып төлеу) белгіленуі мүмкін (ҚР АҚ 295 б.). Шарттық айып төлеудің мөлшері, белгілену реттілігі, қолдану негіздері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. ҚР АҚ тек айып төлеу туралы келісім нысанын ғана бекітеді. Келісім міндетті түрде айып төлеудің соммасына қарамай жазбаша нысанда бекітіліуі керек. Жазбаша нысанды сақтамау айып төлеу туралы келісімнің жарамсыздығына соқтырады (ҚР АҚ 294 б.).

Айып төлеудің мөлшерін заңмен немесе шартпен бекітілуіне қарамай айып төлеудің мөлшері төмендетілуі мүмкін. Айып төлеуден толығымен босатылуға жол берілмейді. Айып төлеудің мөлшерін төмендету құқығы тек сотқа берілген. ҚР АҚ 297 бабында, егер төленуге тиісті айып (айыппұл, өсім) несие берушінің шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышқордың міндеттемені орындау дәрежесін және борышқор мен несие берушінің назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, айып төлеу мөлшерін (айыппұлды, өсімді) азайтуға құқылы делінген.

Айып төлеу бір ауқытта мүліктік жауапкершілік шарасы болып табылуына орай ол ҚР АҚ 298 бабына сай борышқорды жауапкершілікке тарту негіздінің болуы ретінде ғана белгіленеді.

Кепіл

Кепіл міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету әдістерінің кеңінен тараған түрлерінің біреуі болып табылады.

Кепіл басқа әдістермен бірге қандайда болмасын міндеттемені қамтамасыз етуге қолданылуы мүмкін.

Практикада кепіл көбіне банктердің заңды және жеке тұлғаларға ұсынған ақшалық займдарды қайтаруда қолданылады. Басқа азаматтық-құқылық міндеттемелерді қолдануға тиым салынбауына қарамай.

Белгілі бір міндеттемені кепілмен қамтамасыз ету үшін керекті шарты қамтамасыз етілген міндеттемені ақшалай соммасы ретінде көрсету. Осы талап кепілдің мәнінен шығады.

Осыған орай, несие беруші қамтамасыз етілетін міндеттеме бойынша өзінің талабын қанағаттандыру үшін кепілге салынған мүліктің ақшалай құ-

нын алуға құқығы бар. Заттың өзімен міндеттемені орындауды кепіл арқылы қамтамасыз етуге болмайды, мысалы, тұрғын үйді жалдауға беру немесе белгілі өнімді жеткізу міндеттемесі. Сонымен бірге, егер де заттың өзімен орындауды көздейтін кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша, мысалы, жалдау немесе тауар жеткізілімі шарты бойынша шығындар болуына орай кепіл шығынды өтеуге немесе айып төлеуге бағытталады.

Борышқордың міндеттемені орындауды мүлік кепілімен қамтамасыз ету кредиторға басқа кредиторларға қарағанда тиімді жағдайды тудырады, себебі борышқордың міндеттемені орындамау жағдайында қанағандандыруға нақты мүмкіндік береді.

Біріншіден, мүлік кепілі осы мүліктің болуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

Екіншіден, мүлік кепілі кредитор-кепілұстаушыға өз талаптарын басқа кредиторларға қарағанда осы мүліктің құнымен қанағандандыруда құқы береді.

Үшіншіден, борышқормен бекітілмей үшінші тұлғамен бекітілген (ҚР АҚ 305 б.) мүлік кепілі кредиторға өзінің борышқорға қоятын талаптарын қанағандандыруда қосымша мүмкіндіктер береді.

Сонымен қатар, ҚР АҚ 306 бабына сай кепіл ұстаушыға оның иелігіне берілген кепілдегі мүлікті сақтандыру міндеттемесі жүктелуі мүмкін.

Кепіл ұстаушының пайдалануындағы кепілдегі мүлікті сақтандыру оған жүктелуі мүмкін.

Көп жағдайларда кепіл шарттың негізінде пайда болуы мүмкін. Кепіл құқығы тіркелуі тиісті мүлік үшін шарттың тіркелу ретінен бастап пайда болады; ал басқа мүлік үшін осы мүліктің кепіл ұстаушыға берілу сәтінен, егер ол берілуге тиісті болмаса кепіл шартының бекітілу сәтінен бастап пайда болады (ҚР АҚ 310 б.).

Заң бойынша (ҚР АҚ 311 б.) кепілге салынған мүлікті кепілге қайталап салуға мүмкіндік береді. Егер кепіл ұстаушылар бірнешеу болса онда оларға талаптарын қанағандандыру бойынша тиісті кезекшілік бекітіледі.

Кепілді қайталап салуға мүмкіндік бар, егерде кепіл туралы алғы шарттармен тиым салынбаса.

Кепіл беруші келесі кепіл ұстаушыларға алғы кепілдер туралы, олардың құны, мөлшері және мерзімі туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті және кепіл ұстаушының осы міндеттемені орындамағандығының салдарынан келген шығындар бойынша жауапты.

ҚР АҚ 301 б. 1 тармағының мазмұны бойынша кепілдің мәні болып қандайда болмасын мүлік табылады, соның ішінде белгілі белгілі айрықша негіздері бар заттармен мүліктік құқылар.

Айрықша негіздеріне:

- заңнамалық актілерде нақты көрсетілуіне байланысты оқшалауға жатпайтын мүліктер;
- заңнамалық актілермен көрсетілген жағдайлардан басқа жеке мүліктік емес мүдделер мен құқылар;

- кредитордың жеке тұлғасымен байланысқан талаптар, соның ішінде, алименттер туралы талаптар, өмірге және денсаулыққа келген зиянды өтеу;
- азаматтық-процессуалдық заңнамамен өндіріп алуға келмейтін азаматтардың мүліктері.

Меншік иесінің немесе күзіретті органның рұқсатысыз мемлекеттік мекемеге шаруашылық жүргізу құқығында берілген мүліктер кепілдің мәні бола алмайды (ҚР АҚ 200 б.).

Оралымды басқару құқығында берілген мекемелердің мүліктері кепілдің мәні бола алмайды. Бұл жайт, мекеменің дербес билік ету құқығына иеленген мүлікке қатысты емес (ҚР АҚ 206 б.). Мысалы, мекеменің рұқсат берілген кәсіпқойлық қызметтің нәтижесінде сатып алған мүлік кепілге беріледі. Бірақта, бұл жағдай қазыналық мекемелердің мүлкіне қатысты емес.

Кепілдің түрлері.

ҚР АҚ 300 бабы бойынша кепілдің түрлерін жіктеудің келесі екі негізгі белгілері бар:

1. кепіл туралы шарт тараптарының өкілеттілігінің көлемі бойынша;
2. кепілдің нәрсесі ретінде қолданылатын мүліктің мінезі бойынша.

Кепіл туралы шарт тараптарының өкілеттілігінің көлемі бойынша кепіл кепілзат пен ипотекаға бөлінеді.

Кепілзат – кепілге салынған мүлікті кепіл беруші кепіл ұстаушының иелігіне беретін кепіл түрі.

Кепілзат барысында сақтандыру кепілұстаушымен немесе оның рұқсатымен үшінші тұлғалармен жүзеге асуы мүмкін. Кепілзат барысындағы кепілдің нәрсесі кепіл берушіде сақтауда болуы мүмкін. Осында кепіл беруші кепілдегі мүлікті сақтаушы ретінде кепіл нәрсесінің иесі болуына қарамай кепілдегі мүлікті пайдалануға және билік етуге құқысы жоқ.

Кепілзаттың ерекше түрі болып ломбардқа затты кепілге салу. Ломбардқа зат салу кепілзаттың барлық белілеріне иелене отыра өзіндік белгілерге иеленеді.

Ломбардқа зат салу азаматтарға жеке тұтыну үшін берілетін қысқа мерзімдік кредитпен қамтамасыз етіледі.

Ломбардқа зат салудың нәрсесі болып азаматтардың заттары және жеке тұтынуға арналған заттар табылады. Нәрселер ретінде құнды қағаздар, зергерлік бұйымдар табылады. 25.08.1997 жылғы «Ломбардтар туралы ережелерге» енгізілген өзгерістер мен қосымшаларға сәйкес кепілдің нәрсесі ретінде автокөліктік құралдар табылады.

Кепіл беруші ретінде тек ломбардта тұтынулық кредит алушы жеке тұлғалар табылады.

Пайда болуының негізі – шарт. Ломбардқа заттарды кепілге салу туралы шарт ломбард берген кепілдік билетпен рәсімделеді, бұл жазбаша түрде жасалынған мәмілеге теңестіріледі.

Ломбардтың кепілге қойылған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге құқығы жоқ. Осы норма императивті және тараптардың келісімімен басқа тәртіпке рұқсат бермейді.

Ипотеканың өзіндік жіктемелік негізі болып шарт жасау барысында кепіл берушіге немесе үшінші тұлғаға кепіл нәрсесін иелену және пайдалану құқығын беру табылады.

Ипотека дегеніміз кепілге салынған мүлік кепіл салушының немесе үшінші бір жақтың иелігіне және пайдалануында қалатын кепіл.

Ипотеканың мәні болып кепіл ретінде қолданылатын заттар мен мүліктік құқықтарды қамтитын қандайда болмасын мүліктер табылады (ҚР АҚ 301 б.).

Айналымдағы тауарларды кепілге салу.

Айналымдағы тауарларды кепілге салу қозғалатын мүлік ипотекасының бір түрі болып табылады. Ипотеканың түрі ретіндегі айналымдағы тауарларды кепілге салудың өзінділік белгісі болып кепіл берушіде кепіл нәрсесін қалдыру және кепілдегі мүліктерді пайдалану құқығын оған ұсыну табылады. Ипотека түрі ретіндегі айналымдағы тауарларды кепілге салудың ерекшелігі болып кепіл берушіге шартта көрсетілген жалпы соммадан төмендейтін мүліктің құрамын және нақты түрін өзгерту бойынша қосымша құқыны ұсыну табылады.

Кепіл берушінің кепілдегі мүліктің құрамын және нақты түрін өзгерту құқығы абсолютті және шексіз емес.

Кепіл беруші иеліктен айырған айналымдағы тауарлар оларды алушының меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе оралымды басқаруына көшкен кезден бастап кепілге салынған нәрсе болудан қалады, ал кепіл беруші сатып алған, кепіл туралы шартта аталған тауарлар оларға кепіл берушінің меншік немесе шаруашылық жүргізу құқығы пайда болған кезден бастап кепілге салынған нәрсеге айналады.

Кепілге салынған мүлікті сату.

Борышқордың кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамауы немесе тиісті орындамауы кепіл құқығын жүзеге асуының негізі болып табылады. Кепіл берушінің кепілге салынған ақы өндіріліп алынған мүлікке құқығы борышқордың кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамау немесе тиісті орындамау жағдайларынан басқа жағдайларға бағынышты емес.

Қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша кепіл ұстаушының талаптарын кепілге салынған мүліктің құнынан қанағаттандыру үшін ол жүзеге асуы керек.

Кепілге салынған мүлік жалпы ереже бойынша сот тәртібімен сатылады. Ол кепіл ұстаушының талап арызы бойынша соттық шешімдерді орындау үшін бекітілген тәртіп негізінде соттың шешіміне сүйене отыра орындалады.

Кепілге салынған мүлікті соттан тыс мәжбүр ету тәртібімен сату бекітілген шартпен немесе заңнамалық актілермен белгіленеді. Кепілге салынған мүлікті соттан тыс мәжбүр ету тәртібімен сату барысында жария саудасы (аукцион) «Қозғалмайтын мүліктің ипотекасы туралы» Жарғының

24-36 б.б. және ҚР АҚ 319 б. 2-7 тармақтарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Шартпен бекітілген соттан тыс сату құқығы міндеттеме емес және кепіл ұстаушы кепіл нәрсесін соттық тәртіппен сатуға талап арызымен соттық органдарға шағымдануы мүмкін.

Кепілдік құқылық қатынастың тоқтауы азаматтық-құқылық міндеттемелердің тоқталуының жалпы ережелері бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар, ҚР АҚ 322 б. сай кепіл келесі жайттар бойынша тоқтатылады:

1. Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелердің тоқтатылуымен;
2. ҚР АҚ 312 бабының 3 тармағында көзделген негіздер болған кезде кепіл берушінің талабы бойынша;
3. Егер кепіл беруші ҚР АҚ 314 бабының 2 тармағында көзделген құқықты пайдаланбаса, кепілге салынған зат жойылған немесе кепілге салынған құқық тоқтатылған ретте;
4. Кепілге салынған мүлікті жария саудаға салып сатқан ретте, сондай-ақ оны сату мүмкін болмаған ретте (ҚР АҚ 319 б.).

Кепілпұл.

Кепілпұл дегеніміз – уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасау мен орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сомасы.

Кепілпұлдың нәрсесі ретінде ақшалай сомма табылады. Кепілпұлдың мөлшеріне заңмен шектеу қойылмайды. Бірақта, ол кепілпұл беретін тарап жағынан шарт бойынша ескерілген төлем сомасының бөлігін ғана құрайды.

Кепілпұл туралы келісім кепілпұлдың сомасына қарамай міндетті түрде жазбаша нысанда жасалынуы тиіс (ҚР АҚ 337 б. 2-тармағы).

Жазбаша нысанды сақтамау кепілпұл туралы келісімнің жарамсыздығына соқтырады. Кепілпұлдың басқа міндеттемелерді орындау әдістерінен ерекшелігі шарттарды орындауды ғана қамтамасыз ететіндігінде (ҚР АҚ 337 б. 1 тармағы). Ол үш функцияны атқарады: қамтамасыз етушілік, төлем ақылық және куәландырулық.

Кепілпұлдың қамтамасыз етушілік функциясы оны берген тарап шартты орындамаған ретінде одан айырылуымен түсіндіріледі. Егер кепілпұл алған тарап жауапты болса, ол екінші тарапқа кепілпұлдың екі еселенген сомасын төлеуге міндетті. Бұл талаптар шартты орындамаған үшін жауапты тараптарға қатысты (ҚР АҚ 338 б. 2 тармағы).

Егер кепілпұлмен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалуы тараптардың келісімі басталмай тоқтатылса, немесе орындауға мүмкіндік болмауына байланысты орындалмаса кепілпұл алынған сомма мөлшерінде қайтарылады (ҚР АҚ 338 б. 1 тармағы).

Кепілпұлдың төлем ақылық функциясы шарт бойынша жұмыстарды орындағандығы үшін, көрсетілген қызметтер үшін және т.б. ақы төлеуімен түсіндіріледі. Кепілпұл шарт бойынша ақы төлейтін тараппен беріледі. Сол

себепті, кепіл берген тұлға кезекті орындауда оған тиісті есептен кепілпұл сомасын ұстауға құқығы бар. Бірақта, кепілпұл басқа шарттық есеп айырулардан айырмашылығы оның кредиторға алдын-ала төленуінде. Ол, төлем міндеттеме басталмай жатып борышқормен төленеді.

Кепілпұлдың куәландырулық функциясы. ҚР АҚ 338 б. 1 тармағына сәйкес кепілпұл “шарттың жасалуын куәландыру” үшін беріледі. Сол себепті, шарттың төлем есебін куәландырады. Көрсетілген функция кепілпұлдың берілуімен жасалған ауысша шарттар үшін маңызды. Бұл жайт шарттың жасалғандығының басқа дәлелдемелерінің болмағандығына қарамай маңызды.

Кепілпұлдың аталмыш функциясы жазбашы рәсімделуді талап ететін шарттарда да байқалады, себебі кепілпұлдың берілгендігінің жазбаша куәландыруы бар.

Кепілдік және кепіл болушылық.

Кәсіпқойлық қызмет практикасында міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің кеңінен таралған әдістерінің бірі болып кепілдік пен кепіл болушылық табылады. Олардың мәні белгілі тұлғаның несие беруші алдында шартты негізгі борышқордың бұзуы бойынша өзіне жауаптылықты алуында.

Кепілдік бойынша кепілдік беруші, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа жақтың несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе борышқормен ортақтасып ішінара жауап беруге міндетті (ҚР АҚ 329 б.).

Кепіл болушылық бойынша кепіл болушы басқа жақтың (борышқордың) несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе ішінара қосалқы жауап беруге міндетті (ҚР АҚ 330 б.).

1964 жылғы ҚР АҚ-те осы екі әдістің арасында субъективтік құрамында принципиальдық ерекшелік болған. Кепіл болушылық тек социалистік ұйымдардың арасында болған, олардың біреуі екіншісіне бағынышты болып келеді. Ал кепіл болушылық азаматтардың арасында және бір-біріне бағынышты емес ұйымдардың арасында қолданылады. Жаңа АҚ кепілдік пен кепіл болушылықтың арасында субъективтік құрамына байланысты айырмашылық жасамайды.

Кепілдік пен кепіл болушылық шарттары үшін жазбаша нысандар бекітілген. Жазбаша нысанда жасалуын сақтамау кепілдік немесе кепіл болушылық шартының жарамсыз болуына әкеліп соқтырады (ҚР АҚ 331 б.).

Кепіл болушылық немесе кепілдік шарттарының негізінде кепілдік және кепіл болушылық пайда болады. Кейде кепілдік заңмен белгіленуі мүмкін (мысалы, банктік кепілдік).

Кепілдік және кепіл болушылық міндеттемелердің тоқтатылуының жалпы негіздері бойынша тоқтатылады. Сонымен бірге, олар ҚР АҚ 336 бабында көрсетілген жағдайлардың біреуі болуы ретінде тоқтатылады.

1. Олардың қамтамасыз ететін міндеттемесінің тоқтатылуымен.

2. Кепілдік беруші және кепіл болушылық кепіл берушіге жаңа борышқорға жауап беруге келісім бермегенде басқа тұлғаға негізгі міндеттеме бойынша борыш алмастырылса.

3. Кредиторға борышқор немесе кепілдік беруші жағынан міндеттемені тиісті орындау ұсынылса, бірақта кепіл беруші оны қабылдаудан бас тартса.

4. Кепілдік пен кепіл болушылық мерзімінің өтуімен байланысты. Егерде осындай мерзім анықталмаса, олар тоқтатылады.

Негізгі міндеттемені орындау мерзімі көрсетілмесе егер несие беруші кепілдікпен немесе кепіл болушылықпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімі басталған күннен бастап бір жылдың ішінде кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға қуыным жасамаса, ол тоқтатылады. Негізгі міндеттеменің орындалу мерзімі көрсетілмеген және белгілеуге болмайтын немесе талап етуімен белгіленген кезде, кепілдік және кепіл болушылық егер несие беруші кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға кепілдік немесе кепіл болушылық шарты жасалған күннен бастап екі жылдың ішінде қуыным жасамаса, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, кепілдік пен кепіл болушылық тоқтатылады.

7. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ШАРТТЫҢ ҰҒЫМЫ

Шарт дегеніміз не? Не себепті ол мүліктік айналымның қатысушыларының өзаралық байланыстарын ұйымдастырудың маңызды негізі болып табылады? Бұл дегеніміз дұрыс па? Осы сұрақтарға жауап бере отыра біздер азаматтық-құқытық қатынастардың мүліктің айналымының қатысушыларының арасында құқылық қатынастар қашан және қалай ұйымдасатындығын, өзгеретіндігін және бұзылатындығын аша аламыз.

Шарт заңнамамен бірге азаматтық-құқылық қатынастарды реттеудің маңызды құралы болып табылады. Шартты жасау оның қатысушыларының арасында заңгерлік байланысты бекітуге қол жеткізеді. Мінез-құлықтың жалпы ережелерін белгілейтін заңнамалық актілерді даярлау оның бағытталған тұлғаларының арасында өзаралық қатынастарды тудырмайды. Ал, нақты тұлғалар арасында шартты жасау олардың арасында нақты бір қатынастың пайда болуына соқтырады. Шарт белгілі тұлғалар арасында құқылық байланыстарды қалыптастыру функциясын атқарады.

Ол субъектілер арасында өзара әрекеттесуді құрумен бірге шарттық қатынастардың субъектілерімен жасалатын барлық әрекеттердің реттілігіне және бірізділігіне қойылатын талаптарды анықтайды. Сөйтіп, шарт ретілік функцияны орындайды.

7.1. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРТТАРДЫҢ ҰҒЫМЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ.

Шарттық қатынастарда әрекетке қабілетті жеке тұлғалар түседі, ал коммерциялық қатынастарға жанама болып келетін шарттарда кәсіпкер, заңгерлік тұлға мәртебесі бар азаматтар түседі.

Шарттың нәрсесі болып заттар, құнды қағаздар, қозғалмайтын мүліктер, мүліктік құқылар және азаматтық құқылардың басқа объектілері.

Мүліктік айналымға қатысушы кәсіпкер және заңгерлік тұлғалар шартты орындамағандығы үшін жауап беретін мүліктің меншік иесі немесе титулдық иесі болып табылады.

Негізінен «шарт» деген термин көпмағыналы. Шарт бұл ең алдымен белгілі құқылық нәтижеге (азаматтық құқыны және міндеттемені бекіту, өзгерту, тоқтату) қол жеткізуге бағытталған құқылы әрекетке жататын заңгерлік факт. Шарт деп тараптардың келісімінен пайда болған міндеттемелік құқылық қатынас (мысалы, сатып алу-сату шарты). Сонымен бірге, шарт деп келісімнің жазбаша мәтіні болып келетін құжаттың өзі табылады.

Келісім ретінде шарт практикалық мәнге иеленеді егер шарттық қатынасқа түсетін тараптар өз құқыларын және міндеттерін белгілесе. Шарттың мазмұнын құрайтын тараптардың құқылары мен міндеттерінің жиынтығы. Бірақта тараптардың азаматтық-құқылық шартта көрініс тапқан құқылары мен міндеттері тепе-теңдік, ерік пен мүліктік жауаптылық тәуелсіздігі, шарттық қатынастарға қатысушылардың дербестігі қағидаларына жауап беруі керек.

Егер шарттан туылатын азаматтық-құқылық міндеттемелердің мазмұны туралы айтатын болсақ, ол қандайда болмасын азаматтық-құқылық міндеттемеге қатысты формуланың көмегімен ашады: міндеттеменің күшіне орай бір тұлға (борышқор) басқа тұлғаға (несие берушіге) белгілі әрекетті жасауға міндетті: мүлікті беру, жұмысты орындау, ақшаны төлеу және т.б. немесе белгілі бір әрекетті жасаудан бас тартуға мүмкіндігі бар, ал несие беруші борышқордан өзінің міндеттемелерін орындауды талап ете алады (ҚР АҚ 268 б.).

Шарт дегеніміз – бұл мәмілелердің кеңінен таралған түрі, қандайда болмасын азаматтық-құқылық мәміле азаматтық құқылар мен міндеттерді бекітеді, немесе тоқтатады. Сол себепті шарт мәмілелердің барлығына қатысты жалпы қағидаларды қолданады, соның ішінде мәмілелердің жарамдылығының шарттары туралы, олардың формалары туралы және т.б.

Мәмілелер сияқты шарт ерікті акті болып келеді. Бірақта осы ерікті акт өзіне қатысты өзіндік ерекшеліктерге иеленеді. Ол өз алдына екі немесе оданда көп тұлғалардың ерікті әрекеттерін сипаттайды. Осы жалпы ерік шартта рәсімделіп және бекітілу үшін ол қандайда болмасын сыртқы ықпалдан еркін болуы керек. Сол себепті ҚР АҚ 380 б. шарттың еркіндігін қамтамасыз ететін бір қатар қағидаларды бекітеді.

Біріншіден, шарт бостандығы азаматтық құқының субъектілері шартты жасау немесе жасамау сұрақтарын еркін шеше алады. ҚР АҚ 380 бабының 1 тармағында «азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті. Осы Кодексте, заң құжаттарында немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген ережелерді қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүр етуге жол берілмейді». Осы күнде шартты жасау міндеттемесі заңмен бекіту ережелері көп емес. Шарттарды жасау қоғамның талабына жауап беретін болған сәттерде бұл ережелер орын алады. Мысалы, ҚР АҚ

306 бабының 1 тармағына сәйкес, кепіл беруші немесе кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлік кімде екендігіне орай егер заңда немесе шартта басқасы көрсетілмесе кепілге салынған мүлікті сақтандыруға міндетті.

Екіншіден, шарттың еркіндігі шартты жасауда бірге қызметтесушіні таңдауға ерікті білдіруді сипаттайды. Жоғарыда көрсетілген мысалда, кепіл бешуші немесе кепіл ұстаушы заңға сәйкес кепілге салынған мүлікті сақтандыру шартын жасауға міндетті, онда сақтандырушыны таңдау еркіндігі сақталады.

Үшіншіден, шарт еркіндігі азаматтық айналымға қатысушылардың қатынасты бекітуге мүмкіндік беретін шарт түрін таңдау еркіндігін ұсынады. ҚР АҚ 380 бабының 2 тармағы бойынша тараптар заңмен немесе басқа құқылық актілермен бекітілген не бекітілмеген шартты жасауға құқылары бар. Сонымен қатар, тараптар заңмен немесе басқа құқылық актілермен бекітілген не бекітілмеген әрқилы шарттардың элементтері бар шарттарды (аралас шарттар) жасауға құқылы. Тараптардың аралас шарттар бойынша қатынастарына, егер тараптардың келісімінен немесе аралас шарттың мәнінен өзгеше туындамаса, аралас шартта элементтері бар шарттар туралы заңдардың тиісті бөліктері қолданылады (АҚ 381 б.). сөйтіп бірлесіп қызметтесу шарттарын, бірге қызметтесу туралы шарттарды жасау мен орындау практикасында пайда болатын күрделі сұрақтарды тиімді шешу үшін құқылық база құрылды.

Төртіншіден, шарт еркіндігі шарт ережелерін анықтауда тараптардың еркіндігін түсіндіреді. ҚР АҚ 382 бабының 2 тармағы сәйкес шарт ережелері тараптардың еркі бойынша егер тиісті шарттың жағдайы заң немесе басқа құқылық актілермен туындаған сәттерде айғақталады.

Тиісті шарттың мазмұны, заңдармен жазылған ережелерден басқасында, шарт ережелері тараптардың өз қалауы бойынша белгілінеді.

Шарттың ережесі заңдарға сәйкес қолданылатын қалыппен көзделген реттерде, егер тараптардың келісімімен өзгеше (диспозитивтік қалып) белгіленбесе, тараптар өздерінің келісімдерімен қалыптың қолданылуын жоя алады немесе сол қалыпта көзделгеннен өзгеше жағдайды белгілей алады (ҚР АҚ 382 б. 1 т.).

Егер шарттың ережесін тараптар немесе диспозитивтік қалып белгілемеген болса, тиісті ережелер тараптардың қатынастарында қолданылатын іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтармен белгілінеді (АҚ 382 б. 2 тармағы).

ҚР АҚ 553 бабында жалға алушы, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, мүлікті дұрыс күйде ұстап-тұтуға, ағымдағы жөндеуді өз есебінен жүргізуге және мүлікті ұстап-тұтуға кететін шығындарды көтеруге міндетті.

Шарттың еркіндік қағидасының жүзеге асу жағдайында тараптардың шарттық қатынастарын заңнама тұрғысында реттеу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Диспозитивтік нормалармен бірге шарттық қатынастарды реттеудің екі деңгейі бар.

Біріншісі, заңнама өзіне кейбір шарттардың ережелерін негіздейтін императивтік нормаларды қамтиды. Императивтік нормалардың болуы жариялық қызығушылықтарды не азаматтық-құқылық қатынастардағы әлсіз тараптардың құқыларын қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігімен белгіленеді. Мысалы, тұтынушылардың құқылары. Сөйтіп, ҚР АҚ 387 бабының 2 тармағына сәйкес тұтынушылардың кейбір категорияларына жеңідік беру заңдармен жол берілген ережелерді қоспағанда, тауарлардың, жұмыс пен қызметтің бағасы, сондай-ақ жария шарттың өзге ережелері тұтынушылардың бәріне бірдей болып белгіленеді.

Шарттың ережелері императивтік нормаларға сәйкес болуы қажет. Әйтпесе олар жарамсыз деп танылады. Бұл жайт шарт жасалған уақытта күші бар заңмен және басқа құқылық актілермен белгіленген тараптар үшін міндетті ережелерге қатысты.

Осыған орай, шарттық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ҚР АҚ қағидалық ережелеріне аса назар аудару керек: егер шартты жасалғаннан соң шарт жасалған кезде қолданылып жүрген ережелерден өзгеше, тараптар үшін міндетті ережелер заңдармен белгіленген болса, жасалған шарттың ережелері оның күні бұрын жасалған шарттардан туындайтын қатынастарға да қолданылады деп заңдармен белгіленгендегіден басқа ережелерде, өз күшін сақтайды (ҚР АҚ 383 бабының 2 тармағы).

Былай айтқанымызда, шарттарға «заңдардың кері күші жоқ» деген жалпы қағида қолданылады, бұл азаматтық айналымға тұрақтылықты береді. Шартқа қатысушылар заңда болған өзгерістер олардың жасаған шарттарының ережелерін өзгерітпейді.

Шарттық қатынастарды реттеудің екінші деңгейі іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды. Іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген азаматтық заңдарға қайшы келмесе, солармен реттелуі мүмкін (ҚР АҚ 3 бабының 4 тармағы). Іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардың қолданылуы сыртқы саудалық мәмілелермен ғана шектеледі. Бірақта нарықтық қатынастардың дамуы іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардың толық бір жүйесін талап етеді. Осы бағыттағы алғашқы қадам болып шарттық қатынастарға іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар ретінде өнімдердің және тауарлардың белгілі бір түрлерін жеткізу туралы жобалы және типтік шарттарын қолдануын айтамыз.

Егер шарттың ережелері императивтік нормалармен, не тараптардың келісімімен, не диспозитивтік нормалармен белгіленбеген болса шарттық қатынастарға іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар қолданылады. Осындай қорытынды ҚР АҚ 382 бабының мәтінен шығады.

Сөйтіп, шарттың анықтамасын беруіміз қажет. Қазақстан Республикасы ҚР АҚ 378 бабайна сәйкес *«екі немесе бірнеше тұлғалардың азаматтық құқыларды және міндеттерді анықтау, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп аталады»*.

Шарттың түрлері.

Көптеген азаматтық-құқылық шарттар жалпы қасиеттерімен бірге белгілі ерекшеліктерге ие. Осы ерекшеліктер оларды бір-бірінен айыруға мүмкіндік береді. Осы көптеген және әрқилы шарттардың ішінде дұрыс жөн табу үшін оларды белгілі бір түрлерге бөлу қажет. Осы жіктеудің негізінде мақсатты көздейтін әрқилы категориялар жатады. Шарттарды белгілі категорияларға бөлудің теориялық бірге практикалықта маңызы бар. Олар азаматтық айналымға қатысушыларға өз қызметтерінде шарттардың маңызды жақтарын анықтауға және іс жүзінде қолдануға, практикада өз қажеттіліктеріне жауап беретін осындай шартқа жүгінуге мүмкіндік береді.

Құқылардың және міндеттердің пайда болуына орай олар *нақты* және *консенсуалдық* шарттарға бөлінеді. Егер шарт оның нәрсесін алдын-ала келісім бойынша беру әрекеттер арқылы жасалса, онда ол *нақты* (займ шарты) деп аталады. Ал, егер шарт жасалды деп санау үшін маңызды ережелері бойынша тараптардың келісімі ғана қажет болса, онда шарт *консенсуалдық* (сату-сатып-алу, жалдау және т.б.) деп аталады.

Шарттар *ақылы* және *ақысыз* болып келеді (ҚР АҚ 384 б.).

Азаматтық-құқылық шарттарының көп бөлігі – *ақылы*, осы шарттардың ерекше белгісі ретінде, өз міндетін орындаушы тарап осы үшін екінші тараптан ақы алуы керек немесе қарсы ұсынысты алуы керек (сату – сатып-алу, аренда, сақтау шарттары және т.б.).

Ақысыз шарттар деп тараптың біреуі екінші тарапқа одан ақы алмай немесе еш нәрсе бермей бір нәрсені ұсынуды міндетіне алған шартты атайды. Ақысыз шарттарға мұрагерлік шарттар, мүлікті ақысыз пайдалану шарты және т.б.

Шарттарды ақылы мен ақысызға бөлу тараптардың мүлік жауапкершілігі туралы сұрақтарды шешу үшін қажетті. Шарттан материалдық пайданы көре алмайтын тұлғаның жауапкершілігі шартты өз қызығушылығы үшін жасайтын тарапқа қарағанда аса емес. Осы тұлғадан алдын-ала сақтану, мүлікті қорғау және т.б. шараларды қабылдауды талап етет алмаймыз. Азаматтардың арасында жасалған ақысыз сақтау шарты бойынша сақтаушы сақтауға берілген мүлікке өзінің мүлкіне деген қатынастан кем не аса қарай алмайды.

Құқылармен міндеттердің ара қатынасына орай *шарттар бір жақты* немесе *өзаралықтарға* бөлінеді. Біріншісі бойынша тараптардың біреуінде тек құқылары бар, ал екіншісінде тек міндеттемелер. Мысал ретінде займ шартын келтіруге болады, займ берушіде борышты қайтаруды талап ету құқығы бар, ал заем алушыда борышты қайта міндеті бар.

Өзаралық міндеттемелік шартта тараптардың әрбіреуінде құқылар мен бірге міндеттерде бар. Сату – сатып алу шарты бойынша сатушы сатып алушыға зат беруге міндеттенеді және белгілі ақша сомасын беруді талап етуге құқығы бар, ал сатып алушы ақша сомасын төлеуге міндетті және затты беруді талап етуге құқылы.

Шарттар, сонымен бірге *негізгі* және *алдын-алалық* шарттарға бөлінеді.

Мүлікті беруге, жұмыс орындауға және қызмет көрсетуге байланысты құқықтар мен міндеттер тікелей негізгі шарттан туындайды. Алдын-ала шарт денегіміз – сол шартта көзделген ережелерді сақтап тараптардың келешекке

негізгі шарт жасасуға міндет алған шарт (Қазақстан Республикасы ҚР АҚ 390 б. 1 тармағы).

Алдын-ала шарттың функциясы оған қатысушылардың қызметін жоспарлау. Алдын-ала шарт заңды тұлғалармен бірге азаматтардың арасында жасалады.

Алдын-ала шарттың мазмұнына келесі ережелер енеді. Ең алдымен жасалатын негізгі шарттың атауы көрсетілуі қажет және оның тараптары айқындалуы керек. Мысалы: “тараптар сатып алу-сатудың негізгі шартының келесі ережелерімен келіседі. Х акционерлік қоғам сатушы ретінде қатысады, ал Y жауапкершілігі шектеулі серіктестік сатып алу ретінде қатысады”. Егерде осындай шарт нақты заңнамамен ескерілмесе, онда оның мәні несие беруінің және борышқордың көрсетуімен түсіндірілуі керек.

Алдын-ала шартта негізгі шарттың нәрсесі көрсетілуі керек. Егер бұл несие берушілік шарт болса, онда нәрсесі болып несие сомасы: егер тапсырма шарты туралы сөз қозғалса, онда тапсырылатын заңгерлік әрекеттердің мінезін ашу қажет, және т.б.

Алдын-ала шарт негізгі шарт үшін бекітіліген нысанда жасалады. Мысалы, егер тұрғын үйді сатып алу-сату туралы негізгі шарт нотариалдық тұрғыда куәландырылуы қажет болса, онда алдын-ала шартта нотариалдық куәландырылуы керек. Егер негізгі шарттың нысаны анықталмаса, онда алдын-ала шарт жазбаша нысанда жасалады. Алдын-ала шарттарға қатысты нысандар туралы ереже сақталмаса онда шарт жарамсыз болады.

Алдын-ала шартпен ескерілген міндеттемелер тоқтатылады, егерде тараптардың негізгі шартты жасау мерзімінің аяқталынуына дейін ол жасалмаса не тараптардың біреуі екіншісіне осы шартты жасау туралы ұсынысты бағыттама, сонымен қатар міндеттемелердің тоқтатылуының жалпы негіздері бойынша.

Егер тараптардың біреуі негізгі шартты жасаудан жалтарса, онда екінші тарап сотқа ықтиярлы тұрғыда шартты жасату туралы талаппен арыздануға құқылы. Сонымен бірге, негізгі шартты жасаудан негізсіз жалтарған тарап екінші тарапқа осынысымен келтірген залалын келген залалдың мөлшері жәбірленушімен дәлелденеді. Залалға келген нақты залал (бұзылған құқықтарды қайта қалпына келтіру үшін, жоғалтқан немесе бұзылған мүлікті қалпына келтіру үшін алынған немесе алынатын шығындар), және жіберіп қойған табысты (жәбірленуші өз құқықтары бұзылмаған сәтте қарапайым азаматтық айналым жағдайларында алынбаған табыс) енеді.

Қосылу шарты өзінің жасалу процедурасы жағынан басқа шарттардан өзгеше. Егер әдеттегі шарт хат алмасу, шарт ережелерін келісу жолымен жасалса, қосылу шартының ережелерін бір тарап дайындайды, ол стандартты формаларда (бланк, формуляр, т.б.) анықталады. Екінші тарап шартқа ешқандай өзгерту енгізе алмайды. Егер енгізетін болса шарт қосылу шартынан жай шартқа айналады.

Қосылу шарттарында әдетте тараптың біреуі болып коммерциялық ұйым, ал екіншісі – тұтынушы табылады, былай айтқанда біреуі әлсіз тарап болып табылады. Заң қосылған тарапқа оның жасаған шартын бұзуға немесе

өзгертуге құқы береді, егер ол заңға және басқа құқылық актілерге қайшы келмесе де, бірақта шарт бойынша берілген тараптың құқыларын шектесе, басқа тараптың міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершілігін шектесе.

Көрсетілген ереженің шектеуі бар. Шартқа қосылған тарап өзінің кәсіпқойлық қызметін атқарумен байланысты шартты бұзу немесе өзгерту туралы талабы қанағаттандырылмайды, егер қосылған тарап шарттың жасалған ережелерін білсе немесе білу мүмкіндігі болса.

Азаматтық-құқылық шарттың ерекше түріне *жария шарты* жатады (Қазақстан Республикасы ҚР АҚ 387 б.). Коммерциялық ұйыммен жасалған және қызметінің сипатына қарай оған өтінішпен келетін әркімге тауарларды сату, жұмыстарды атқару немесе қызмет көрсету жөнінде оның міндеттемелерін белгілейтін жария шарты деп аталады (бөлшек сауда, көпшілік пайдаланатын көлікпен тасымалдау, байланыс қызметін көрсету, энергиямен қамтамасыз ету, медицина, мейманхана қызметін көрсету және т.б.) (Қазақстан Республикасы ҚР АҚ 387 б.). Оның ерекшелік белгілеріне мыналар жатады:

1. Оны коммерциялық ұйым жасайды: мемлекеттік мекеме, шаруашылық серіктестік не өндірістік кооператив. Осындай ұйымның контрагенті ретінде коммерциялық ұйымның өндіретін немесе жүзеге асыратын тауарларының, жұмыстарының, қызметтерінің тұтынушысы болып табылатын жеке немесе заңгерлік тұлға табылады.

2. Коммерциялық ұйымдардың барлығы жария шартының әдеттегі субъектісі бола алмайды. Осындай ұйымның қызметінің мінезі үлкен мәнге ие. Осыған орай, кәсіпқойлық қызметтің әрқилы түрлерінің арасынан, оларға ұсыныспен келушілерге қатысты тиісті қызметті атқаратын коммерциялық ұйымдарды бөлеміз. Әрқилы азаматтық-құқықтық шарттардың түрлерімен негізделетін түрлі қызмет түрлері ортақ белгі біріктіреді: коммерциялық ұйымдар оларға ұсыныспен келген жеке және заңды тұлғалардың барлығымен шарттық қатынасқа түсуі қажет.

3. Жария шартының нәрсесі болып тауарларды сату, жұмыс атқару немесе қызмет көрсету бойынша міндеттемелер табылады. Мысалға, энергия жабдықтаушы ұйым абонентке энергиямен жабдықтау бойынша шарт жасайды. Бұл шарт жария шарты болып келеді. Бірақта егер де осы коммерциялық ұйым өз мүлкін сатып алу-сату шартында сатушы ретінде болатын болса, онда осындай шарт ешбір жағдайда жария шарты бола алмайды.

Азаматтық-құқықтық шарты болып табылатын жария шартын анықтаудағы негізгі сұрақ болып осындай жіктеудің құқықтық салдарын анықтау.

Қазақстан Республикасы ҚР АҚ 387 бабын, және де материалдық және процессуалдық заңнамалардың нормаларын талдай отыра жария шартының субъектісі болып табылатын коммерциялық ұйым үшін салдардың төрт түрін бөле аламыз. Оларға келесі түрлер жатады:

1. Осындай коммерциялық ұйым үшін шарттың еркіндік қағидасы қатысты емес. Ол өз еркі бойынша партнерді таңдай ала алмайды, шартты жасау сұрақтарын шеше алмайды. Коммерциялық ұйымның тұтынушыға тиісті

тауарларды, қызметті ұсыну мүмкіндігі бар бола отыра жария шартын жасаудан ол бас тарта алмайды. Егерде осындай жағдай болса, онда коммерциялық ұйымның әрекеті шартты жасаудан бас тарту деп есептеледі, бұл коммерциялық ұйым үшін кері салдарға соқтырады;

2. Жария шартының субъектісі болып табылатын комерциялық ұйым тұтынушылардың оған шартты жасау бойынша жасаған ұсыныстарын қарастыруда олардың біреуіне аса көңіл бөлмеуі керек. Егерде заңда және басқа құқылық актілерде ескерілсе, онда бұл ереже жүрмейді (мысалы, соғыс ардегерлері, мүгедектер және т.б.);

3. Жария шартының ережелері барлық тұтынушылар үшін тең болып келеді, егерде заң және басқа актілер бойынша тұтынушылардың белгілі бір категориясына жеңілдік беру ескерілсе;

4. Әдеттегі азаматтық-құқықтық шарттарға қарағанша жария шарттарын жасау бойынша туылатын даулар, сонымен бірге осындай шарттардың белгілі бір ережелері бойынша келісім болмаған сәттер сотта шешіледі. Сотта шешілуде екі тараптың келісі қажет етілмейді.

Егерде коммерциялық ұйым негізсіз жария шартын жасаудан бас тартса, онда шарт соттың шешімімен ықтиярлы түрде жасалуы мүмкін. Сонымен қатар, тұтынушы осындай шартты жасаудан бас тартумен келген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

Жария шартының тағы бір ерекшелігі оның құқылық реттеуінің өзінділігінде. Бұл, сонымен бірге, аталмыш шартқа қатысты шарт еркіндігінің әрекетін шектейді. Қазақстан Республикасы ҚР АҚ 387 бабының 4 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жария шарттыран жасау мен орындау барысында тараптарға қатысты ережелерді қабылдауы мүмкін (типтік шарттар, ережелер және т.б.).

Тараптардың шарт ережелерін рәсімдеудің бірден-бірі жолы болып шарттардың үлгі ережелеріне сүйену табылады (Қазақстан Республикасы АҚ 388 бабы). Бұл үшін шарттардың үлгі ережелері шарттың нақты бір түріне қатысты өңделуі қажет (мысалы, тұрғылықты емес болып табылатын үйлерді сатып алу-сату шарттары, құрылыстық жалдау шарттары және т.б.). осы үлгі ережелер басылымда жариялану керек, жалпыға белгілі болуы қажет.

Басқа елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ тұтынушылардың немесе тауаршығарушылардың әрқилы ассоциациялары өндеген шарттардың үлгі ережелері көңілді өзіне аудартады. Осындай үлгі ережелерде шығарушылардың және тұтынушылардың мүдделерін қорғауға, олардың құқыларын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған нақты үлгілі құқылық құралдары шағылысады.

Өкінішке орай, Қазақстанда, осындай шарттардың үлгі ережелерінің мәтіндерін өңдеу тәжірибесі кеңінен қолданылмайды.

7.2. ШАРТТЫҢ МАЗМҰНЫ.

Тараптардың келісімге келген ережелер шарттың мазмұнын құрайды. Өзінің заңгерлік мәні бойынша шарттардың барлығы *елеулі, дағдылы және кездейсоқтыққа* бөлінеді.

Елеулі болып шарттарды бекіту үшін қажетті және жеткілікті болып келетін ережелер. Шарттардың жасалды деп санау үшін ең алдымен олардың елеулі ережелері келісілуі керек. Егерде оның елеулі деген ережелерінің біреуі бойынша келісім болмаса онда шарт жасалмайды. Сол себепті қандай ережелер шарт үшін елеулі екенін анықтау қажетті. Шарттың осы жағдайы елеуліге жататынын шешуде заңнама келесі белгілерді анықтайды.

Біріншісі, шарттың нәрсесі елеулі болып келеді (Қазақстан Республикасы АҚ 432 б. 1 тармағы). Шарттың нәрсесін анықтамай бірде бір шарт жасалмайды. Мысалға, егер сатып алушымен сатушының арасында осы шарт бойынша қандай нәрселер сатылатындығы туралы келісім болмаса онда сатып алу-сату шарты жасалмайды.

Екіншісі, заңда немесе басқа құқықтық актілерде көрсетілген ережелер елеулілердің қатарына жатқызылады. Қазақстан Республикасы АҚ 307 б. 1 тармағына сәйкес кепіл туралы шартта кепілдің нәрсесі және оның бағасы, мәні, көлемі және кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі көрсетілуі керек. Онда тараптардың қайсысында кепілге салынған мүлік болатындығы көрсетіледі.

Үшіншісі, шартты нақты түрі үшін қажетті ережелер елеулі деп табылады. Шарттың нақты бір түрі қажетті әрі маңызды деп оның табиғатын көрсететін ережелер табылады. Мысалға, сақтандыру шарты сақтандыру жағдайсыз өз күшіне ене алмайды және т.б.

Төртіншісі, елеулі деп тараптардың біреуінің арызы бойынша келісім қол жетізілген жағдай. Бұл дегеніміз, елеулі деп тараптардың біреуінің ниеті бойынша заңмен немесе басқа құқықтық актілермен елеулі деп ескерілмеген жағдай табылады. Сатып жатқан заттың қорабына қойылатын талаптар заңнамамен сатып алу-сату шарттының елеулі жағдайына жатқызылмайды және осы шарттың табиғатын айғақтамайды, бірақта затты сыйлық ретінде сатыпалушы үшін қорап елеулі жағдай болып табылады. Сол себепті, егер сатыпалушы сатып алынатын заттың қорабы туралы жағдайды келісуін талап етсе, онда ол сатып алу-сату шартының елеулі жағдайына айналады, онсыз сатып алу-сату шарты жасалмайды.

Елеуліге қарағанда дағдылы ережелер тараптардың келісімін қажет етпейді. Дағдылы ережелер тиісті нормативтік актілерде ескерілген және олар шартты жасау сәтінен бастап күшіне енеді. Бұл, дағдылы ережелердің шартта белгіленген тараптардың еркіне қарсы жүзеге асатындығы емес. Шарттың басқа ережелері сияқты дағдылы ережелер тараптардың келісіміне негізделеді. Осы тараптардың шарт ережелерін дағдылы ережелерге бағындыру келісімдері шарттың осы нақты түрін жасаумен айқындалады. Егер тараптар осы шарт түрін жасауға келісімге қол жеткізсе, онда олар заңнамада осы шарт туралы көрсетілген ережелермен де келіскен болып есептеледі. Мысалы, мүлікті жалдау шартын жасауда ҚР АҚ 190 б. ескерілген ережелер күшіне енеді. Осы баб бойынша мүліктің кездейсоқ

жойылу немесе кездейсоқ бұліну қаупі меншік иесіне көшеді. Сонымен қатар, егерде тараптар шартты әдеттегі жағдай турасында жасаудан бас тартса, онда олар шарттың мазмұнына әдеттегі жағдайды тоқтататын немесе өзгертетін пункттерді енгізе алады. Көрсетілген мысалда тараптар мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бұліну қаупі жалдау берушіге емес жалдаушыға көшетіндігі туралы келіседі⁵⁶.

Дағдылы ережелердің қатарына тиісті шарт түрлері үшін өңделген және басылымда жарияланған шарттың үлгі ережелерін жатқызуымызға болады. Бұл арада айта өтетін жайт мынада, егерде шартта осы үлгі ережелерге сілтеме болуы керек. Егерде осындай сілтеме шартта болмаса, онда үлгі ережелері тараптардың қатынастарына қатысты іскерлік айналым дағдысы ретінде ғана қолданылады. Олар ең алдымен іскерлік айналым дағдысына қатысты қойылатын азаматтық заңнаманың талаптарына жауап беруі керек (ҚР АҚ 3 б. 4 тармағы және 382 б.).

Үлгі ережелер жағдайлары шарттың үлгі ережелері нысанында немесе осы ережелерді қамтитын құжат түрінде баяндалуы мүмкін (Қазақстан Республикасы АҚ 388 б.).

Кездейсоқтық деп дағдылы ережелерді өзгертетін не қосымшалайтын ережелерді көрсетеді. Олар шарт мәтініне тараптардың ниеттері бойынша енгізіледі. Олардың және дағдылы ережелердің бар-жоғы шарттың жарамдығына әсер бермейді. Бірақта елеулілігіне қарағанда, кездейсоқтық жағдайдың бар-жоғы нақты шарттың жасалмады деп санауға соқтыруы мүмкін, егер қызығушылық танытқан тарап осы жағдайдың болуы талап еткендігі туралы дәлелде ұсына алса. Ал, дәлелдемені ұсына алмаса, онда шарт кездейсоқтық жағдайсыз жасалды деп танылады. Мысалға, егер сатып алу-сату шартының ережелерін келісу барысында тараптар тауар сатып алушыға қандай көлікпен жеткізілетіндігі туралы сұрақты шеше алмаса, онда шарт кездейсоқтық жағдайсыз жасалды деп танылады. Бірақта, егер сатып алушы әуе көлігі арқылы тауарды жеткізу туралы ұсынғандығын, бірақ бұл жағдай қабылданбағандығын дәлелдей алса, онда сатып алу-сату шарты жасалмады деп танылады.

Кей жағдайларда шарттың мазмұнына тараптардың құқылары мен міндеттері енгізіледі. Тараптардың құқылары мен міндеттері міндеттемелік құқықтық қатынастың мазмұнын құрайды. Бұлар осы міндеттемелік құқықтық қатынасты тудырған заңгерлік факті ретінде шартқа негізделмей шартқа ғана негізделеді.

Шарт мәміленің бір түрі болуына орай оның нысанына мәмілелердің нысаны үшін бекітілген барлық қағидалар қолданылады. Шарт *ауызша*, *қарапайым* немесе *нотариалдық жазбаша нысанда* жасалуы. Шарттардың кей түрлері үшін мемлекеттік тіркеу ескерілген.

Жазбаша бірнеше түрлеріне бөлінеді. Кеңінен таралған түрі болып екі жақтың қолымен расталған құжат табылады. Шарттың жазбаша түріне шартты жазбаша жасау туралы ұсынысты бағыттауда және оны шарттың

⁵⁶ Суханов Е.А. Гражданское право – Учебник – Т.1 – М., 1998 г.

ұсынған ережелерін орындауға бағытталған әрекеттерді орындау арқылы қабылдауда жатады.

Жазбаша нысандағы шарт хатпен, телеграммалармен, факстермен, немесе байланыстың басқа құралдарымен алмасу арқылы жасалуы мүмкін. Осы жағдайда шарт шарттың тарабымен ұсынылғандығын нақты анықтау керек. Займ шарты үшін жазбаша нысан сақталады деп есептеледі, егер шарт куәлігінде қолхат немесе құнды қағаз (вексель, облигация) берілген, ал сақтау шарты үшін – қолхат немесе жетон.

Азаматтармен заңды тұлғалар арасындағы қатынастарда жазбаша шарттарды рәсімдеу барысында шарттарды жасау процесін жеделдетуге мүмкін беретін *типтік бланкілер* қолданылады. Бірақта осындай бланкілерге өзгерістерді енгізуге болады, егер шарттың барлық елеулі уағдаласқан болса.

Типтік бланкілерден Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген шарттардың типтік нысандарын ашыратуға керек. Олардың ережелері тараптар үшін міндетті болып келеді, өзгерістерді және қосымшаларды енгізу олардың жарамсыздығына алып келеді.

Шарттың нысаны оның тараптарының еріктерінің келісуін бекітеді және дұрыс шағылыстырады. Бірақта, бұл әрдайым бола қоймайды. Шарт мазмұны дұрыс түсіндірілмей оған қатысушылар арасында дау туғызуы мүмкін. Бұның себебі шарт мәтіні және оның ішкі реквизитері азаматтық құқыны біле қоймайтын және оның терминологиясын толық меңгермеген қатысушылармен толтырылады. Осындай дауларды шешу мақсатында ҚР АҚ 392 бабында шартты түсіндіру көрсетілген. Шартты түсіндіруде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәнін сот ескереді. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған ретте ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады. Сөйтіп, шарт мазмұнын түсінуде сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәніне назар аудырылады. Бұл азаматтық айналымға қатысушыларды шарт мәтінімен дұрыс және тиянақты жұмыс істеуге бағыт береді. Егер шартағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәнін анықтау мүмкін болмаса, шарт мақсатын ескере отырып тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс (Қазақстан Республикасы АҚ 392 б. 2 тармағы).

7.3. ШАРТТЫ ЖАСАУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ.

Тараптардың арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті ережелерде талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі (Қазақстан Республикасы АҚ 393 б.1 т.).

АҚ бар шарттың жасалу сәтіне арналған нормалар өзіне назар аудартады.

Шарттың жасалу сәті үлкен мәнге ие, себебі онымен заңшығарушы шарттың күшіне енуді байланыстырады. Бұл дегеніміз жасалған шарттың ережелерінің тараптар үшін міндетті екендігі.

Шартты жасау процесі үш кезеңнен тұрады:

1. Тараптың біреуі офертаны бағыттауы;
2. Екінші тарап офертаны қарастыруы және оның акцепті;

3. Офертаны бағыттаған тараптың акцепті алуы.

Шарттың жасалу сәтін анықтауда офертаны бағыттаған тараптың акцепті алған күні қажет.

Жалпы ережеден бөлінетін екі ерекшелік бар. Осы ерекшеліктерге байланысты шарт офертаны бағыттаған тараптың акцепті алған күннен бастап жасалды деп есептеледі:

1) Тараптар өз қатынастарын нақты шартпен рәсімделу сәттерімен сипатталатын жағдайлар, бұл дегеніміз шарт жасасу үшін заң құжаттарына сәйкес мүлікті беру қажет болса, шарт тиісті мүлік берілген кезден бастап жасалды деп есептелуі (Қазақстан Республикасы АҚ 393 б. т. 2.). Мұнда мүлікті беру деп нақты бір тұлғаға беруімен бірге көліктік ұйымға немесе байланыс ұйымына адресатқа жеткізу үшін тапсыруды айтады. Затты беруге коносаменті немесе басқа тауарбөлу құжаттарын беру теңестіріледі. Осы жағдайлардың барлығы шартты жасау сәтін анықтауда ескерілуі қажет.

2) Мемлекеттік тіркеуді талап ететін шарт жасалған жағдайы, мысалға шарттың нәрсесі болып жер немесе басқа қозғалмайтын мүлік табылса. Осындай шарт заңда басқасы көрсетілмесе мемлекеттік тіркеуден өткеннен бастап жасалды деп есептеледі. Бірақта тараптардың біреуі шартты мемлекеттік тіркеуден жалтарса, сот екінші тараптың талабы бойынша мәмілені рәсімдеу туралы шешім шығаруға құқылы. Осы жағдайда мәміле соттың шешімі бойынша тіркеледі (Қазақстан Республикасы АҚ 118 б. 6 т.). Осындай жағдайларда шарттың жасалу сәті соттың шешімі бойынша анықталады.

Шарттар, тараптардың біреуі екінші тарапқа ұсыныс (оферта) жасаудан, ал екіншісі офертаны алып, шартты жасау туралы ұсынысты қабылдау немесе қабылдамаудан жасалды деп саналады. ҚР АҚ 395 бабы бойынша “*оферта* деп шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше нақты жақтарға жасалған ұсыныстыайтамыз”.

Бірақта шартты жасау туралы барлық ұсыныстар оферта болып есептелмейді. Офертаның қасиеттеріне жауап беру үшін ол *біріншіден*, нақты болуы керек, *екіншіден*, шарттың барлық маңызды ережелерін қамтуы қажет және ұсыныс жасаған тұлғаның ұсынысты қабылдаған адресатпен шартты жасадым деген ниетін көрсетуі керек (ҚР АҚ 395 б.т. 1.).

Бірінші талап, тұлғаның шартты жасауға деген ниетсіз шарт жасалмайтындығын негіздейді.

Екінші талап негізделуіне сай, ҚР АҚ 393 бабына сәйкес, тараптар шарттың барлық елеулі ережелері бойынша уағдаласқан сәтінен бастап ол жасалды деп есептеледі. Егер шартты жасау ұсынысында елеулі ережелердің біреуі болмаса, онда ол екінші тараптың осындай жағдаймен келіскендігіне қарамай жасалды деп есептелмейді⁵⁷.

Шартты жасау туралы ұсыныс нақты бір тұлғамен бірге беймәлім тұлғаларға да бағытталуы мүмкін. Осындай оферталар *жария офертасы* деп аталады. Жарнама және беймәлім адамдар тобына жіберілген өзге деп

⁵⁷ Гражданское право. Т-1, М. – 2000 г. под ред. Толстого Ю.К., Сергеева А.П.

ұсыныстар, егер ұсыныста тікелей өзгеше көрсетілмесе, оферта жасасуға шақыру ретінде қаралады (ҚР АҚ 395 б. т. 4).

Жария офертасы көбіне шартты жасау туралы көпшілікке хабарламалар, афишалар, саудалық каталогтар, жарнамалар және т.б. арқылы ұсынысты жариялаумен жүзеге асырылады. Бірақта, оферта болып табылмайтын шартты жасау туралы ұсыныстарда осындай жолмен көпшілікке жеткізіледі. Осы ұсыныстарда оферта емес офертаға деген ұсыныс орын алған.

АҚ 395 бабының 4 тармағындағы ұсыныс осылай жіктеледі “жарнама және беймәлім адамдар тобына жіберілген өзге де ұсыныстар, егер ұсыныста тікелей өзгеше көрсетілмесе, оферта жасасуға шақыру ретінде қаралады”.

Адресаттың алған офертаны, оны бағыттаған тұлға акцепт үшін белгіленген мерзім ішінде қайта шақыртуға құқығы жоқ. Өзгешесі офертаның өзінде көрсетілуі мүмкін не ұсыныстың мәнінен не оның жасалған жағдайынан туындауы мүмкін.

Акцепт деп оферта жолдаған жақтың оны қабылдағаны туралы жауабын айтады. (ҚР АҚ 396 б.1 т.). Мұнда оферта адресатының оферамен келісімін сипаттайтын арызы немесе басқа мінез-құлығы акцепт деп танылмайды. Егер заң құжатынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе тараптардың бұрынғы іскерлік қатынастарынан өзгеше туындамаса, жауап қайтармау акцепт болып табылмайды (ҚР АҚ 396 б. 2 т.).

Акцепт толық әрі бұлтарыссыз болуыға тиіс. *Шартты жасауға келісімнен басқа ұсынылған ережелерге қосымшаларды, шектеулерді немесе өзгерістерді қамтитын офертаға берген жауап акцепттен бас тарту және жаңа оферта деп есептеледі.* Осыған орай, өз офертасына қосымшасы бар акцепті алған оферент осы қосымшаларға өз келісімін көрсетпесе онда шарт жоқ деп есептеледі.

Офертада көрсетілген әрекеттер өзгеше заңда не басқа нормативтік актілерде не офертада белгіленбесе акцепт деп танылады. Осындай әрекеттер, офертаны алған тұлғалармен акцепт үшін белгіленген мерзімде жасалынуы қажет. Олардың қатарына тауарларды тиеу, қызмет көрсету, жұмысты орындау, тиісті ақша сомасын төлеу жатады.

Офертаны қабылданған адресат акцепт жасау үшін ондағы көрсетілген мерзіммен тығыз байланысты. Офертада көрсетілген мерзімнен кейін акцепті жіберу оферент үшін заңгерлік салдарды тудырмайды.

Акцепті кешіктіріп алу акцепт туралы хабарлама уақытылы жіберілген-жіберілмегендігімен бағаланады. Бұл, офертаны жіберу және алу сәтін салыстыруымен анықталады. Акцепті жіберу сәті деп пошталық штемпелде көрсетілген мерзімді, телеграммада көрсетілген мерзім және уақытты, не қабылдап алынған хабарламалардағы мерзім мен уақытты айтамыз.

Уақытылы жіберілген, бірақта кешіктіріліп алынған акцепт кешіктірілді деп есептелмейді, егер оферент акцептанты акцепті кешіктіріп алғандығы жөнінде тезарада ескертпесе (ҚР АҚ 397 б. 3т.). Басқа сөзбен айтқанда, акцепті кешіктіріп алған оференттің өндемеуі акцепт қабылдады деп түсіндіріледі.

Егер, акцепт туралы хабарламаны кешіктіріп алған оферент тез арада акцептанты акцепты қабылдағандығы туралы хабарласа, онда шарт жасалды деп есептеледі (ҚР АҚ 397 б. 3 т. 2 бөлімі).

Шарттың жасалған жері шарттың мәтінінде көрсетіледі. Белгілі бір жағдайларда шарттың жасалу жері маңызды мәнге иеленуі мүмкін. Мысалға, сыртқы экономикалық мәмілелерде шартты жасау жері қолданылатын тиісті құқыны анықтайтын фактор болып табылуы мүмкін.

Кей ретте шарттың жасалу жерін анықтау қажеттілігі туылады, егер онда ол көрсетілмесе. Осындай жағдайда шарттың жасалу жері деп шартты жасау туралы ұсыныс жасаған азаматтың тұрғылықты жері не заңды тұлғаның орналасқан жері табылады (ҚР АҚ 398 б.).

Шартты өзгерту және бұзу.

Жасалған шарттар тараптардың уағдаласқан ережелеріне сай орындалуы керек және ешбір өзгертілмеуі қажет. Мұндай жалпы қағида азаматтық айналымға тұрақтылықты береді. Бұл қағида, шарт жасалып болғаннан кейін, тараптар үшін міндетті ережелерді бекітетін заңдар қабылдан кезде де қолданылады. Осы жағдайда шарт ережелері жалпы ереже бойынша өз күшін сақтайды. Сонысымен шарт тараптарында олардың жасаған шарттарының тұрақтылығына деген сенімділік пайда болады.

Осынысымен бірге, қоғамның қызығушылығы жасалған шарттардың ережелерін өзгертуді талап етуі мүмкін. Осы жағдайға жоғарыда көрсетілген ережеден өзгелік ескерілген. Жаңадан қабылданған заңда бұрын жасалған шарттардан туындалған қатынастарғада оның күші таралуы мүмкін деп көрсетілген. ҚР АҚ 383 б. 2 тармағының мәні бойынша жасалған шарттың ережесін өзгерте немесе күшін жоя алатын болып заң күші бар құқықтық акті табылады.

Шартты өзгерту немесе бұзу тараптардың өзара келісімі бойынша ғана жүзеге асады. Бес жылға жасалған аренда шарты бойынша тараптар уағдаласу арқылы бес жылды күтпей оның әрекетін тоқтата алады. Осы ережеден өзгешілік заң немесе шарт бойынша бекітілуі мүмкін. Заңгерлік қызмет көрсету шартында кәсіпқойлар тараптардың қайсы-бірі болмасын, екінші жақты, алдын ала шартты бұзуға дейін бір айын бұрын ескертіп, өзі қалаған уақытында, шарттан бас тарта алуын ескерулері мүмкін.

Шартты орындаудан толығымен немесе жартылай бір жақты бас тарту сәтінде, егер бұл заңмен немесе келісіммен рұқсат етілсе, шарт бұзылды немесе өзгертілді деп саналады. Соттың шешімі осы жағдайда талап етілмейді.

Шартты өзгерту немесе бұзу мүмкіндігі заңмен немесе шартпен ескерілмеген және тараптардың келісіміне қол жеткізілмеген сәттерінде шарт тараптардың біреуінің талабы бойынша соттың шешімімен келесі жағдайларда өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін:

1. Екінші тараппен шарт бұзылса;
2. Заңда немесе шарттарда көрсетілген басқа жағдайларда.

Тараптардың біреуінің шартты аса бұзуы деп басқа жаққа шартты жасауда алатын табыс алуға мүмкіндік бермейтін залал алып келуін айтамыз.

Мысалға, акционерлік қоғаммен және аудиторлық фирма арасында аудиторлық қызмет көрсету бойынша шарт жасалды, ал аудиторлық тексерістен кейін салық инспекциясы салық заңнамасы төңірегінде кемшіліктерді анықтады, осыған орай акционерлік қоғам сот бойынша аудиторлық қызметті көрсету шарттын бұзуға құқығы бар.

Шарт соттың шешімімен жақтардың біреуінің талабы бойынша және заңда және шартта көрсетілген басқа жағдайларда бұзылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

Шарттың тиісті өзгертілу барысында осы шартқа негізделген міндеттеменің мазмұнында өзгертіледі. Осы орайда, міндеттеме өзі сүйенген шарттың өзгертілу көлемінде өзгертіледі. Мысалы, жеткізу шартында тараптар жеткізуші сатып алушыға бірінші сорттағы тауардың орнына екінші сорттағы тауарды жеткізуі туралы уағдаласты, сатып алушы жеткізушіден бірінші сорттағы орнына екінші сорттағы тауарды жеткізуді талап етуге құқығы бар. Қалған бөлігінде шарт ережесі сол күйінде сақталып қалады, осы ережелерге сай келетін жеткізу міндеттемесенің мазмұны сол күйінде сақталады. Шарт бұзуда ол өз күшін жояды және оған негізделген міндеттемелерде тоқтатылады. Осы сәттен бастап тараптар оларға міндеттемеге орай пайда құқықтардан айырылады және міндеттемелерден босатылады.

Егер тараптардың өзара уағдаласуы бойынша шарт өзгертілсе немесе бұзылса, онда оған негізделген міндеттемеде өзгертіледі немесе тоқтатылады. Бірақта басқа ереже келісімнің мазмұнынан немесе шарттың өзгеру мінезінен шығуы мүмкін.

Шартты соттық рет бойынша өзгерту немесе бұзу барысында оған негізделген міндеттемеде шартты өзгерту немесе бұзу туралы соттың шешімі өз күшіне енген сәттен бастап тиісті өзгертіледі немесе тоқтатылады.

Себебі шарттың өзгертілуіне немесе бұзылуына дейін ол тараптармен белгілі бір бөлікте орындалуы мүмкін. Осы арада шарттың өзгертілуі немесе бұзылуына дейін орындалғандардың хал-жағдайы туралы сұрақ тууылады. Жалпы ереже бойынша тараптар шарттың өзгертілуі немесе бұзылуына дейін міндеттеме бойынша орындалғанды қайтаруды талап етуге құқылары жоқ. Мысалы, егер аренда шарты бойынша тараптар келесі айдан бастап бір айлық арендалық есеп 10 пайызға төмендейді деп уағдаласқан, онда арендатор аренда берушіден аренда шарттың өзгертілуіне дейін төленген ақшалардың қайтарылуын талап ете алмайды. Көрсетілген мысалда, тараптар шарттың өзгертілгенге дейін төленген арендалық есеп арендаторға қайтарылуы туралы уағдаласуы мүмкін.

Егер, шарт тараптың біреуімен оның ережелерін бұзуына орай өзгертілсе немесе бұзылса, онда екінші тарап келген залалдардың орнын толтыруды талап ете алады (ҚР АҚ 403 б.).

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 наурыз Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) <http://online.zakon.kz/>;
2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2030: барлық қазақстандықтардың өсуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқаты»;
3. ҚР Президентінің Н.Ә.Назарбаев жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – 2012 жылғы Қазақстан дамуының басты бағыты» - Астана, 2012ж.;
4. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N858 Жарлығы // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., N 35, 331-құжат;
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (1994 ж. 27 желтоқсан) (26.07.2016 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
6. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) (1999 ж., 1 шілде, N 409) (26.07.2016 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексі Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ (26.07.2016 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
8. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы N 518-IV Кодексі, (09.04.2016 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
9. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қарашадағы Кодексі, (01.07.2016ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
10. Қазақстан Республикасының Орман кодексі (2003 ж., 8 шілде) (22.04.2016ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
11. Қазақстан Республикасының Жер кодексі (2003 ж., 20 маусым) (30.06.2016ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
12. Қазақстан Республикасының Су кодексі (2009 ж., 9 шілде) 30.06.2016ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
13. Қазақстан Республикасының "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Заңы, (01.06.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
14. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2014 жылғы 5 шілде. N 235. (01.06.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;

15. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. 2014 ж., 3 шілде, № 226-V ҚРЗ. (09.04.2016ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
16. ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV Заңы.(06.04.2016 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
17. ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ. (06.04.2016 жылғы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
18. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы. (22.04.2016 жылғы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
19. Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 ж. 2 шілдедегі Заңы, (26.07.2016ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
20. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы (09.04.2016ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
21. Қазақстан Республикасының "Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы, (01.01.2016ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
22. Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 ж. 16 қаңтардағы Заңы, (15.05.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
23. Қазақстан Республикасының "Саяси партиялар туралы" 2002 ж. 15 шілдедегі Заңы, (16.11.2015 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
24. Қазақстан Республикасының “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы, (16.11.2015 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) /<http://online.zakon.kz/>;
25. Қазақстан Республикасының "Тұтыну кооперативі туралы" 2001 ж. 8 мамырдағы Заңы, (01.01.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
26. Қазақстан Республикасының "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы (06.02.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
27. Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Заңы, (01.01.2015 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/ <http://online.zakon.kz/>;
28. Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 ж. 31 мамырдағы Заңы; (09.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/ <http://online.zakon.kz/>;

29. Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 ж. 19 маусымдағы № 2337 Заңы (24.11.2015 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>;
30. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (2015 ж., 23 қараша, № 414-V ҚРЗ) (06.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) <http://online.zakon.kz/>;
31. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы, (01.07.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) / <http://online.zakon.kz/>;
32. Қазақстан Республикасының "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ, (22.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) /<http://online.zakon.kz/>;
33. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы, (15.05.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) /<http://online.zakon.kz/>;
34. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы (09.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) / <http://online.zakon.kz/>;
35. Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңы, (01.01.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) / <http://online.zakon.kz/>;
36. Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңы, (22.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) / <http://online.zakon.kz/>;
37. Қазақстан Республикасының "Ақша төлемі мен аударымы туралы" 1998 ж. 29 маусымдағы Заңы; (26.07.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) / <http://online.zakon.kz/>;
38. Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" 1997 ж. 14 шілдедегі Заңы, (26.07.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
39. Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 541-IV Заңы, (22.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
40. Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі N 567 Заңы, (09.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
41. Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 ж. 20 қарашадағы Заңы; (07.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
42. Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» 2000 ж. 19 қазандағы Заңы, (01.01.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;

43. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 ж. 28 қаңтардағы Заңы (01.01.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
44. Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы, (22.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
45. Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 ж. 10 маусымдағы Заңы, (01.01.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
46. Қазақстан Республикасының «Патент» заңы, 1999 ж. 16.07. қабылданған (01.01.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
47. Қазақстан Республикасының «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 ж. 13 шілдедегі Заңы (01.06.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;
48. Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 ж. 23 шілдедегі Заңы; (22.04.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/<http://online.zakon.kz/>;

Негізгі әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. // <http://www.akorda.kz/>;
2. Азаматтық құқық Оқулық (академиялық курс) / Жауапты ред. М.К. Сүлейменов, Ю.Г.Басин. өңделген және толықтырылған екінші басылымы. Алматы. 1-ші том.-2003;
3. Жайлин Ғ. А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық / Алматы: Заң әдебиеті. 2-ші том.- 2004;
4. Жайлин Ғ. А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық /- Алматы: Заң әдебиеті. 2-ші том.-2005;
5. Төлеуғалиев Ғ.И., Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық /- Алматы: Жеті Жарғы. 1 том. – 2001;
6. Гражданское право. Общая и Особенная части: учебник / отв. ред. А.П. Фоков. — М.: КНОРУС, 2008;
7. Гражданское право: учебник / отв. ред. А.П. Сергеев, Ю.К. Толстой. — М.: Велби; Проспект, 2007. — Т. 1.
8. Гражданское право: учебник / отв. ред. А.П. Сергеев, Ю.К. Толстой. — М.: Велби; Проспект, 2007. — Т. 3.
9. Гражданское право : учебник / Институт частного права ; Общ.ред. С. С. Алексеев. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Проспект, 2013. – 528 с.;
- 10.Гражданское право. В 2 ч. Ч. 1: учебник Авторы: под ред. В.П. Камышанского, Н.М. Коршунова, В.И. Иванова Издательство: ЮНИТИ-ДАНА, 2012 г.;

11. Мардалиев Р. Т. Гражданское право: Учебное пособие. – 1 издание. Издательство «Питер» 2012 год;
12. Қарабеков Қ.Ө., Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдер), Дәрістер курсы. Қарағанды, 2012 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право, кн. 1 – М.: БЕК, 2002. – 270 с.
2. Система договоров в гражданском праве России / Под ред. А.С. Карало. – М.: Юрист, 2001. – 206 с.
3. Зенин И.А. Российское частное право: Учебно-практическое пособие. – М., 2001. – 418с.
4. Иоффе О.С. Обязательственное право. – М., 2001. – 210 с.
5. Мамина М.Н. О предмете гражданского права.//Государство и право , 2001г., № 1.
6. Комиссарова Е.Г. Об основных началах гражданского законодательства //Журнал российского права - № 5 , 2001г.
7. Блинкова Е.В. Система гражданского законодательства: общие и частные вопросы – Юрист, №5 – 2005г.
8. Теория государства и права // Под ред. С.С.Алексеева. М.: Юридическая литература, 1985г.
9. Тастенова Ш. Распорядись недвижимостью-Мир закона-№9 2002 года.
10. Игенбердинова Г. Правовой статус рынка ценных бумаг- Мир закона, № 1- 2002 г.
11. Сарсенов Н.Г. Залоговое свидетельство как ценная бумага. Юрист- № 5- 2002 г.
12. Абрамова М.В. К вопросу о понятии недвижимого имущества. Юрист- № 4 - 2002 г.
13. Марченко С.Б. Базовые понятия чести, достоинства и деловой репутации как объектов гражданского права – Юрист - №8 – 2004г.
14. Харин А.Н. Некоторые проблемы залога ценных бумаг – Юрист - №9 – 2004г.
15. Мохов А.А. Лекарственные средства как объекты гражданских прав – Юрист - №12 – 2004г.
16. Власов А.А. Особенности судебной защиты чести, достоинства и деловой репутации – Юрист, №1 – 2005г.
17. Шевченко Г.Н. Правовая природа требований к лицу, совершившему трансферт ценных бумаг, в случае их незаконного списания –Юрист- №4 – 2005г.
18. Шевченко Г.Н. Правовое регулирование крупных сделок с ценными бумагами - Юрист- №11– 2005г.
19. Аргунов В.В. Восстановление прав по утраченным ценным бумагам (в судебном вызывном производстве) – Юрист - №11 – 2005г.
20. Минашкин А.В. Право граждан на обращение: состояние и перспективы

- правового регулирования – Юрист - №7- 2005г.
21. Анохин Ю.В. О методологических подходах к проблеме обеспечения прав и свобод человека и гражданина - Юрист - №5 – 2005г.
 22. Варфоломеев В.В. Исторические аспекты института судебной защиты гражданских прав - Юрист - №5 – 2005г.
 23. Стамкулов У.М. «Юридические лица» Караганда – 1999 г.
 24. Басин Ю.Г. «Юридические лица по гражданскому законодательству РК». Уч-е пособие, Алматы – 2000 г.
 25. Кашковский А.П. «О критериях разграничения коммерческих и некоммерческих организаций» //Юрист–2000 г.- № 5.
 26. Сергеев С.Г. «Банкротство ликвидируемого юридического лица» //Юрист – 2000 г.
 27. Курин В.В. Некоторые аспекты оценки собственности в хозяйственной деятельности юридических лиц. Юрист- № 4- 2002 г.
 28. Слугин А.А. Сущность юридического лица- Юрист- № 12- 2002 г.
 29. Сулова Т.М. Банкротство «потребителя»: законодательство, критерии, признаки. Юрист- № 11- 2002 г.
 30. Сараев Д.В. Имущественные права учреждений. Юрист-№ 9- 2002 г.
 31. Карномазов А.И. Право учреждения на самостоятельное распоряжение имуществом. Юрист- № 6- 2002 г.
 32. Рассказов А.П., Рассказов О.Л. Право акционера (акционеров) на дивиденды. Юрист- № 8- 2002 г.
 33. Жайлин Г. Правоспособность юридических лиц. – Учебное пособие. Часть 2 – 2003 г.
 34. Скрябин С.В. «Право собственности в РК» – Алматы: Дайк-пресс, 2000 г.
 35. Сулейменов М.К., Осипов Е.Б. «Залоговое право»-Алматы,1997 г.
 36. Рыбина О.В. Правовые аспекты разработки и заключения международных договоров купли-продажи товаров со странами СНГ и Балтии – Юрист - №3 – 2004г.
 37. Блинкова Е.В. Ответственность по договору снабжения товарами через присоединенную сеть: ограничения, полная или повышенная? - Юрист - №8 – 2004г.
 38. Абакшин А.Н. Правовой режим газопровода - Юрист - №3 – 2005г.
 39. Козлов, И.В. Договор энергоснабжения как особый вид договора купли – продажи / И.В. Козлов // Современное право. 2007. №7.
 40. Блинкова Е.В. Потребитель или абонент? (проблемы определения ответчика в судебных спорах по обязательствам энергоснабжения) - Юрист - №11 – 2005г.
 41. Шалашов В.И., Коренев А.П. О наследовании и дарении гражданского оружия //Государство и право. - 1997. - № 1.
 42. Минахина, И.А. Наследование. Дарение. Пожизненная рента: вопросы правового регулирования / И.А. Минахина. - М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007.
 43. Вавилин, Е.В. Осуществление и защита гражданских прав при дарении и наследовании / Е.В. Вавилин // Гражданское право. 2006. № 2.

44. Аверьянов О.В. Залог и лизинг. - Юрист , 2001 , № 3.
45. Аверьянов О.В. Особенности лизинга предприятий. - Юрист, 2001, № 5.
46. Боровинская Н.А., Комарова С.В. К вопросу о понятии договора лизинга //Юрист. – 2000. - № 9.
47. Дуйсекова А. Законодательство Республики Казахстан о лизинге //Мир закона. – 2000. - № 7.
48. Егорова П.В., Курило В .В. Некоторые аспекты правового регулирования договора лизинга.// Юрист , 2000, № 2.
49. Жайлин Г. Безвозмездное пользование имуществом //Мир закона- 2001 , № 7.
50. Митяков А.В. Лизинг как форма инвестиций // Юрист – 2003 -№4.
51. Мызров С.Н. Заключение, изменение и расторжение договора аренды //Юрист. – 1999. - № 12.
52. Мызров С.Н. Понятие и признаки договоров аренды //Юрист. – 1999. - № 11.
53. Мызров С.Н. Договор проката как разновидность договора аренды.//Юрист , 2000, № 2.
54. Шаталов С. Лизинг как композитарная конструкция - Юрист- 2002 -№3
55. Безуглая М.В. Существенные условия договора лизинга – Юрист - №11 – 2004г.
56. Жукова Т.В. Проблемы договорного регулирования возмездного оказания образовательных услуг // Юрист – 2003 -№8.
57. Мищенко Е.А. Особенности некоторых видов договоров возмездного оказания услуг // Юрист – 2003 - №9.
58. Писаревский Е.Л. Еще раз о правовой природе договора на туристическое обслуживание //Юрист. – 2000. - № 8.
59. Писаревский Е.Л. Договор по предоставлению гостиничных услуг.//Юрист 2001 , № 1.
60. Бурлакова Е.П. Договор о туристском обслуживании – Юрист - №11 – 2004г.
61. Кратенко В.М. Предмет договора об оказании юридической помощи – Юрист - №1 – 2005г.
62. Фроловская Ю.И. Некоторые проблемы возмещения убытков как формы гражданско-правовой ответственности за нарушение обязательств по выполнению строительных работ – Юрист - №8 – 2005г
63. Алипова, Л.А. Традиции и современные подходы к договору подряда / Л.А. Алипова // Гражданское право. 2007. № 2.
64. Значение, понятие и сфера применения договора строительного подряда / В.С. Каменков // Бюллетень нотариальной практики. 2007. № 2.
65. Зиганшин, Р.Ф. Особенности правового регулирования договора строительного подряда на капитальный ремонт / Р.Ф. Зиганшин // Юрист. 2007. № 12.
66. Иванов А.В. Особенности защиты прав и интересов строительных организаций – Юрист - №11 – 2005г.

67. Антонова Н.А. Страхование предпринимательского риска: проблемы и перспективы // Юрист – 2003 -№9.
68. Лер О. Страховой рынок Казахстана: итоги и перспективы //Юридическая газета. - 1998. - 14 января.
69. Худяков А.И. Страхование право Республики Казахстан. - Алматы: Жети жаргы, 1997.
70. Савинов Д.П. Типичные ошибки при заключении и исполнении договора страхования.- Юрист, 2000, № 8.
71. Исмаилова Г.М. Проблемы страхования гражданско-правовой ответственности предприятий // Юрист –2003 -№5
72. Сулейманова С.А. О частичной правоспособности несовершеннолетних граждан (физических лиц).//Вестник Московского университета. – 1999. - № 6.
73. Дудко А.Г. Существенное изменение обстоятельств как основание изменения и расторжения договора. //Вестник Московского университета. – 2000. - № 1.
74. Тактаев И.А. Условия гражданско-правовой ответственности. //Вестник Московского университета. – 2001. - № 6.
75. Леонова Г.Б. Применение права удержания в торговом обороте. //Вестник Московского университета. – 2002. - № 1.
76. Панкратов П.А., Козлова Н.В. Юридическое лицо как инструмент перераспределения собственности. //Вестник Московского университета. – 2002. - № 1.
77. Ломакин Д.В. Типы и виды акционерных обществ. //Вестник Московского университета. – 2002. - № 3.
78. Суханов Е.А. Понятие и виды ограниченных вещных прав. //Вестник Московского университета. – 2002. - № 3.
79. Конопьянова Г. Доверенности. // Мир закона. – 2000. - № 9.
80. Жумабекова Г. Некоторые проблемы эффективности залога как способа обеспечения исполнения обязательств. // Мир закона. – 2002. - № 3.
81. Искакбекова С. Понятие и виды недвижимого имущества. // Правовая реформа в Казахстане. – 2000. - № 4.
82. Ильясова К. Государственная регистрация прав на недвижимое имущество в правовом кадастре. //Правовая реформа в Казахстане. – 2000. - № 4.
83. Мамиев А. Проблемы гражданско-правовой ответственности государства. //Правовая реформа в Казахстане. – 2001. - № 1.
84. Искакбекова С. Предприятие как имущественный комплекс. // Мир закона. 2001. - № 4.
85. Батырбекова Г. Кәсіпкерлікті құқықпен қамтамасыз ету жүйесі. //Заң. – 2001. - № 9.
86. Рахимова Г. Азаматтық-құқықтық қатынастар. // Заң. – 1999. - № 6.
87. Бараненков В.В. Понятие юридического лица в современном гражданском праве России. // Государство и право. – 2003. – № 11.

88. Чигир В. О виндикации имущества у добросовестного приобретателя. // Юрист (каз.). – 2004. – № 10.
89. Грибанова В. Ликвидация в судебном порядке отсутствующих юридических лиц и отсутствующих должников. // Юрист (каз.). – 2004. – № 11.
90. Покровский Б.В. Избранные труды по гражданскому праву. – А., 2003.
91. Скрябин С. Недвижимое имущество по законодательству Казахстана.// Юрист (каз.). – 2004. – № 7.
92. Братусь Д. Частная собственность.// Юрист (каз.). – 2004. – № 7.
93. Скрябин С. Защита владения в гражданском праве РК. // Юрист (каз.). – 2004. – № 8.
94. Менглиев Ш. Имущественные права как объект права и правоотношения. // Юрист (каз.). – 2004. – № 8.
95. Суюмкулов Б. Правовые проблемы заключения договоров.// Мир закона. – 2004. - № 9–10.
96. Имашев Б. К вопросу о понятии и сущности банкротства.// Мир закона. – 2004. - № 9–10.
97. Амирханова И.В. Понятие убытков по Гражданскому кодексу РК. // Вестник КазГУ. Серия юридическая. – 2000. - № 2.
98. Темиргалиев М. понятие, виды и правовой статус информации по законодательству РК. // Правовая реформа в Казахстане. – 2003. - № 2.
99. Грешников И.П. Наименование организации со статусом юридического лица. //Правоведение. – 2003. - № 1.